Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАҒИДАЛАР ЖИНАҒЫ

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

СЕЙСМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАРДАҒЫ ҚҰРЫЛЫС

СТРОИТЕЛЬСТВО В СЕЙСМИЧЕСКИХ ЗОНАХ

ҚР ҚЖ 2.03-30-2017*
СП РК 2.03-30-2017*

Ресми басылым
Издание официальное

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан|Ахарибаева З. А.

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан

Астана 2025

ҚР ҚЖ 2.03-30-2017*
СП РК 2.03-30-2017*

АЛҒЫ СӨЗ

1	**ӘЗІРЛЕГЕН:**	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ
2	**ҰСЫНҒАН:**	Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3	**БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**	Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2017 жылғы «20» желтоқсанындағы № 312-НҚ бұйрығымен
4	**ОРНЫНА**	ҚР ҚНжЕ 2.03-30-2006
5	**ЖАҢА БАСЫЛЫМ**	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 28.02.2018 жылғы №44-НҚ, 01.07.2018 жылғы №171-НҚ, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2019 жылғы 5 маусымдағы №86-НҚ және 2021 жылғы 21 қазандағы №159-НҚ, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 08.04.2024 жылғы №51-НҚ және 13.05.2025 жылғы №71-НҚ бұйрықтарына сәйкес

ПРЕДИСЛОВИЕ

1	**РАЗРАБОТАН:**	АО «КазНИИСА»
2	**ПРЕДСТАВЛЕН:**	Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан
3	**ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:**	Приказом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 20 декабря 2017 года № 312-НҚ
4	**ВЗАМЕН**	СНиП РК 2.03-30-2006
5	**НОВОЕ ИЗДАНИЕ**	в соответствии с приказами Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан №44-НҚ от 28.02.2018 года, №171-НҚ от 01.08.2018 года, Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 5 июня 2019 года №86-НҚ и от 21 октября 2021 года №159-НҚ, Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан от 08.04.2024 года №51-НҚ и от 13.05.2025 года №71-НҚ

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ V
1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ ЖӘНЕ ШАРТТАРЫ 1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 2
3 ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР 3
4 ТАҢБАЛАР, ҚЫСҚАРТУЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕРІ 11
5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 13
6 ҚҰРЫЛЫС АЙМАҚТАРЫНЫҢ СЕЙСМИКАЛЫҚ ҚАУІПТІЛІГІ. ҚҰРЫЛЫС АЛАҢДАРЫНЫҢ ТОПЫРАҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖӘНЕ СЕЙСМИКАЛЫҚ ҚАУІПТІЛІГІ 15
6.1 Аймақтардың сейсмикалық қауіптілігі 15
6.2 Құрылыс алаңдарының сейсмикалық қасиеттері бойынша топырақ жағдайлары 16
6.3 Құрылыс алаңдарының сейсмикалық қауіптілігі 18
6.4 Құрылыс алаңдарын таңдау 21
7 ЕСЕПТІК СЕЙСМИКАЛЫҚ ЖҮКТЕМЕЛЕР 22
7.1 Жалпы ережелер 22
7.2 Ғимараттар мен имараттардың есептік модельдері 24
7.3 Есептік сейсмикалық жүктемелерді спектрік әдіспен анықтау 25
7.4 Ғимараттардың және имараттардың жауапкершілік класы. Жауапкершілік коэффициенті 26
7.5 Есептік реакциялардың спектрі 29
7.6 Мінез-құлық коэффициенті 32
7.7 Жоспардағы ғимараттың кездейсоқ бұралуының әсері 35
7.8 Сейсмикалық әсердің әсерін анықтау 36
7.9 Сейсмикалық әсер компоненттерінің модальды реакцияларының комбинациясы 37
7.10 Ғимараттардың күш түспейтін элементтеріне есептік сейсмикалық жүктемелер 38
7.11 Ғимараттар қабаттарының көлденең қисаюын тексеру 41
7.12 Екінші түрдің әсерін есепке алу 42
8 БЕРІКТІК ПЕН ОРНЫҚТЫЛЫҚҚА ЕСЕПТЕУ 43
9 ТҰРҒЫН, ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҒИМАРАТТАР 45
9.1 Жалпы ережелер 45
9.2 Жертөлелердің іргетастары және қабырғалары 48
9.3 Аражабындар мен жабындар 49
9.4 Күш түспейтін қоршау қабырғалары және аралықтар 51
9.5 Монолитті темірбетоннан жасалған күш түсетін қабырғалары бар ғимараттар 53
9.6 Қаңқалы ғимараттар 55
9.7 Темірбетон қабырғалары және аражабындары бар ірі панелді ғимараттар 56
9.8 Темірбетонды көлемді блоктардан жасалған ғимараттар 58
9.9 Кірпіш (тас) қалауынан жасалған күш түсетін және өздігінен күш түсетін қабырғалары бар ғимараттар 59
10 ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРЫН ЖОБАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 65

11 БОЛАТ КОНСТРУКЦИЯЛАРЫН ЖОБАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 66
12 ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРІП ЖАТҚАН ҒИМАРАТТАРДЫҢ СЕЙСМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ 67
А қосымшасы (міндетті) Аймақтардың сейсмикалық қауіптілігі баллмен және үдеулермен көрсетілген Қазақстан Республикасы аумағын жалпы сейсмикалық аймақтандыру карталарыАймақтардың сейсмикалық қауіптілігі баллмен және үдеулермен көрсетілген Қазақстан Республикасы аумағын жалпы сейсмикалық аймақтандыру карталары..... 72
Б қосымшасы (міндетті) Сейсмикалық қауіптілік баллмен және үдеулермен көрсетілген, сейсмикалық аймақтарда орналасқан, Қазақстан Республикасы елді-мекендерінің тізімі . 78
В қосымшасы (анықтамалық) Аспаптық, жасанды немесе синтезделген акселерограммаларды қолдана отырып сейсмикалық әсерлерді сипаттау 89
Г қосымшасы (міндетті)Ғимараттар мен имараттардың есептік модельдеріндегі темірбетон және тас конструкцияларының қаттылық сипаттамасы..... 94
Д қосымшасы (анықтамалық) Топырақ негізді ғимараттар немесе имараттардың өзара әрекеттесуін есепке алғандағы топырақтың баламалы серпімді қаттылығының параметрлері 95
Е қосымшасы (анықтамалық) Топырақ жағдайларының әр түрлері бар құрылыс алаңы үшін есептік үдеулерді a_g көрсете отырып, сейсмикалық аймақтарда орналасқан Қазақстан Республикасының елді мекендерінің тізімі..... 99
Ж қосымшасы (міндетті) Тұрақтылық бойынша ғимараттарды жіктеу..... 109
И қосымшасы (анықтамалық) Ғимарат қабаттарының көлденең қисаюын анықтау..... 113

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан|АКЕНБАЕВ З. А.

КІРІСПЕ

Осы «Сейсмикалық аймақтардағы құрылыс» Қағидалар жинағы Қазақстан Республикасы аумағын жалпы сейсмикалық аудандастырудың жаңа карталарының қолданысқа енгізілуіне байланысты жасалған «Сейсмикалық аудандардағы құрылыс» ҚР ҚНжЕ 2.03-30-2006 өзектендірілген редакциясы болып табылады.

Қағидалар жинағы сейсмикалық аймақтардағы ғимараттар мен имараттарды жобалау мен салу тәртібін реттейтін нормативтік құжаттар жүйесіндегі негізгі құжат болып табылады.

Осы Қағидалар жинағының қандай да бір ережесінен ауытқу мүмкіндігі көзделген жағдайда, бұл қағида «ереже бойынша» немесе «ұсынылады» сөздерімен қоса жүреді.

«Ереже бойынша» сөздері осы қағиданың басым болып табылатынын білдіреді, ал олардан ауытқу негізделген болуы тиіс.

Ұсынылатындарға құрылыстың (өндірістің) нақты жағдайларына сәйкес өзгертілуі мүмкін қағидалар жатады.

ҚР ҚНжЕ 2.03-30-2006 әзірлеуге т.ғ.д. Т.Ж. Жунусов, т.ғ.д. А.А. Кулибаев, т.ғ.к. М.У. Ашимбаев, т.ғ.д. А.А. Беспаев, инж. Е.Г. Бучацкий, т.ғ.к. И.Е. Ицков, ф-м.ғ.д. Н.Н. Михайлова, инж. А.С. Таубаев, т.ғ.к. Ю.Г. Шахнович, г-м.ғ.к. В.М. Белослюдцев, г-м.ғ.к. В.В. Подколзин, т.ғ.к. Ю.М. Максимов, т.ғ.к. Г.М. Остриков, г-м.ғ.д.А.К. Курскеев, г-м.ғ.д. А.К. Тимуш, т.ғ.д. В.И. Шацилов қатысты.

Қағидалар жинағын әзірлеуге т.ғ.д. М.С. Абаканов (жұмыстың жетекшісі), т.ғ.к. И.Е. Ицков (жауапты орындаушы), т.ғ.д. А.А. Беспаев (8-бөлім), инженер П.А. Ли қатысты.

Қазақстаннның сейсмикалық генерациялау аймақтарының картасы «Сейсмология институты» ЖШС-мен (т.ғ.д. Т.Д. Абаканов, ф-м.ғ.к. А.Б. Ли, ф-м.ғ.д. А.Б. Садыкова, ф-м.ғ.д. Н.П. Степаненко) әзірленген.

Қазақстан Республикасы аумағының жалпы сейсмикалық аудандастыру карталарының жиынтығы және Қазақстан Республикасының сейсмикалық аймақтарында орналасқан елді мекендердің тізімі «Сейсмология институты» ЖШС-мен (т.ғ.д. Т.Д. Абаканов, ф-м.ғ.к. А.Б. Ли, ф-м.ғ.д. А.Б. Садыкова, ф-м.ғ.к. Н.В. Силачева) «ГЗИ» РМК (ф-м.ғ.д. Н.Н. Михайлова) және «ҚАЗҚСҒЗИ» АҚ (т.ғ.к. Ицков И.Е.) қатыуымен әзірленген.

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан(Акарисова З.)

БЕЛГІ ҮШІН

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан|АКарибаева З. А.

ҚР ҚЖ 2.03-30-2017*
СП РК 2.03-30-2017*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАҒИДАЛАР ЖИНАҒЫ
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

СЕЙСМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАРДАҒЫ ҚҰРЫЛЫС

СТРОИТЕЛЬСТВО В СЕЙСМИЧЕСКИХ ЗОНАХ

Енгізілген күні –2017-12-20

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ ЖӘНЕ ШАРТТАРЫ

1.1 Осы Қағидалар жинағын есептік сейсмикалығы 7, 8, 9 және 10 балл алаңдарда салынатын немесе орналасқан ғимараттарды және имараттарды салу, қайта құру, күшейту және қалпына келтіру жобалау құжаттамасын әзірлеуде сақтау керек.

Ескертпе – «Ғимараттар және имараттар» сөз тіркесі осы Қағидалар жинағында «ғимараттар және басқа да инженерлік имараттар» ретінде түсініледі.

1.2 Осы Қағидалар жинағы ғимараттарға және имараттарға қойылатын талаптарды белгілейді, онда артудың берілген ықтималдығымен болжанылатын сейсмикалық ықпалдарда ғимараттар мен имараттардың қалыпты пайдаланылуын қиындататын немесе адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде оның уақытша тоқтатылуын талап ететін жеке элементтердің бүлінуі болуы мүмкін.

1.3 Осы Қағидалар жинағының негізгі мақсаттары:

– жер сілкінісі кезінде адамдардың өмірін қорғау;

– жер сілкіністерінен зиянды шектеу;

– халықтың азаматтық қорғанысы үшін маңызды ғимараттардың және имараттардың пайдаланушылық сапасын жер сілкіністерінен кейін сақтауды қамтамасыз ету болып табылады.

1.4 Осы Қағидалар жинағы көліктік және гидротехникалық имараттарды, сондай-ақ бүлінулері жер сілкінісі кезінде қауіпті экологиялық салдарды туындатуы мүмкін объектілерді жобалауға және салуға қойылатын талаптардан тұрмайды.

1.5 Осы Қағидалар жинағы:

а) магнитудасы 7,5 және одан көп жер сілкінісі ошақтарының туындау аймақтарында (ЖСОТ аймақтары) және/немесе күндізгі беттегі тектоникалық жарықшалардың болуы мүмкін учаскелерде орналасқан;

б) габариттік өлшемдер, көлемді-жоспарлы және конструктивтік шешімдері осы Қағидалар жинағының ережелеріне сәйкес келмейтін;

в) тұрғысында және биіктігі бойынша шамадан тыс жүйесіз конструктивтік жүйелері бар;

г) сейсмикалық қорғаныстың жаңа конструктивтік жүйелері, шешімдері, материалдары және арнайы жүйелері бар объектілерді жобалауға және салуға қолданылмайды.

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан|АК Кабаева А.А.

Ресми басылым

1.6 1.5-тармақта атап көрсетілген объектілерді жобалау және салу, маңыздылығы екінші деңгейдегі объектілерді қоспағанда, (осы Ережелер жинағының 7.2-кестесін қараңыз), мамандандырылған ғылыми-зерттеу ұйымдарымен әзірленген, арнайы техникалық шарттарға сәйкес жүзеге асырылуы керек *(Жаңартылған редакция, 01.08.2018 жылғы №171-НҚ бұйрық)*.

1.7 Осы Қағидалар жинағына қосымша жасалатын құжаттардың ережелері (аумақтық құрылыс нормалары, құралдар, ұсынымдар, стандарттар, техникалық шарттар және б.) осындай қосымшалар тиісті түрде негізделген және тексерілген жағдайларды қоспағанда оның ережелеріне қайшы келмеуі тиіс.

1.8 Осы Қағидалар жинағынан басқа ғимараттарды және имараттарды жобалау, салу және пайдалану кезінде мына шарттар сақталуы керек:

– конструктивтік жүйені таңдау және ғимараттар мен имараттарды есептеу тиісті білімге және тәжірибеге ие мамандармен орындалуы тиіс;

– ғимараттарды немесе имараттарды салу тиісті дағдысы және тәжірибесі бар қызметкерлермен жүзеге асырылуы тиіс;

– сапаны қадағалау және бақылау конструкцияларды зауыт жағдайында және алаңда дайындауды қоса алғанда жобалау мен имараттың барлық кезеңдерінде жүзеге асырылуы тиіс;

– қолданылатын құрылыс материалдары және бұйымдары тиісті материалдарға, бұйымдарға және жұмысты жүргізуге арналған стандарттардың талаптарына сәйкес келуі тиіс;

– ғимарат немесе имарат тиісті дәрежеде ақаусыз жағдайда болуы тиіс;

– ғимарат немесе имарат жобалау құжаттамасына сәйкес келетін функционалдық мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс;

– құрылыс барысында және ғимараттарды немесе имараттарды ары қарай пайдалану кезінде, онда қандайда бір өзгертулер енгізілмеуі тиіс, осындай өзгертулер тиісті түрде негізделмеген және тексерілмеген жағдайларды қоспағанда.

1.9 Есептік жүктемелердің және жоба авторларының және/немесе тапсырыс берушінің қарауы бойынша осы Қағидалар жинағымен көзделген конструктивтік іс-шаралардың деңгейі артуы мүмкін.

1.10 Ғимараттар мен имараттардың жаңа конструктивтік жүйелері, сондай-ақ жаңа материалдар мен конструкциялар, оларды құрылыста қолданғанға дейін тиісті сараптамалық тексеруден өтуі тиіс.

1.11 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік органмен анықталған объектілерде инженерлік-сейсмометриялық станцияларды орнату көзделу керек. Сейсмометриялық аппаратураны сатып алу, сондай-ақ оны орнату бойынша жобалау және құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау шығындары аталған объектілердің құрылысына арналған сметаларда көзделуі тиіс.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Қағидалар жинағында (ҚЖ) мына нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

ҚР ҚН 2.03-28-2004 «Жер сілкіністерінің қарқындылығын бағалау шкаласы MSK-64

(К)»

ҚНжЕ 2.01.07-85* «Жүктемелер және әсер ету».

ҚНжЕ 2.03.01-84* «Бетон және темірбетон конструкциялар».

ҚР ҚНжЕ 5.01-01-2002 «Негізгі ғимараттар және имараттар».

ҚР ҚНжЕ 5.01-03-2002 «Қада іргетастары».

ҚР ҚНжЕ 5.02-02-2010 «Тас және армотас конструкциялар».

ҚР ҚНжЕ 5.03-34-2005 «Бетон және темірбетон конструкциялар. Негізгі ережелер».

ҚР ҚНжЕ 5.04-23-2002 «Болат конструкциялар. Жобалау нормалары».

Ескертпе – Осы Қағидалар жинағын пайдаланғанда, ағымдағы жылдың жағдайы бойынша жыл сайын жасалатын «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізімі», «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарының нұсқаулығы» және «Мемлекетаралық нормативтік құжаттардың нұсқаулығы» ақпаратты сілтеме құжаттардың әрекетін мақсатқа сай тексеру. Егер сілтеме құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативті қолданғанда ауыстырылған (өзгертілген) құжаттарды басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырылмастан жойылған болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлімде қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Осы Қағидалар жинағында мына терминдер және олардың анықтамалары қабылданған.

Ескертпе – Кейбір төменде келтірілген ҚЖ мәтініндегі терминдер және анықтамалар пайдаланылмайды, бірақ сейсмикалық төзімді ғимараттар мен имараттардың конструкцияларын жасау және есептеуге қатысты түсініктердің бірлігін қамтамасыз етеді.

3.1 **Акселерограмма** – топырақ қозғалысының уақыттағы үдеуін, құрылымын немесе конструкцияларын сипаттайтын тәуелділік (график түріндегі немесе сандық нысандағы).

3.2 **Аспапты акселерограмма** – нақты жер сілкінісінде құралды тіркеген топырақ қозғалысының уақыттағы үдеуін немесе құрылымын сипаттайтын тәуелділік.

3.3 **Жасанды акселерограмма** – үдеулердегі реакциялардың берілген спектрымен және олар ретінде ұзақтылығы, иілу пішіні және жиілік құрамы қаралатын сейсмикалық процестің кейбір басқа сипаттамаларымен келісілетін топырақ қозғалысының уақыттағы үдеуінің өзгеру процесін сипаттайтын жасанды түрде құрылған тәуелділік.

3.4 **Синтезделген акселерограмма** – сейсмогенді көздің механизмін және сейсмикалық толқындардың таралу жолдарын моделдеу арқылы аналитикалық түрде алынған акселерограмма.

3.5 **Амплитуда** – тербеліс циклінде қаралатын «нөлдік» жағдайдан ауыспалы өлшемнің (үдеу, жылдамдық, жылжу) ең үлкен ауытқуы.

3.6 **Шыңды амплитуда** – қаралатын уақыт аралығындағы тербелетін өлшем экстремумының ең үлкен абсолютті мәні.

3.7 **Сейсмикаға қарсы іс-шаралар** – белгілі, регламенттелетін нормаларды, сейсмикалық төзімді имараттар деңгейін қамтамасыз ететін талаптарды орындауға негізделген конструктивтік және жоспарлау шешімдерінің жиынтығы.

3.8 **Балл** - ғимараттар мен имараттардың мінез-құлқына, жер бетіндегі өзгерістерге, топыраққа және т.б. өзгерістерге негізделген жер сілкінісінің қарқындылығының макросейсмикалық сипаттамалы шкаласын пайдаланып, жер бетіндегі нақты жердегі жер сілкінісінің макросейсмикалық қарқындылығын сандық бағалауға арналған шартты шама.

3.9 **Көлденең толқындар** – көлденең толқындарға қарағанда баяу таралатын және көлденең толқынның бағытына қарай таралатын көлденең қозғалыстардан тұратын толқындар.

3.10 **Бойлық толқындар** – тербелістері бойлық бағытқа қарай таралатын толқындар (орта бөлшектерінің жылжу бағытына сәйкес келеді).

3.11 **Қалпына келтіру –** жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу, оның нәтижесінде бүлінулердің пайда болу алдындағы деңгейге дейін конструкциялардың (ғимараттардың) тіреу қабілеті қалпына келтіріледі.

3.12 **Икемді қабат –** көлденең қаттылығы жоғары орналасқан қабат қаттылығынан кемінде 70 % немесе үш жоғары орналасқан қабаттың орташа қаттылығының кемінде 80% құрайтын ғимарат қабаты.

3.13 **Конструктивтік жүйенің басты бағыттары –** тұрғыдан алғандағы конструктивтік жүйе инерциясының басты орталық өстерінің бағыттарына сәйкес келетін көлденең ортогоналды бағыттары.

3.14 **Тік қаттылық диафрагмасы –** тиісті есептердің нәтижелері бойынша жобаланған және ғимарат жүйесіндегі көлденең жүктемелерді қабылдау бойынша функцияларды орындайтын тік байланыстардың қабырғасы немесе жүйесі.

3.15 **Көлденең қаттылық диафрагмасы** – тиісті есептердің нәтижелері бойынша жобаланған және сейсмикалық жүктемелерді қабылдайтын тік элементтерге көлденең жүктемелерді беру үшін тағайындалған көлденең конструкциялар (мысалы, қабырғааралық жабын).

3.16 **Жер сілкінісі** – ішкі жерлік процестермен туындаған жер бетінің сілкінуі.

3.17 **Артықтық** (немесе резервке қою) – қордың конструктивтік жүйесінің сейсмикалық ықпалдарға қарсыласуының болуы. Кейбір оның элементтері қатардан шыққан жағдайда, минимал қажеттілерді толықтыратын резервтік жолдар бойынша сейсмикалық жүктемелерді қайта бөлу конструктивтік жүйесінің қабілетінде байқалады.

3.18 **Сейсмикалық әсер етудің қарқындылығы –** сейсмикалық қарқындылықтың шкаласы MSK-64 (K) немесе үдеулердің ең жоғарғы амплитудасы бойынша тұтас сандық баллдарда байқалатын сейсмикалық ықпалдардың өлшемі.

3.19 **Жер сілкіністері ошақтарының туындау аймақтары (ЖСОТ аймақтары)** – жер сілкіністерінің көздері болып табылатын жер қыртысының және жердің жоғарғы мантиясының сейсмикалық белсенді құрылымы.

3.20 **Күрделі жөндеу – ғимараттың** (немесе ғимарат бөлігінің) пайдаланылатын ресурсын қалпына келтіру мақсатында, сондай-ақ оның пайдаланушылық сапасын жақсарту үшін орындалатын іс-шараларды жүргізу. Күрделі жөндеу кезінде: пайдалану кезінде конструкцияларда туындайтын жарамсыздықтарды және ақауларды жоюды жүзеге асырады; ішкі және сыртқы әрлеуді, қоршау конструкцияларының жылу техникалық сапаларын, шатырдың гидрооқшаулау қасиеттерін қалпына келтіру немесе жақсырту; инженерлік жабдықтардың немесе оны ауыстыру және т.б жарамсыздықтарын жою.

3.21 **Жалпы сейсмикалық аудандастыру карталары (ЖСА)** – топырақтың ең үлкен үдеулеріндегі және сейсмикалық қарқындылық шкаласы MSK-64 (K) бойынша баллдарда берілген түрлі әлеуетті сейсмикалық қауіптілігі, ықтимал бағалары бар аймақтар бөлінген шағын ауқымға қатысты елдің барлық аумағы үшін жасалған карталар.

3.22 **Сейсмикалық шағын аудандастырылған карталар (США) –** жергілікті сейсмикалық тектоникалық, инженерлік-геологиялық жағдайлардың және топографиялық әсерлердің Жер бетінің қозғалу параметрлеріне әсер етуін ескере отырып, салынып жатқан аумақтар (елді мекендер, өнеркәсіптік объектілер) үшін жасалған карталар. США карталары ЖСА карталарында келтірілген мәліметтерді анықтайды және талдап тексереді.

3.23 **Кешенді конструкция –** кірпішті, бетон блоктарын немесе басқа жасанды немесе жасанды тастарды қолдана отырып орындалған және жиектерді (қаңқаны) құрамайтын темірбетон қосылыстарымен күшейтілген қалаудан жасалған қабырғалы конструкция.

3.24 **Конструкция (конструктивтік элемент)** – конструктивтік жүйенің физикалық ажыратылатын бөлігі, мысалы, арқалық, бағана, қабырға.

3.25 **Конструктивтік жүйе** – оның беріктігін, қаттылығын және орнықтылығын қамтамасыз ететін ғимараттың немесе имараттың өзара байланысқан конструкцияларының жиынтығы.

3.26 **Қаңқалы конструктивтік жүйелер –** аражабындардан (ригелсіз немесе ригелді) жүктеме берілетін қаңқа бағанасы болып табылатын негізгі тік тіреу конструкцияларының жүйелері. Қаңқалы ғимараттардың беріктігі, орнықтылығы және кеңістіктік қаттылығы аражабындардың және тік конструкциялардың ортақ жұмысымен қамтамасыз етіледі. Конструктивтік жүйелердің беріктігін, орнықтылығын және қаттылығын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын тік конструкциялардың үйлесуіне байланысты жиекті, байланыстырғыш және жиекті-байланыстырғыш қаңқалы жүйелер ажыратылады:

жиекті қаңқа – тік және көлденең жүктемелердің барлық жиынтығын қабылдайтын олардың түйісулерінің барлық немесе кейбір қатты (иілу сәттерін қабылдай алатын) түйіндері бар бағаналар мен ригелдердің кеңістіктік жүйесі;

жиекті-байланыстырғыш қаңқа – жиекті қаңқа және қаттылық тік диафрагма түріндегі кеңістікті жүйе, онда тік жүктемелер, ең алдымен жиелік қаңқаны қабылдайды және негізге береді, ал көлденең жүктемелер ортақ тік қаттылық диафрагмаларын және қаңқаны қабылдайды;

байланыстырғыш қаңқа – ригелдердің қатты емес немесе қатты түйіндермен қосылыстарының ригелсіз немесе ригелді түрдегі кеңістіктік жүйесі, онда тік жүктемелер, ең алдымен қаңқа бағаналарын қабылдайды және негізге береді, ал көлденең жүктемелер қаттылықтың тік диафрагмаларын қабылдайды;

қаттылық ядросы бар қаңқа (қаңқалы-бағанды жүйе) – Қаңқа қаттылық ұңғымасын немесе ядросын (тұрғысынан алғанда тұйық нысандағы тік кеңістіктік қаттылық элементтерін) салып бітіру түрінде орындалатын байланыстырғыш, жиекті-байланыстырғыш немесе қаңқалы-қабырғалы конструктивтік жүйе.

3.27 **Қаңқалы-қабырғалы конструктивтік жүйе –** қабырғалары кемінде 60 % тік жүктемелерді және кемінде 80 % көлденең жүктемені қабылдайтын және негізге беретін

қаңқа (ригелсіз немесе ригелді) және тіреу қабырғалары түріндегі кеңістіктік конструктивтік жүйе.

3.28 **Қабырғалы конструктивтік жүйелер** – тік және көлденең жүктемелердің барлық жиынтығын қабылдайтын аражабындардың көлденең дискілерімен ортақ жұмыс істеу үшін біріктірілген тіреу қабырғаларынан жасалған кеңістіктік конструкциялық жүйелер. Ғимарат тұрғысынан алғандағы тіреу қабырғалардың орналасу схемаларына және оларға аражабындардың сүйену сипатына байланысты айқас-қабырғалы, көлденең-қабырғалы және бойлық-қабырғалы конструктивтік схемалар ажыратылады:

айқас-қабырғалы – оларға аражабындар контур немесе үш жағы бойынша сүйенетін көлденең және бойлық тіреу қабырғалары бар кеңістіктік конструктивтік схема;

көлденең-қабырғалы – аражабындардан және тіреу қабырғаларынан түсетін тік жүктемелер негізінен көлденең тіреу қабырғаларына берілетін, ал аражабын тақталары арқалық схемасы бойынша жұмыс істейтін конструктивтік схема; көлденең қабырғалардың бағытында әрекетт ететін көлденең жүктемелер осы қабырғалармен қабылданады; көлденең қабырғаларға перпендикуляр әрекет ететін көлденең жүктемелер баспалдық торлардың бойлық қабырғалары, сондай-ақ бойлық сыртқы және ішкі қабырғалардың учаскелері қызмет етуі мүмкін;

бойлық-қабырғалы – аражабындардан және тіреу қабырғаларынан түсетін тік жүктемелер негізінен бойлық тіреу қабырғаларына берілетін, ал аражабын тақталары басымдықпен арқалық схемасы бойынша жұмыс істейтін конструктивтік схема; бойлық қабырғалардың бағытында әрекет ететін көлденең жүктемелер осы қабырғалармен қабылданады; баспалдық торларының бойлық қабырғаларына, сондай-ақ бойлық сыртқы және ішкі қабырғалар учаскелеріне қызмет етуі мүмкін көлденең қаттылық диафрагмаларымен қабылданады.

3.29 **Аударылған маятник түріндегі конструктивтік жүйе** – оның 50 % массасының немесе биіктігінің жоғарғы үштен бір бөлігінен көп болатын жүйе, немесе оның энергия диссипациясы негізінен оның төменгі бөлігінде болатын бір массалы жүйе.

Ескертпе - Аударылған маятник түріндегі конструктивтік жүйелерге бір қабатты қаңқалары жатпайды, олардың бағаналары жоғары жағынан ортақ жұмыс үшін біріктіріледі немесе бағаналардағы нормаланған остік күштің мәні v_d 0,3 артады.

3.30 **Конструктивтік схема** – құрам белгілері және оның негізгі тіреу конструкцияларын орналастыру бойынша ғимарат немесе имараттың конструктивтік жүйесінің нұсқасы.

3.31 **Ғимараттың немесе имараттың конфигурациясы** – сыртқы келбет, сондай-ақ сейсмикалық ықпалдар кезінде оның жұмысына әсер ететін ғимараттың және имараттың тұрғысынан алынған және биіктігі бойынша тіреу және тіреу емес элементтердің өзара орналасуы.

3.32 **Жауапкершілік коэффициенті –** жер сілкінісі кезінде құрылыстың тоқтау салдарының қауіптілігін ескеретін коэффициент.

3.33 **Мінез-құлық коэффициенті –** Материалдың, конструктивтік жүйенің желілі емес жұмысымен және жобалаудың қабылданған әдістемесінің ерекшеліктерімен белгіленген имараттардың желілі емес реакциясын есепке алу мақсатында, желілі

есептеудің нәтижесінде белгілі болған күштерді азайту үшін пайдаланылатын кему коэффициенті.

Ескертпе – Мінез-құлық коэффициенті q сейсмикалық жүктемелер арақатынасының шамаланған мәнін білдіреді, ол оның сейсмикалық жүктемелерге толығымен серпінді реакциясында және 5 % тұтқыр демпфирленуінде ғимаратқа немесе имаратқа әсер етеді, олар желілі-серпінді есептеу нәтижелеріне негізделген жобалауда қолданылуы мүмкін. Мінез-құлық коэффициентінің мәні q желілі емес ақау саласындағы сейсмикалық ықпалдарға қарсы тұрудың конструктивтік жүйелерінің қабілетін сипаттайды және сейсмикалық ықпалдар кезінде олардың желілі емес жай-күйін есепке алу дәрежесін анықтайды.

3.34 **Иірмелі-икемді конструктивтік жүйе –** айналдыруда жеткілікті қаттылыққа ие жүйе. Иірмелі-икемді конструктивтік жүйелерге тербелістің бірінші формасы тұрғыдан алғанда айналдырылатын болып келетін жүйелер жатады.

3.35 **Модаль массасы** – і-ші нысаны (үлгі) бойынша оның өзіндік тербелістер кезіндегі конструктивтік жүйенің жалпыланған (тиімді) массасы. Консолды есептік схемалар үшін модалдық массаның M_i өлшемі мына формула бойынша анықталуы мүмкін

$$M_i = \frac{\left[\sum_{k=1}^{n} m_k U_{ik}\right]^2}{\sum_{k=1}^{n} m_k U_{ik}^2}$$

мұнда m_k – жүйенің динамикалық моделінің k түйініне жинақталған масса;

n –массалардың жалпы саны;

U_{ik} – i-ші форма бойынша өз тербелістері кезінде k түйініндегі жүйенің жылжуы.

Әр бағыт бойынша модаль массасының сомасы конструктивтік жүйенің жалпы массасына тең.

3.36 **Тас-монолитті қабырға:**

I үлгі – үш қабатты қабырға, сыртқы қабаты кірпіш (тас) қалаудан орындалады және, арматураланған монолитті бетоннан жасалған ішкі күш түсетін қабатты орындауда алынбайтын қалып ретінде пайдаланылады;

II үлгі – үш қабатты қабырға күш түсетін сыртқы қабаттары және ішкі жылуоқшаулағыш қабаты. Сыртқы қабырға қабаты қуыстығы 50 % кем емес бетонды блоктардан орындалады, алынбайтын қалау ретінде қолданылады, арматураланатын монолитті бетонмен толтырылады. Қабырғалардың ішкі қабаты жылу оқшаулағыш болып келеді. Күш түсетін сыртқы қабырға қабатының жүктемемен байланысы ішкі жылуоқшаулағыш қабатпен (егер ол жеткілікті беріктілік пен қаттылыққа ие болса) және/немесе арнайы байланыстармен қамтамасыз етіледі

(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 08.04.2024 ж. №51-НҚ бұйрық).

3.37 **Күш түсетін конструкциялар** – тұрақты, уақытша және ерекше жүктемелерді қабылдайтын және ғимараттардың және имараттардың беріктігін, қаттылығын және орнықтылығын қамтамасыз ететін имарат конструкциялары.

3.38 **Жаңа конструктивтік жүйелер, жаңа материалдар мен конструкциялар –** сейсмикалық ықпалдарға қарсыласатын жеткіліксіз зерделенген қабілеті бар алғашқы рет қолданылатын имараттағы конструктивтік жүйелер, материалдар және конструкциялар.

3.39 **Созылымдылық –** қирамайтын серпімді емес ақауларға конструкциялардың қабілеттілігі. Пластикалық деформацияланбайтын конструкциялар серпімді деформация процесінде сейсмикалық тербелістердің энергиясын таратады.

3.40 **Тең беріктік қағидаты –** конструктивтік жүйелердің барлық тіреу элементтеріне сәйкес жобалау қағидаты оларда туындаған күштерге қатысты беріктіктің бірдей қорларына ие болуы тиіс.

3.41 **Топырақтың сиреуі –** сыртқы ықпал бойынша ағымдағы жағдайдағы сумен қаныққан ұнтақ топыраққа көшу.

3.42 **Белсенді опырылу –** кешеуілдеп қалған плейстоцендегі, голоцендегі (соңғы 100000 жыл) опырылған бүйірлердің тұрақты немесе оқтын-оқтын белгілері бар тектоникалық бұзылулар, олардың өлшемдері (жылдамдықтары) ғимараттар мен имараттар үшін қауіпті.

3.43 **Сейсмикалық генерациялайтын опырылу –** жер сілкіністерінің мүмкін ошақтарына байланысты тектоникалық опырылу.

3.44 **Тектоникалық опырылу –** тау жыныстарының тектоникалық қозғалыстарында және түрленулерінде пайда болған жер қыртысындағы ажыраулар, жарықшалар.

3.45 **Есептелген сейсмикалық жағдай** - сейсмикалық әсер ету жағдайында ғимараттар немесе имараттар үшін төтенше жағдайларды ескеретін жобалық жағдай.

3.46 **Имаратты пайдаланудың есептік мерзімі –** тиісті техникалық қызмет көрсету кезінде, бірақ күрделі жөндеусіз, өзінің функционалдық мақсатына сәйкес пайдалануға жарамды имарат және оның бөлігінің ішіндегі уақыт кезеңі.

Көптеген елдердің қазіргі нормаларында имараттарды пайдаланудың есептік мерзімі, егер олар уақытша имараттарға немесе жоғары жауапкершіліктегі монументалды және арнайы объектілерге жатпайтын болса, 50 жылға тең деп қабылданады.

3.47 **Қайта құру (реконструкция)** – ғимараттың негізгі техника-экономикалық көрсеткіштерін өзгерту (пайдаланылатын көлемнің немесе алаңның, сыйымдылықтың, өткізу қабілетінің артуы) немесе оның функционалдық мақсатының өзгерту мақсатында орындалатын жұмыстарды жүргізу. Ғимаратты реконструкциялау қажет болған кезде конструкцияларды күшейту немесе қалпына келтіру бойынша іс-шаралармен сүйемелденеді.

3.48 **Референттік мән** – шынайы мәнге айрықша жуық етіп қаралатын мән.

3.49 **Уақыттың референттік кезеңі** – ауыспалы өлшемдерді және кездейсоқ ықпалдарды статикалық бағалау үшін тағайындалған уақыт аралығы.

3.50 **Жоғары ростверкі бар қадалы іргетас –** ростверк табаны топырақ бетінен едәуір жоғары орналасқан қадалы іргетас.

3.51 **Сейсмикалық қарқындылық –** Жер бетінде жер сілкінісінің біліну қарқындылығын сипаттайтын көрсеткіш. Сейсмикалық қарқындылық топырақ қозғалысының (үдеу, жылдамдық, жылжу) сейсмикалық қарқындылық және/немесе кинематикалық параметрлеріндегі шкала бойынша баллдарда бағаланады.

3.52 **Сейсмикалық қауіптілік –** қаралатын аумақтағы сейсмикалық ықпалдарының пайда болу қатері. Сейсмикалық қауіптілік кеңістікте, уақытта (белгілі бір уақыт аралығындағы жиілік немесе ықтималдық) және қарқындылық (топырақ

қозғалыстарындағы баллдарда немесе кинематикалық параметрлерде) бойынша анықталады.

3.53 **Сейсмикалық жүктеме –** сейсмикалық ықпалдар кезінде имаратқа әсер ететін екпінді күштер.

3.54 **Сейсмикалық әсер ету** – имарат және табиғи объектілердің қозғалысын, түрленуін, бүлінуін немесе бұзылуына себепші болатын табиғи немесе техногенді факторлармен (жер сілкіністері, жарылыстар, көлік қозғалысы, өнеркәсіптік жабдықтың жұмысы) туындаған топырақ қозғалысы.

3.55 **Құрылыс аймағының сейсмикалығы –** орташа топырақ жағдайлары бар учаскелер үшін артудың берілген ықтималдықпен болжанатын сейсмикалық қарқындылық шкаласы бойынша бүтін санды баллдарда көрсетілген имарат аймағының сейсмикалық қауіптілігі.

3.56 **Құрылыс алаңының сейсмикалығы –** сейсмикалық ықпалдар параметріне жергілікті сейсмикалық тектоникалық, инженерлік-геологиялық жағдайлардың және топографиялық әсерлердің әсер етуін ескере отырып, артудың берілген ықтималдығымен болжанатын сейсмикалық қарқындылық шкаласы бойынша бүтін санды баллдарда көрсетілген имарат аумағының сейсмикалық қауіптілігі.

3.57 **Имарат алаңының есептік сейсмикалығы–** ғимараттар мен имараттарды жобалау кезінде қабылданған сейсмикалық қарқындылық шкаласы бойынша бүтін санды баллдардағы имарат алаңының сейсмикалығы.

3.58 **Сейсмикалық қатер –** аумақтың сейсмикалық қауіптілігіне және ғимараттар мен имараттардың осалдығына сәйкес мүмкін жер сілкіністерінен әлеуметтік-экономикалық зиянның болуы ықтималдығы.

3.59 **Ғимараттар мен имараттардың сейсмикалық қауіпсіздігі –** адамдардың қауіпсіздігі үшін тікелей қауіп-қатерді білдіретін сейсмикалық ықпалдарды бүлінулерсіз және қирауларсыз қалдыратын ғимараттардың және имараттардың қабілеті. Сейсмикалық қауіпсіз ғимараттарға жөндеу жарамдығы, ары қарай пайдалану мүмкіндігі, жабдықты және т.б. сақтауды қамтамасыз ету бойынша талаптар қойылмайды.

3.60 **Ғимараттар мен имараттардың сейсмикалық төзімділігі –** қолданыстағы нормалардың ережелерімен көзделген шектерде өзінің пайдалану сапасын сақтай отырып, ғимараттар мен имараттардың сейсмикалық ықпалдарды көшіру қабілеті.

3.61 **Конструкциялардың қарсыласуы –** механикалық бұзылуларсыз (тоқтау) ықпалдарға қарсы тұра алатын конструкциялардың қабілеті.

3.62 **Спектрлі немесе модалды-спектрлі әдіс –** ғимарат немесе имараттың өз тербелістерінің пішінін немесе есептік реакциялардың спектрін ескере отырып орындалатын талдау нәтижелері бойынша есептік сейсмикалық жүктемелерді анықтау әдісі.

3.63 **Есептік реакциялардың спектрі –** реакциялар спектрі, оның серпінді реакциялар спектрі ординаттарың мәніне қатысты азайтылған ординаттардың мәні. Серпінді реакция спектрі ординаттарының мәндерін азайту желілі емес өзгеру саласында сейсмикалық ықпалдарға қарсы тұра алатын конструктивтік жүйенің қабілетін сипаттайтын мінез-құлыққоэффициентінің мәніне осы мәндерді бөлу жолымен жеткізіледі.

3.64 **Серпінді реакциялардың спектрі –** осциллятордың демпфирленуінің өз жиілігін және параметрін ескере отырып анықталған берілген сейсмикалық ықпалдағы акселерограмма кезінде желілі осциллятордың максимал жауапты үдеулерінің (реакцияларының) абсолютті мәндерінің жиынтығы.

3.65 **Нормаланған серпінді реакциялардың спектрі** (динамикалық коэффициенттердің спектрі) – серпінді реакциялардың өлшемсіз спектрі, олардың ординаталары негіз үдеуінің максимал мәні бойынша нормаланған.

3.66 **Мамандандырылған ғылыми-зерттеу ұйымдары –** тиісті теоретикалық және эксперименталды жұмыстарды жүргізу үшін қажетті жабдықтары және мамандары бар сейсмикалық төзімді имарат, сейсмология және шағын сейсмикалық аудандастыру саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыс болып табылатын қызмет саласындағы ұйым.

3.67 **Сейсмикалық қорғаныстың арнайы жүйелері –** ғимараттарға және имараттарға арналған сейсмикалық жүктемелерді айрықша азайтуға мүмкіндік беретін жүйе және онымен олардың сейсмикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді (қосу және өшіру байланыстары, тербелістердің динамикалық өшіргіштері, энергияны сіңірушілер, сейсмикалық оқшаулау жүйелері).

3.68 **Қабырға –** l_w/b_w қалыңдығына 4-тен астам ұзындығының ара қатынасы бар басқа элементтерді қолдаушы және тұрғысынан алғанда ұзартылған көлденең қимасы бар конструктивтік жүйенің элементі. Қабырғалардың беттігі, әдетте, тік бағытта болады.

3.69 **Арнайы техникалық шарттар –** нақты ғимарат объектісі үшін әзірленген және қолданыстағы нормаларда немесе оның қауіпсіздігіне қойылатын қосымша техникалық талаптары жоқ техникалық нормалар. Осы құжат жобалау процестерінде қолданыстағы нормативтік құжаттардың кейбір талаптарын қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайларда қажет болады

*Ескертпелер

1 Арнайы техникалық шарттар техникалық құжаттаманың бөлігі ретінде әзірленеді және осы ережелерді толықтыратын құжат ретінде пайдаланылады.

2 Осы Ережелер жинағының 1.5-тармағында көрсетілген объектілерді жобалауға арналған арнайы техникалық шарттарды Тапсырыс беруші бекітеді және жергілікті атқарушы органның тиісті органдарымен келісіледі.

3 Арнайы техникалық шарттар құрамында мыналар болуы қажет:

а) құрылыс алаңының инженерлік-геологиялық жағдайлары мен сейсмикалығы туралы нақтыланған мәліметтер;

б) объектінің сейсмикалық тұрақтылығын эксперименталды тексеру бағдарламасы (қажет болған жағдайда) *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 21.10.2021 ж. №159-НҚ бұйрық).*

3.70 **Күшейту –** нәтижесінде конструкциялардың алғашқы тіреу (көтеруші) қабілеттілігі артатын іс-шараларды жүргізу.

3.71 **Ғимараттардың қабаттылығы –** ғимараттардағы жер үсті қабаттарының саны. Сейсмикалық аймақтардағы имаратқа жобаланатын ғимараттардың қабаттылығын анықтау кезінде, олардың конструктивтік-жоспарлау шешімдері төменде келтірілген анықтамаларға сәйкес келсе мансардты, жоғарғы техникалық, цокольды және жертөле қабаттары ескерілмейді. Егер сейсмикаға қарсы жіктермен бөлінбеген ғимараттың жеке бөліктері түрлі жер үсті қабаттарының санына ие болса, онда ғимарат қабаттылығы оның анағұрлым жоғары бөлігіндегі қабаттардың саны бойынша анықталады.

3.72 **Мансардты қабат –** шатыр кеңістігіндегі жоғарғы қабат, оның қасбеті еңіс немесе сынған шатыр бетінде (беттерінде) толығымен немесе ішанара пайда болған, бұл

ретте жабын тегістігінің қию желісі және қасбеті мансард қабаты еденінің деңгейінен 1,5 м көп емес биіктікте болуы тиіс.

3.73 **Жертөле қабаты –** үй-жай биіктігінің жартысына және однан артығырақ жоспарланған жер белгісінен төмен еден беті белгісіндегі қабат.

3.74 **Техникалық қабат –** инженерлік жабдықты орналастыруға және коммуникацияларды төсеуге арналған қабат; ғимараттыңтөменгі, жоғарғы немесе орташа бөлігінде орналасуы мүмкін.

3.75 **Цокольді қабат –** үй-жайлардың кемінде жарты биіктігінде жердің жоспарлы белгісінен төмен еден бетінің белгісі бар қабат, ал үй-жай аражабынның жоғарғы бөлігі жердің жоспарлы белгісінен жоғары 200 см көп емес орналасады.

3.76 **Этажерка** – ғимаратта немесе одан тыс еркін тұрған және технологиялық және өзге жабдықты орналастыруға және қызмет көрсетуге арналған көп ярусты қаңқалы имарат (қабырғаларсыз және тік қаттылық диафрагмаларынсыз).

3.77 **Ықпал ету әсерлері –** имарат элементтерінің (ішкі күштер, сәттер, кернеулер, өзгерулер түріндегі) немесе берілген ықпалға барлық имараттың реакциясы.

3.78 **Екінші түрдегі әсер** (P-Δ әсерлері) – сейсмикалық ықпалдар (мысалы, бағаналардағы қосымша күшейтулер) кезінде конструктивтік жүйенің шамадан тыс жылжуымен туындаған қолайсыз әсерлер.

4 ТАҢБАЛАР, ҚЫСҚАРТУЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕРІ

Осы Қағидалар жинағында мына негізгі таңбалар және қысқартулар қолданылады.

Ескертпе – Кейбір символдардың анықтамалары ҚЖ мәтінінде берілген, онда олар төмендегідей пайдаланылады.

A_c – Бетон элементінің көлденең қимасының алаңы;

E_E – қаралатын сейсмикалық ықпалдың әсері (күш, жылжу және басқалары);

E_{Ei} – тербелістердің i-ші формасы бойынша сейсмикалық ықпалдың әсері;

E_d – ықпалдар әсерлерінің есептік мәні;

F_{ik} – k нүктесіне қойылған оның өз тербелістерінің i-ші формасына арналған ғимараттарға және имараттарға түсетін көлденең есептік сейсмикалық жүктеме;

F_{ikv} – k нүктесіне қойылған оның өз тербелістерінің i-ші формасына арналған ғимараттарға және имараттарға түсетін тік есептік сейсмикалық жүктеме;

F_a – тіреу элементіне түсетін сейсмикалық жүктеме;

L_k –сейсмикалық күш әрекетінің бағытына перпендикуляр бағыттағы k қабаты аражабынының өлшемі;

M_{ak} – оның тік осіне қатысты k қабатына салынған айналу сәті;

N_{Ed} – сейсмикалық есптік жағдайға сәйкес келетін есептік остік күш;

$S(a_{gR(475)})$ и $S(a_{gR(2475)})$ – сейсмикалық ықпалдардың қарқындылығына имарат алаңының топырақ жағдайларына әсер етуін сипаттайтын коэффициент;

$S_d(T)$ – сейсмикалық ықпалдың көлденең компонентін сипаттайтын есептік реакциялардың спектрі;

$S_{dv}(T)$ – сейсмикалық ықпалдың тік компонентін сипаттайтын есептік реакциялардың спектрі;

S_T – құрылыс алаңдарына сейсмикалық ықпалдардың күшеюінің топографиялық әсерлерін ескеретін коэффициент;

S_a – тіреу элементтеріне түсетін есептік сейсмикалық жүктемелерді анықтау кезінде ескерілетін сейсмикалық коэффициент;

T_C – сейсмикалық ықпалдың көлденең компонентін сипаттайтын есептік реакциялары спектрінің тұрақты графика учаскесіндегі мерзімнің максимал мәні;

T_{Cv} – сейсмикалық ықпалдың тік компонентін сипаттайтын есептік реакциялар спектрі графикасының тұрақты учаскесіндегі мерзімнің максимал мәні;

T_i – көлденең бағыттағы і-ші форма бойынша ғимараттың тербеліс кезеңі;

T_{vi} – тік бағыттағы і-ші форма бойынша ғимарат тербелістерінің кезеңі;

P_{tot} – есептік сейсмикалық жағдайда қаралатын қабатқа және оның үстіне түсетін толық гравитациялық жүктеме;

$U_i(z_k)$ және $U_i(z_j)$ – і-ші форма бойынша өз тербелістерінде ғимараттың немесе имараттың жылжуы;

V_{tot} – қабат деңгейіндегі жиынтықты сейсмикалық көлденең күш;

W_a – конструктивті емес элементтің салмағы;

a_g – ғимаратқа немесе имаратқа көлденең есептік сейсмикалық ықпалдың қарқындылығын сипаттайтын g үлесіндегі үдеу;

a_{gv} – ғимаратқа немесе имаратқа тік есептік сейсмикалық ықпалдың қарқындылығын сипаттайтын g үлесіндегі үдеу;

$a_{gR(475)}$ және $a_{gR(2475)}$ – қайталанудың тиісінше 475 жыл және 2475 жыл референтті кезеңдеріне сәйкес келетін IA түріндегі топырақ жағдайларына арналған ең жоғарғы үдеулер;

a_p – тіреу емес элементтер тербелістерінің мүмкін күшін ескеретін динамикалық коэффициент;

d_e – есептік сейсмикалық жүктемелермен туындаған қаралып жатқан қабаттың жоғарғы және төменгі аражабындарының орташа көлденең жылжуларының әртүрлілігі;

d_r – есептік сейсмикалық ықпалдармен туындаған қаралып жатқан қабаттың жоғарғы және төменгі аражабындарының орташа көлденең жылжуларының әртүрлілігі;

d_{rs} – есептік реакциялардың спектріне негізделген есептіки сейсмикалық жүктемелер кезіндегі қабаттың көлденең қисаюы;

e_{ak} – ғимараттың барлық қабатында бірдей бағытта қабылданатын k қабатының кездейсоқ эксцентриситет массасы;

f_{cd} – бетонның қысу беріктігінің есептік мәні;

f_{ek} – k қабатының үстіндегі аражабын деңгейіндегі тұрғыдан алғандағы ғимараттың тұрақсыздығын ескеретін коэффициент;

f_{vk} – k қабаты деңгейіндегі биіктік бойынша ғимараттың тұрақсыздығын ескеретін коэффициент;

q – ғимаратқа немесе имаратқа түсетін есептік сейсмикалық жүктемелерді анықтауда ескерілетін мінез-құлық(кему) коэффициенті;

q_a – тіреу элементтеріне түсетін есептік сейсмикалық жүктемелерді анықтауда ескерілетін мінез-құлық(кему) коэффициенті;

m_{ik} – тербелістердің і-ші формасына сәйкес келетін k нүктесіне жатқызылған тиімді модалды масса;

ν_d – ($\nu_d = N_{Ed}/A_c \cdot f_{cd}$) қосылыстарынан жоғары бағанадағы нормаланған есептік өстік күш;

$\nu_{s,30}$ – жылжу 10^{-5} немесе одан кем өзгергенде топырақтың тік пішінінің жоғарғы 30-метрлік қалыңдығына таралған *S*-толқындары жылдамдығының орташа мәні;

$\nu_{s,10}$ – жылжу 10^{-5} немесе одан кем өзгергенде топырақтың тік пішінінің жоғарғы 10-метрлік қалыңдығына таралған *S*-толқындары жылдамдығының орташа мәні;

γ_a – оған келетін есептік сейсмикалық жүктемелерді анықтағанда тіреу элементінің жауапкершілігін ескеретін коэффициент;

γ_{Ih} – есептік көлденең сейсмикалық жүктемелерді анықтауда ғимараттар мен имараттардың жауапкершілігін ескеретін коэффициент;

γ_{Iv} – есептік тік сейсмикалық жүктемелерді анықтауда ғимараттар мен имараттардың жауапкершілігін ескеретін коэффициент;

γ_τ – тас, армотасты, бетон, ағаш және болат конструкцияларының жұмыс істеу жағдайларының коэффициенті;

$\gamma_{b\tau}$ – темірбетон конструкцияларының жұмыс істеу жағдайларының коэффициенті;

$\gamma_{S\tau}$ – арматураның жұмыс істеу жағдайларының коэффициенті;

η_{ik} – і бағыты бойынша оның өз тербелістерінде өзгеру пішініне, жүктеменің орналасу жеріне және сейсмикалық ықпалдың бағытына байланысты коэффициент.

δ_{kmax} – k аражабынының максимал жылжуы;

δ_{kav} – k аражабынының орташа арифметикалық жылжуы;

ε – коэффициент, значение которого зависит от типа соединений ненесущих и несущих конструкций здания;

θ – мәні қаралатын қабыттың жоғарғы және төменгі ара жабындарының орташа көлденең жылжуларының әртүрлілігіне байланысты коэффициент;

ЖСА-1_{475} және ЖСА-1_{2475} – сәйкесінше 475 және 2475 жыл референтті уақыт кезеңдері үшін ең жоғарғы үдеулердегі аймақтардың сейсмикалық қауіптілігін сипаттайтын Қазақстан Республикасы аумағының жалпы сейсмикалық аудандастыру карталарының шартты белгілері;

ЖСА -2_{475} және ЖСА -2_{2475} – 475 және 2475 жыл референтті уақыт кезеңдері үшін бүтін санды баллдарда аймақтардың сейсмикалық қауіптілігін сипаттайтын Қазақстан Республикасы аумағының жалпы сейсмикалық аудандастыру карталарының шартты белгілері.

5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Сейсмикалық аймақтарда салынатын жаңа ғимараттар мен имараттардың құрылысына жобалық құжаттаманы әзірлеу кезінде есепке алған жөн:

а) құрылыс аудандары мен алаңдарының сейсмикалық қауіптілігін;

б) құрылыс алаңдарындағы инженерлік-геологиялық ізденістердің нәтижелерін;

в) осы Қағидалар жинағына сәйкес орындалған есептердің нәтижелерін;

г) ҚЖ бөлімдеріне сәйкес келтірілген конструктивті талаптар.

Ескертпе - Егер a_g (7.5.5 қараңыз) және γ_{Ih} (7.4 қараңыз) шамаларының көбейтіндісі 0,08 g-ден

аспаса, онда ғимараттар мен имараттардың сейсмикалық әрекеттерге арналған есептеулерін орындауға рұқсат берілмейді, ал осы ҚЖ (1.3 қараңыз) мақсаттарына қол жеткізу үшін, есептеу нәтижелеріне қарамастан қабылданған (9 бөлімін қараңыз), тек қана конструктивтік талаптарды сақтау керек. Егер a_g және γ_{Ih} мәндерінің көбейтіндісі 0,05 g-ден артық болмаса, онда осы ҚЖ-ның ережелерін сақтау талап етілмейді.

5.2 Құрылысы жүріп жатқан ғимараттар мен имараттарды қайта құруға, күшейтуге және қалпына келтіруге жобалық құжаттаманы әзірлеу кезінде 5.1-тармақтың ережелеріне қосымша ретінде есепке алынуы керек:

а) ғимараттар мен имараттардың конструктивті шешімдері мен нақты жағдайын сипаттайтын тексерулердің қорытындылары, сондай-ақ материалдардың нақты физикалық-механикалық сипаттамалары және конструкциялардың параметрлері;

б) ғимараттар мен имараттардың конструктивті шешімдерінің қолданыстағы нормалардың конструктивті талаптарына сәйкестігін сапалы және сандық бағалаулары.

5.3 Осы ҚЖ қағидаларына сәйкес жобаланатын ғимараттар мен имараттар, сондай-ақ олардың жекелеген элементтері, егер басқасы ҚЖ-да ескертілмесе, оларға басқа нормативтік құжаттармен қойылатын талаптарды қанағаттандыруы керек.

5.4 Ғимараттар мен имараттарды жобалау кезінде:

– ғимараттар мен имараттарға сейсмикалық жүктемелердің ең кіші мәндерін қамтамасыз ететін материалдарды, конструкцияларды және конструктивтік жүйелерді қолдану;

– тік конструкциялардың жоспардағы бөлінуінің бірыңғайлығын, симметриялылығын және біртектілігін және олардың биіктігі бойынша үздіксіздігін қамтамасыз ету;

– массалардың жоспарда және биіктігі бойынша біртекті бөлінуін қамтамасыз ету;

– қабатаралық жабындардың диафрагмалдық жай-күйін және ғимарат пен имараттың бірыңғай жүйе ретіндегі сейсмикалық әсерге реакциясын қамтамасыз ету;

– конструктивті жүйенің оның басты көлденеңды бағыттарында жақын қаттылығы мен қарсыласуын қамтамасыз ету;

– кез-келген бағытта сейсмикалық әсерлерге қарсыласуға және жоспардағы айналдыру тербелістерін шектеуге қабілетті конструктивті сызбаларды қолдану;

– артықтыққа ие бірнеше рет статикалық анықталмайтын конструктивті жүйелерді артық көру;

– конструкциялардың пластикалық деформациялануына қабілеттілігін қамтамасыз ететін іс-шараларды көздеу;

– конструктивті жүйелердің, олардың конструкцияларының және пластикалық деформацияларының байланысуының дамуы кезінде тұрақтылығын және геометриялық өзгеріссіздігін қатамасыз ету;

– жергілікті бұзылуы немесе жол берілмейтін деформациялануы ғимараттың немесе имараттың құлауына алып келуге қабілетті күш түсетін конструкциялардың сақталуын қамтамасыз ететін іс-шараларды көздеу;

– зақымдануы адамдардың қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін немесе жоюға көп шығындарды талап ететін күш түспейтін конструкциялардың сақталуын қамтамасыз ететін іс-шараларды көздеу керек.

5.5 Ғимараттар мен имараттарды жобалау олардың конструкцияларын есептеу және сынау нәтижелерінің үйлесіміне негізделуі мүмкін. Сынақтау нәтижелерін пайдалана

отырып жобалау тиісті сейсмикалық жағдайға қажетті ғимараттар мен имараттардың сенімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

5.6 Осы ҚЖ есептік және конструктивтік ережелері сақталған жағдайда ғимараттар мен имараттардың күшейіп бара жатқан құлауын есептеу талап етілмейді.

6 ҚҰРЫЛЫС АЙМАҚТАРЫНЫҢ СЕЙСМИКАЛЫҚ ҚАУІПТІЛІГІ. ҚҰРЫЛЫС АЛАҢДАРЫНЫҢ ТОПЫРАҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖӘНЕ СЕЙСМИКАЛЫҚ ҚАУІПТІЛІГІ

6.1 Аймақтардың сейсмикалық қауіптілігі

6.1.1 Құрылыс аймақтарының сейсмикалық қауіптілігін Қазақстан аумағының сейсмикалық генерациялайтын аймақтарының карталарын, Қазақстан Республикасы аумағын жалпы сейсмикалық аймақтандыру карталарының кешенін пайдалана отырып немесе сейсмикалық аймақтарда орналасқан елді-мекендердің тізімі бойынша анықтау керек.

Қазақстан аумағының сейсмикалық генерациялайтын аймақтарының картасы және Қазақстан Республикасының аумағын жалпы сейсмикалық аймақтандыру карталарының кешені міндетті А қосымшасында келтірілген.

Қазақстан Республикасының сейсмикалық аймақтарында орналасқан елді-мекендердің тізімі, сейсмикалық қауіптілігі баллмен және үдеулермен көрсетілген, міндетті Б қосымшасында келтірілген.

6.1.2 Қазақстан аумағындағы сейсмогенераторлық аймақтардың картасында ықтимал жер сілкінісі ошақтарының аймақтары анықталады, олар күтілетін жер сілкіністің максималды мүмкіншіліктерінің көлеміне қарай жіктеледі: ≤4,0; ≤4,5; ≤5,0; ≤5,5; ≤ 6.0; ≤6.5; ≤7.0; ≤ 7.5; ≤8,0; > 8.0.

Қазақстан Республикасының аумағын жалпы сейсмикалық аймақтандыру (ЖСА) карталары кешенінің құрамына:

– көрсетілген сейсмикалық қарқындылық мәндерінің 50 жыл ішінде асу мүмкіндігінің 10 % ықтималдығын көрсететін ЖСА-1_{475} және ЖСА-2_{475} карталары (қарқындылығы есептік жер сілкіністері арасындағы уақыттың орташа интервалы 475 жыл);

– көрсетілген сейсмикалық қарқындылық мәндерінің 50 жыл ішінде асу мүмкіндігінің 2 % ықтималдығын көрсететін ЖСА-1_{2475} және ЖСА-2_{2475} карталары (қарқындылығы есептік жер сілкіністері арасындағы уақыттың орташа интервалы 2475 жыл) кіреді.

6.1.3 ЖСА-1_{475} және ЖСА-1_{2475} карталарында Қазақстан Республикасы аумағының сейсмикалық қауіптілігінің әлеуеті көлденең ең жоғарғы шың үдеулері бар изосызықтармен сипатталады: 0,02 g; 0,05 g; 0,075 g; 0,1 g; 0,2 g; 0,3 g; 0,4 g; 0,5 g; 0,6 g; 0,7 g; 0,8 g және 0,9 g. ЖСА-1_{475} және ЖСА-1_{2475} карталарында келтірілген $a_{gR(475)}$ және $a_{gR(2475)}$ сейсмикалық қарқындылық көрсеткіштері тасты және тас секілді геологиялық формацияларға жатады (IA топырақтық жағдайларының түрі 6.1-кестесі бойынша).

6.1.4 ЖСА-2_{475} және ЖСА-2_{2475} карталарында әрқайсысының шегінде сейсмикалық қауіптілік әлеуеті шартты түрде тұрақты деп қабылданған және MSK-64 (K) шкаласы бойынша 5, 6, 7, 8, 9 және 10 балл бүтін сандық баллдармен сипатталатын аймақтар белгіленген. ЖСА-2_{475} және ЖСА-2_{2475} карталарында келтірілген сейсмикалық қауіптілік көрсеткіштері сейсмикалық қасиеттері бойынша «орташа» топырақтық шарттарға жатады (II топырақ жағдайларының түрі 6.1-кестесі бойынша).

6.1.5 Қазақстан Республикасының сейсмикалық аймақтарында орналасқан елді-мекендердің тізімінде елді-мекендер аумақтарының аймақтық сейсмикалық қауіптілігінің көрсеткіштері баллмен (ЖСА-2_{475} және ЖСА-2_{2475} карталары бойынша) және ең жоғарғы шың үдеулермен көрсетілген (ЖСА-1_{475} және ЖСА-1_{2475} карталары бойынша).

6.1.6 Б қосымшасында келтірілмеген елді-мекендер мен аумақтар үшін үдеулердегі аймақтық сейсмикалық қауіптілікті анықтауға рұқсат етіледі:

а) I, II и III функционалдық міндеті бойынша (7.4 бөлімшесін қараңыз) – интерполяция бойынша, ЖСА-1_{475} және ЖСА-1_{2475} карталарындағы изосызықтардың әрбір жұбы арасындағы интервалдардарда үдеулердің мәндері үздіксіз және бірте-бірте өзгеріп отыратынын қабылдай отырып жауапкершілік классымен объектілерді жобалау кезінде;

б) ЖСА-1_{475} және ЖСА-1_{2475} карталарын құрастырушы ұйымның қорытындысына сәйкес немесе арнайы сейсмологиялық және сейсмотектоникалық зерттеулердің нәтижелері бойынша IV функционалдық міндеті бойынша жауапкершілік классымен объектілерді жобалау кезінде анықтауға жол беріледі.

6.1.7 ЖСА-2_{475} және ЖСА-2_{2475} карталарында келтірілген сандық көрсеткіштерді егжей-тегжейлі сейсмикалық аймақтандырудың негізінде айқындауға жол беріледі:

а) егер бұл карталарды қолдану процесінде болжамдалатын сейсмикалық әсерлердің қарқындығына әсер етуге қабілетті бұрын ескерілмеген факторлар анықталса;

б) баллдығы әр түрлі аймақтар арасындағы шекаралардан 15 км-ге дейінгі қашықтықта немесе таулы аудандарда орналасқан елді-мекендер мен аумақтар үшін.

ЖСА-2_{475} және ЖСА-2_{2475} карталарын айқындауды тек осы карталарды құрастырушы ұйым ғана орындай алады.

6.2 Құрылыс алаңдарының сейсмикалық қасиеттері бойынша топырақ жағдайлары

6.2.1 Құрылыс алаңдарының топырақ жағдайлары сейсмикалық қасиеттері бойынша IA, IБ, II и III түрлеріне жіктелген.

6.2.2 Құрылыс алаңдарының топырақ жағдайларының түрлерін қолданыстағы нормативтік құжаттардың ережелеріне сәйкес орындалатын инженерлік-геологиялық ізденістердің нәтижелеріне сүйене отырып және ғимарат пен имараттың жауапкершілік класына және құрылыстың ерекше жағдайларына байланысты 6.1-кестенің деректеріне сәйкес анықтаған дұрыс.

6.1-кесте – Сейсмикалық қасиеттері бойынша топырақ жағдайларының түрлері

Топырақ жағдай-ларының түрлері	Стратиграфиялық пішінді топырақтар (сипаттамалық белгілері)	Орташа мәндері $v_{s,10}$ және $v_{s,30}$, м/с
IA	Борпылдақ шөгінділердің күші аз (5 м-ге дейін) жабынымен желге мүжілген және желге әлсіз мүжілген тасты топырақтарының барлық түрлері.	$v_{s,30} \geq 800$
IБ	Борпылдақ шөгінділердің желге мүжілген күші аз (5 м-ге дейін) тасты топырақтары. Әсіресе магмалық жыныстардан тұратын (70 %-дан аса), тығыз (топырақтың тығыздығы $\rho \geq 2{,}15$ т/м^3), құрамында 30 %-ға дейін құм-балшықты толтырғышы бар, борпылдақ шөгінділердің күші аз (5 м-ге дейін) жабынымен жабылған ірісынықты топырақтар.	$v_{s,10} \geq 350$ $550 \leq v_{s,30} < 800$
II	Желге қатты мүжілген тасты топырақтар; толтырғыштың құрамына қарамастан шөгінді жыныстардан тұратын (70 %-дан аса) ірісынықты топырақтар. Толтырғыштың құрамы 30 %-дан асатын ірісынықты топырақтардың барлық түрлері. Су сіңіру деңгейіне қарамастан ірі және ірілігі орташа тығыз құмдар. Су сіңіру деңгейі төмен және орташа, тығыздығы орташа ірі және ірілігі орташа құмдар. Су сіңіру деңгейі төмен және тығыздығы орташа майда және шаңды тығыз құмдар. Кеуектілік коэффициентінің мәні балшықтар мен саздар үшін е<0,9 және құмдақтар үшін е<0,7 кезінде аққыштық көрсеткіші ≤0,5 саз балшықты топырақтар.	$230 \leq v_{s,10} < 350$ $270 \leq v_{s,30} < 550$
III	Су сіңіру және ірілік деңгейіне қарамастан борпылдақ құмдар. Суға сіңген, тығыздығы орташа ірі және ірілігі орташа құмдар. Суға сіңіру деңгейі орташа және суға сіңген, тығыз және тығыздығы орташа майда және шаңды құмдар. Кеуектілік коэффициентінің мәніне қарамастан аққыштық көрсеткіші >0,5 саз балшықты топырақтар. Кеуектілік коэффициентінің мәні балшықтар мен саздар үшін е≥0,9 және құмдақтар үшін е≥0,7 кезінде аққыштық көрсеткіші ≤0,5 саз балшықты топырақтар.	$v_{s,10} < 230$ $v_{s,30} < 270$

Ескертпе – Сипаттау деректерін пайдаланған кезде:

а) құрылыс алаңдарының топырақ жағдайларын IA және IБ типтеріне жатқызуға жол беріледі, егер осы типтерге сәйкес келетін қабаттардың күштілігі жоспарланған белгіден санай отырып үстіңгі 30-метрлік қабаттардың шеңберінде 25 м-ден асатын, ал топырақтардың механикалық қасиеттері тереңдігі бойынша (оның ішінде, 30-метрлік үстіңгі қабаттан төмен) бірте-бірте көбейетін болса;

б) статиграфиялық пішіннің құрамы әртекті болған кезде топырақ жағдайлар қолайсыздау типке жатады, егер жоғарғы қабаттың 10-метрлік қалыңдық шеңберінде (жоспарланған белгіден санай отырып) осы типке жататындардың жиынтық қалыңдығы 5 м-ден асса.

в) топырақтық сулардың деңгейінің көтерілуін және топырақтардың сулануын болжаған жағдайда құрылыс алаңының топырақ жағдайларының типін суланған күйдегі топырақтың қасиеттеріне (ылғалдығы, консистенциясы) қарап анықтау керек.

г) құмды және саз балшықты топырақтардың аққыштығы мен ылғалдығының мәндері туралы деректер болмаған жағдайда, жер асты суларының деңгейі 5 м-ден жоғары имарат алаңының топырақ жағдайларын сейсмикалық қасиеттері бойынша III типке жатқызу керек.

6.2.3 Құрылыс алаңдарының топырақ жағдайларының түрін үстіңгі жағы 30 және 10-метрлік қалыңдықта, $v_{s,30}$ және $v_{s,10}$ көлденең толқындарының таралу жылдамдығының эксперименталды белгіленген мәндеріне сүйене отырып, анықтаған қолайлы.

6.2.4 $v_{s,30}$ көлденең толқындарының орташа таралу жылдамдықтарын өрнекке сәйкес есептеу керек (6.1):

$$v_{s,30} = \frac{30}{\sum\limits_{i=1,N} \frac{h_i}{v_i}}, \tag{6.1}$$

мұнда

h_i және v_i – i-ші қалыптасу үшін немесе жоғарғы 30-метрлік топырақтың қалыңдығындағы N қабаттарының жалпы саны кезіндегі қабат үшін метрдегі қалыңдықты және көлденең толқынның м/с-та таралу жылдамдығын (10^{-5} немесе одан аз ығысу деформациясының деңгейімен) білдіреді.

6.2.5 $v_{s,10}$ көлденең толқындарының орташа таралу жылдамдықтарын (6.2) өрнекке сәйкес есептеу керек:

$$v_{s,10} = \frac{10}{\sum\limits_{i=1,N} \frac{h_i}{v_i}}, \tag{6.2}$$

6.2.6 Егер үстіңгі топырақтық қалыңдықтарда көлденең толқындардың орташа таралу жылдамдықтарының көрсеткіштерінің бірі ($v_{s,10}$ немесе $v_{s,30}$) 6.1-кестеде көрсетілгенге қарағанда мәні аз болса, құрылыс алаңының топырақ жағдайларын сейсмикалық қасиеттері бойынша қолайсыз түрге жатқызу керек.

6.2.7 Үстіңгі қалыңдықтарда көлденең толқындардың таралу жылдамдықтары туралы деректер болмаған жағдайда, құрылыс алаңының топырақ жағдайларының түрін 6.1-кестеде келтірілген сипаттау белгілері бойынша анықтауға жол беріледі.

6.3 Құрылыс алаңдарының сейсмикалық қауіптілігі

6.3.1 Құрылыс алаңдарының сейсмикалық қауіптілігін баллдармен және үдеулермен сейсмикалық шағын аймақтандырудың (США) қолданыстағы карталары бойынша немесе инженерлік ізденістер құрамындағы мамандандырылған ұйымдар орындаған сейсмикалық шағын аймақтандырудың нәтижелерінің негізінде анықтау керек.

6.3.2 США карталары және сейсмикалық шағын аймақтандырудың нәтижелері болмаған жағдайда құрылыс алаңының сейсмикалығын жеңілдетілген жолмен анықтауға рұқсат беріледі:

а) баллдармен – ЖСА-2_{475}, ЖСА-2_{2475} карталарында немесе Б қосымшасында көрсетілген құрылыс аймақтарының сейсмикалығын және құрылыс алаңының топырақ жағдайларының түрін есепке ала отырып, 6.2-кесте бойынша;

б) көлденең үдеулерде – өрнектер арқылы (6.3) және (6.4):

$$a_{g(475)} = a_{gR(475)} \cdot S(a_{gR(475)}) \cdot S_T, \tag{6.3}$$

$$a_{g(2475)} = a_{gR(2475)} \cdot S(a_{gR(2475)}) \cdot S_T, \tag{6.4}$$

мұнда

$a_{gR(475)}$ және $a_{gR(2475)}$ – ЖСА-1$_{475}$ және ЖСА-1$_{2475}$ карталары бойынша немесе Б қосымшасы бойынша анықталатын ІА типті топырақтар кезінде қарастырылатын құрылыс алаңында ең жоғарғы көлденең үдеулердің референттік мәндері;

$a_{g(475)}$ және $a_{g(2475)}$ – нақты топырақ және топографиялық жағдайларда құрылыс алаңындағы ең жоғарғы көлденең үдеулердің мәндері;

$S(a_{gR(475)})$ және $S(a_{gR(2475)})$ – құрылыс алаңының нақты топырақ жағдайларының 6.3.3 тармағына сәйкес анықталатын сейсмикалық әсерлердің қарқындылығына ықпалын сипаттайтын коэффициенттер;

S_T – 6.3.4 тармағына сәйкес анықталатын құрылыс алаңындағы сейсмикалық әсерлердің күшеюінің топографиялық әсерлерін есепке алатын коэффициент.

6.2-кесте – Құрылыс алаңының сейсмикалығын баллдармен анықтау

Топырақ жағдайларының түрлері	**ЖСА-2$_{475}$ и ЖСА-2$_{2475}$ карталары бойынша немесе Б қосымшасы бойынша аймақтың сейсмикалығы кезінде құрылыс алаңының сейсмикалығы (баллдармен)**				
	6	**7**	**8**	**9**	**10**
ІА және ІБ	6	7	8	9	10
II	6	7	8	9	10
III	7	8	9	10	зерттеулердің нәтижелері бойынша
Ескертпе – Таулы жерлерде немесе төбелерде орналасқан имарат алаңдарының сейсмикалығын анықтаған кезде, сейсмикалық әсерлердің күшеюінің топографиялық әсерлерін есепке алу керек (6.3.4 қараңыз).					

6.3.3 Құрылыс алаңының топырақ жағдайларының түрліне және $a_{gR(475)}$ және сәйкесінше $a_{gR(2475)}$ ең жоғарғы үдеулердің шамасына байланысты $S(a_{gR(475)})$ және $S(a_{gR(2475)})$ коэффициенттерінің мәндерін 6.3-кестеде келтірілген өрнектердің көмегімен анықтау керек.

6.3-кесте –$S(a_{gR(475)})$ және $S(a_{gR(2475)})$ коэффициенттернің мәндері

Сейсмикалық қасиеттері бойынша топырақ жағдайлардың типі	**$a_{gR(475)}$ және сәйкесінше $a_{gR(2475)}$ шамаларына байланысты $S(a_{gR(475)})$ және $S(a_{gR(2475)})$ коэффициенттерінің мәндері**
ІА	1,0
ІБ	$1{,}0 \le (1{,}4 - a_{gR}/g) \le 1{,}2$
II	$1{,}1 \le (2{,}0 - 2{,}5 \cdot a_{gR}/g) \le 1{,}6$
III	$1{,}3 \le (2{,}5 - 3{,}0 \cdot a_{gR}/g) \le 2{,}4$

6.3.4 Жеке орналасқан немесе биіктігі 30 м-ден асатын жоғарылықтың бір бағытында тартылған (екі өлшемді) сияқты кейбір қарапайым жағдайлар үшін S_T мәндері 6.1-суретте көрсетілген және 6.4-кестеде келтірілген.

6.3.5 Құрылыс алаңының баллдармен есептік сейсмикалығын, оны ОСЗ-2_{475} және ОСЗ-2_{2475} Қазақстан Республикасының аумағын жалпы сейсмикалық аймақтандыру карталары бойынша анықтаған кезде:

– функционалдық міндеті бойынша, ЖСА-2_{475} картасы және 6.2-кесте бойынша I, II және III жауапкершілік класстарына (7.2-кестені қараңыз) жатқызылатын объектілер үшін;

– функционалдық міндеті бойынша, ЖСА-2_{2475} картасы және 6.2-кесте бойынша IV жауапкершілік классына (7.2-кестені қараңыз) жатқызылатын объектілер үшін қабылдау керек.



6.1-сурет. S_T коэфициенттерінің мәндерін анықтау

6.4-кесте – S_T коэфициенттерінің мәндері

Бедер санаты	Бедер сиапттамасы	Алаңның орналасуы	S_T
1	Беткейлерінің тіктігі 15°-тан кем жалпақ беттер мен қырқалар	—	1,0
2	Беткейлерінің тіктігі 15°-тан асатын дара қырқалар	Бектейдің жоғарғы шетіне жақын	≥1,2
3	Жотасының жалпақтығы негізге қарағанда айтарлықтай аз және беткейлерінің тіктігі 15°-тан 30°-қа дейін тартылған қырқалар	Қырқа шыңына жақын	≥1,2
4	Жотасының жалпақтығы негізге қарағанда айтарлықтай аз және беткейлерінің тіктігі 30°-тан асатын тартылған қырқалар	Қырқа шыңына жақын	≥1,4
Ескертпе – Негіз бен жоталардың немесе бектейлердің арасында орналасқан алаңдар үшін S_T күшейту коэффициенттерінің мәндерін жоғарылық негіздерінде S_T мәнін 1,0-ге теңестіре отырып сызықтық интерполяция бойынша анықтауға жол беріледі.			

Комитет по делам строительства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан

6.3.6 Құрылыс алаңдарының есептік сейсмикалықтарын баллдармен жоспардағы және биіктігі бойынша жоспарланатын ғимараттар мен имараттардың, сондай-ақ конструктивті түсініктер бойынша қабылданатын сейсмикаға қарсы іс-шаралардың ұйғарынды габариттерін анықтау кезінде есепке алу керек.

6.3.7 Құрылыс алаңдарының сейсмикалық қауіптілігін $a_{g(475)}$ және $a_{g(2475)}$ үдеулерімен бағалауды имарат алаңдарындағы көлденеңды және тік үдеулердің есептік мәндерін анықтау кезінде есепке алу керек (7.5.5 және 7.5.6 қараңыз).

6.3.8 Құрылыс алаңындағы инженерлік-геологиялық зерттеулер туралы есеп мыналарды қамтуы тиіс:

а) құрылыс аймағының сейсмикалық қауіптілігінің көрсеткіштері;

б) сейсмикалық қасиеттерге сәйкес құрылыс алаңының топырақ жағдайының түрі;

в) құрылыс алаңының сейсмикалық қауіптілік көрсеткіштері;

г) жергілікті сейсмотектоникалық, геологиялық немесе топографиялық жағдайларға байланысты сейсмикалық мағынада қолайсыз факторлардың болуы немесе болмауы.

6.3.9 Құрылыс аймақтарына арналған сейсмикалық қауіптілік көрсеткіштері Б қосымшасында берілген немесе ЖСА-1_{475}, ЖСА-1_{2475} және ЖСА-2_{475}, ЖСА-2_{2475} карталарымен анықталатын үдеткіш және бүтін санды баллдарда көрсетілуі тиіс.

6.3.10 Құрылыс алаңдарының сейсмикалық қауіптілік көрсеткіштері США карталарында үдеткіш және бүтін санды баллда көрсетілген немесе 6.3.2 а) және б) ережелеріне сәйкес анықталады.

6.3.11 6.2 және 6.3-тармақтарға сәйкес анықталған құрылыс алаңының топырақ жағдайларының түрлері мен сейсмикалық қауіптілік көрсеткіштерін конструктивтік ерекшеліктері мен іргетастардың тереңдігіне, сондай-ақ оларды күшейтуден кейінгі топырақ сипаттамаларының өзгеруіне байланысты немесе жергілікті бөлікте ауыстыру арқылы өзгертуге жол берілмейді.

6.4 Құрылыс алаңдарын таңдау

6.4.1 Құрылыс алаңдарын таңдау кезінде сейсмикалығы жағынан қолайсыз алаңдарда тұрғын ғимараттарды, өнеркәсіптік (өндірістік) кешендерді немесе жекелеген ғимараттар мен имараттарды орналастыру ұсынылмайды.

6.4.2 Сейсмикалығы жағынан қолайсыздарға:

а) магнитудасы 7,5 және одан аса жер сілкіністер ошақтарының ықтимал туындауы аймақтарында (ЖСОТ аймақтарында) орналасқан;

б) күндізгі беттегі тектоникалық жарықтардың пайда болуы ықтимал аумақтарда орналасқан;

в) сұйылуға қабілетті топырақтық шөгінділерімен;

г) топырақ жағдайының III түрі кезінде сейсмикалығы 10 балл;

д) топырақтары отырғыш, карсты, шаймаапандары, тау-кен үңгімелері бар, жыныстары физикалық-геологиялық поцесстерімен қатты бұзылған;

е) құрылымы қатты бұзылған жыныстармен немесе борпылдақ суға сіңген топырақтардан түзілген беткейлерінің тіктігі 15°-тан асатын;

ж) сел тасқындары мен көшкіндері өтуі мүмкін аймақтарда орналасқан алаңдар жатады.

6.4.3 6.4.2 а), б) және в)-да көрсетілген алаңдарда құрылысқа арналған ғимараттар мен имараттарды жобалауды 1.6-тармаққа сәйкес жүзеге асыру керек.

6.4.4 6.4.2 в), г) және д)-да көрсетілген аудандардағы құрылыс кезінде топырақтардың қасиеттерін жақсарту және оларды ауыстыру бойынша, ғимараттар мен имараттардың негіздерін нығайту бойынша шаралар қабылдайды.

Топырақтардың қасиеттерін жақсарту және ғимараттар мен имараттардың негіздерін бекіту бойынша іс-шаралар топырақтағы ажыраулардың пайда болу мүмкіндіктерін, жер сілкіністері кезіндегі топырақтың сұйылуына немесе тығыздалуымен байланысты беткейлер мен қалдық шөгінділердің тұрақсыздығын жоюы керек.

6.4.5 Беткейлердің тіктігі 15°-тан асатын құрылыс алаңдарында (6.4.2 е) қараңыз) ғимараттар мен имараттардың контуры тұру қалпы беткейлердің сейсмикалық әсерлерді есепке алғандағы орнықтылық есебімен белгіленетін сырғанау жазықтығының шектерінен тыс орналасуы керек.

6.4.6 6.4.2 ж)-да көрсетілген алаңдардағы ғимараттар мен имараттардың құрылысына оларды сел тасқындарынан, құлаулардан және көшкіндерден қорғау бойынша арнайы іс-шараларсыз рұқсат берілмейді.

7 ЕСЕПТІК СЕЙСМИКАЛЫҚ ЖҮКТЕМЕЛЕР

7.1 Жалпы ережелер

7.1.1 Сейсмикалық аймақтардағы құрылыс үшін жобаланатын және немесе қайта құрылуға, күшейтілуге және қалпына келтірілуге тиісті ғимараттар мен имараттардың конструкциялары мен негіздерінің есебі сейсмикалық әсерлерді есепке ала отырып, жүктемелердің негізгі және ерекше үйлесімінде орындалуы керек.

7.1.2 Ғимараттар мен имараттарды сейсмикалық жүктемелерден тұратын жүктемелердің ерекше үйлесіміне есептеу кезінде жүктемелер мен әсерлер бойынша ҚНжЕ-ге сәйкес қабылданған тұрақты және уақытша жүктемелердің есептік мәндерін 7.1-кестесі бойынша қабылданатын үйлесімдер коэффициентіне көбейту керек.

7.1-кесте – Үйлесімдер коэффициенті

Жүктеме түрлері	Үйлесімдер коэффициентінің мәні
Тұрақты:	
металл конструкцияларының өз салмағынан;	0,95
басқа конструкциялардың өз салмағынан;	0,9
Уақытша ұзақ мерзімді	0,8
Қысқа мерзімді (қабаттасулар мен жабындар үшін)	0,5

7.1.3 Сейсмикалық жүктемелерден тұратын жүктемелердің ерекше үйлесімінде:

а) температуралық климаттық әсерлер, жел жүктемелері, жабдық пен көліктен динамикалық әсерлер, крандардың қозғалысынан тежегіштік және капталдан күштер есепке алынбайды;

б) иілгіш аспалардағы массатардан көлденеңды жүктемелер есепке алынбайды;

в) көпірлер мен крандардың арбаларының салмағынан есептік көлденеңды сейсмикалық жүктемені кран асты арқалықтардың өсіне перпендикуляр бағытта есепке алу керек;

г) есептік тік сейсмикалық жүктемені анықтаған кезде кран көпірінің салмағы мен арбаның салмағын 0,8 коэффициентімен, ал кранның жүк көтергіштігіне тең жүктің салмағын – 0,3 коэффициентімен есепке алу керек;

д) жүктемелер мен әсерлер бойынша ҚНжЕ бөлімінде көзделген жабындарға және крандық жүктемелерге жүктемелердің төмендеуі есепке алынбайды.

7.1.4 Ғимараттар мен имараттарға есептік сейсмикалық жүктемелер:

а) спектрлік әдіс бойынша (7.3 бөлімшені қараңыз);

б) В қосымшасының ережелеріне сәйкес қалыптастырылған аспаптық, жасанды және синтезделген акселерограммалардың жиынтығын қолдана отырып анықталуы мүмкін.

7.1.4 а) тармағы бойынша есептік сейсмикалық жүктемелерді анықтауды барлық ғимараттар мен имараттар үшін орындау керек.

7.1.4 б) тармағы бойынша есептік сейсмикалық жүктемелерді анықтауды:

– жер сілкіністері кезінде зақымдануына жол берілмейтін объектілер үшін;

– арнайы сейсмикалық қорғау жүйелерімен жабдықталған ғимараттар үшін;

– ғимаратты жобалауға техникалық шарттарда ескертілген жағдайларда орындау керек.

7.1.5 Егер 7.5.6 сәйкес анықталған сейсмикалық әсердің тік компоненттерінің қарқындылығы 0,25 g асса, ғимарат пен имаратқа тік сейсмикалық жүктемені есепке алу қажет.

7.1.6 Егер 7.5.6 сәйкес анықталған сейсмикалық әсердің тік компоненттерінің қарқындылығы 0,25 g асса, көлденеңды және тік сейсмикалық жүктемелердің бір уақыттағы әрекетін:

а) *Алынып тасталды – ҚТҮКШІК 05.06.2019 ж. №86-НҚ бұйрық*;

б) «иілгіш» қаңқалы қабаттардың бағаналарын; ростверкі жоғары қадалы іргетастарды;

в) қыспақтауға немесе жергілікті жапырылуға тексерілерін конструкциялардың;

г) тірек және өзін тіреуші кірпіш (тас) конструкцияларды;

д) арқалықтарды, тіреулерді, аркаларды, фермаларды, аралығы 24 метр және одан аса имараттардың кеңістіктік жабындарын; көлденең және көлбеу консольды конструкцияларды;

е) биіктігі 9 қабаттан асатын ғимараттардың тік күш түсетін конструкцияларын есептеу кезінде есепке алу керек.

7.1.7 Ғимараттар мен имараттарды есептеу кезінде сейсмикалық жүктемелердің ауыспалы таңбалы сипатын, олардың бағыттарын қарастырылатын элементтің кернеулік-деформацияланған жағдайы үшін қолайсыз деп қабылдай отырып, есепке алу керек.

7.2 Ғимараттар мен имараттардың есептік модельдері

7.2.1 Сейсмикалық әсерлердің күрделі кеңістіктік сипаты бар.

Сейсмикалық әсерлердің кеңістіктік сипатын есепке алу үшін ғимараттар мен имараттардың септік модельдерін, қағида ретінде, сыртқы сейсмикалық жүктемелердің кеңістіктік жүйелерін қабылдауға қабілетті тік және көлденеңды конструкциялдардың кеңістіктік жиынтығы түрінде ұсыну керек.

7.2.2 Ғимараттар мен имараттардың есебін жалпы жағдайда жер үсті және жер асты конструкциялдардың, іргетастың және топырақтық негіздің бірлескен жұмысын есепке ала отырып орындау керек.

7.2.3 Ғимараттар мен имараттардың есептік модельдері:

– сейсмикалық әсерлер кезінде конструктивті жүйенің деформациялануының кеңістіктік сипатын;

– жоспардағы және конструктивтік жүйенің биіктігі бойынша массатар мен қаттылықтардың бөлінуін;

– ғимараттар мен имараттардың конфигурациясын, конструктивті жүйенің тірек элементтерінің орналасу және геометриялық параметрлерін;

– конструктивті жүйенің реакцияларына әсер етуге қабілетті тірек емес элементтерді;

– іргелес элементтердің конструктивті жүйесіндегі өзара әрекеттесу шарттары;

– түйіспе байланыстардың иілгіштігінің конструктивті жүйенің деформациялылығына ықпалын (қажет болған жағдайда);

– конструктивті жүйенің топырақтық негізбен өзара әрекеттесу шарттары, сондай-ақ сейсмикалық әсерлердің нәтижелеріне әсер етуге қабілетті басқа сипаттамаларды дәлме-дәл көрсетуі керек.

7.2.4 7.1.4 а) тармағы бойынша есептік сейсмикалық жүктемелер, сондай-ақ есептерде есепке алынатын осы және басқа жүктемелердің әрекеттерінің нәтижелерін ғимараттар мен конструкциялардың сызықтық-серпімді жай-күйін болжауларда анықтау керек.

7.2.5 Ғимараттар мен имараттардың сызықтық-серпімді есептік модельдерін құру кезінде:

– күш түсетін болат конструкциялардың қаттылығын болаттың оның серпімді деформациясының сатысына сәйкес келетін физикалық сипаттамаларын қоя отырып есептеу керек;

– темір бетонды және тас конструкциялардың қаттылығын Г қосымшасының ережелеріне сәйкес анықтау керек;

– топырақтық негіздің қаттылық параметрлерін Д қосымшасының ережелеріне сәйкес анықтау ұсынылады.

7.2.6 Ғимарат пен имараттың жүктемелері мен бөліктерінің массаларын (салмақтарын) есептік модельдің түйініне шоғырландарылған ретінде қабылдау керек. Есептік модельдің қандай да бір нүктесіне жатқызылған массаны есептеу үшін қарастырылатын бағытта инерциялық күштер тудыратын, 7.1.2 және 7.1.3 тармақтарына сәйкес қабылданатын коэффициенттерге көбейтілген, тұрақты және уақытша жүктемелердің есептік мәндерін қабылдау керек.

7.2.7 Ғимараттар мен имараттардың кеңістіктік есептік модельдерін қолдану кезінде көлденең сейсмикалық әсерлер олардың басты көлденең бағыттарының бойымен, немесе егер басты бағыттардың орналасқан орындары белгісіз босла, барлық маңызды көлденең бағыттары бойымен (конструкцияның құрастырылуына байланысты) және оларға ортогонал көлденең бағыттардың бойымен қолданылуы керек.

7.2.8 Ғимарат жүйесіндегі конструкциялардың нақты жұмыс шарттары немесе олардың сипаттамалары бір мәнді емес болған жағдайда, көзделетін конструкцияларды әдейі қолайлығы аз жағдайларға қоятын, есепті модельдерді қолдану қолайлы, маңызды.

7.3 Есептік сейсмикалық жүктемелерді спектрік әдіспен анықтау

7.3.1 F_{ik} көлденең есептік сейсмикалық жүктемені спектрлік әдіспен анықтау үшін мына өрнекті қолдану керек (7.1):

$$F_{ik} = \gamma_{Ih} \cdot S_d(T_i) \cdot m_{ik}, \tag{7.1}$$

мұнда

F_{ik} – k нүктесіне тіркелген жеке тербелістеріндегі і-ші нысан үшін қарастырылатын көлденең бағыттағы ғимаратқа немесе имаратқа сейсмикалық жүктеме;

γ_{Ih} – көлденең сейсмикалық жүктемелерді анықтау кезінде ғимарат пен құрылыстың жауапкершілігін есепке алатын коэффициент (7.4 бөлімшені қараңыз);

$S_d(T_i)$ – 7.5.2 тармағына сәйкес анықталатын T_i кезеңінде үдеулердегі есептік реакциялар спектрінің мәні;

T_i –қарастырылатын көлденең бағытта і-ші нысан бойынша ғимараттың немесе имараттың тербелу кезеңі;

m_{ik} – тербелістердің і-ші нысанына сәйкес келетін k нүстеге жатқызылатын, тиімді модалдық масса, (7.2) өрнек арқылы анықталады:

$$m_{ik} = m_k \cdot \eta_{ik}, \tag{7.2}$$

η_{ik} – і-ші екпін бойынша жеке тербелістері кезіндегі ғимараттың немесе имараттың деформациялану нысанына, жүктеменің орналасқан жеріне (7.3.2 тармағы бойынша анықталатын) және сейсмикалық әсердің бағытына тәуелді коэффициент.

7.3.2 η_{ik} коэффицентінің мәндері анықталуы мүмкін:

а) консольды (7.1-сурет) есептік сызба үшін (7.3) өрнек көмегімен:

$$\eta_{ik} = \frac{U_i(z_k)\sum_{j=1}^{n} m_j U_i(z_j)}{\sum_{j=1}^{n} m_j U_i^2(z_j)}; \tag{7.3}$$

б) кеңістіктік есептік сызба үшін (7.4) өрнек көмегімен:

$$\eta_{ik} = \frac{U_i(z_k)\sum_{j=1}^{n} m_j U_i(z_j)\, cos(U_{ik}, U_0)}{\sum_{j=1}^{n} m_j U_i^2(z_j)}, \qquad (7.4)$$

мұнда

$U_i(z_k)$ және $U_i(z_j)$ – і-ші нысан бойынша жеке тербелістері кезінде ғимарат пен имараттың орын ауыстыруы;

$cos(U_{ik}, U_0)$ – U_{ik} орын ауыстыру бағыттары мен U_0 сейсмикалық әсер векторының арасындағы косинустар;

n – жинақталған жүктемелр саны.



7.1-сурет

7.3.3 F_{ikv} тік есептік сейсмикалық жүктемені спектрлік әдіспен анықтау үшін (7.5) өрнекті қолдану керек:

$$F_{ikv} = \gamma_{Iv} \cdot S_{dv}(T_{vi}) \cdot m_{ik}, \qquad (7.5)$$

мұнда

F_{ikv} – k нүктесіне тіркелген, жеке тербелістерінің і формасы үшін ғимараттың немесе имараттың тік бағытындағы есептік сейсмикалық жүктеме;

γ_{Iv} – тік сейсмикалық жүктемелерді анықтау кезінде ғимараттар мен имараттардың жауапкершілігін сесепке алатын коэффициент (7.4 бөлімшені қараңыз);

$S_{dv}(T_{vi})$ – 7.5.2 тармағына сәйкес анықталатын, T_i кезеңіндегі үдеулерде есептік реакциялар спектрінің мәні;

T_{vi} – тік бағытта і-ші нысан бойынша ғимараттың немесе имараттың тербелу кезеңі.

7.4 Ғимараттардың және имараттардың жауапкершілік класы. Жауапкершілік коэффициенті

7.4.1 Ғимараттар, олардың қирауының салдарларының адамдардың қауіпсіздігі үшін қауіптілігіне, олардың қоғамдық қауіпсіздік үшін маңыздылығына байланысты,

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан|Акарибаева З. А.

халықты тура жер сілкінісінен кейінгі кезеңде олардың қирауының әлеуметтік те, экономикалық та салдарларынан қорғау үшін, жауапкершілігі бойынша бөлінеді:

функционалдық міндетіне байланысты – төрт класқа;

қабаттылығына байланысты – бес класқа.

Ғимараттарға жатпайтын басқа инженерлік имараттар жауапкершілігі бойынша төрт класқа бөлінеді.

7.4.2 Ғимараттар мен имараттардың, олардың міндетіне байланысты жауапкершілігі бойынша жіктелуі 7.2-кестеде келтірілген. Ғимараттардың, олардың қабаттылығына байланысты жауапкершілігі бойынша жіктелуі 7.3-кестеде келтірілген.

7.2-кесте – Міндеті бойынша ғимараттар мен имараттардың жауапкершілік кластары

Жауапкер-шілік кластары	Жауапкершілік класының сипаттамасы	Ғимараттар мен имараттардың түрлері
I	Қоғамдық қауіп-сіздік үшін екінші деңгейлік маңыз-ды ғимараттар мен имараттар	Адамдардың тұрақты болуы көзделмейтін, ал бас тартулары құнды жабдықтардың бұзылуымен және/немесе қоршаған ортаның ластануымен сүйемелденбейтін ғимараттар мен имараттар: – жылыжайлар, көшетханалар, уақытша қамтылатын шағын қоймалар; – уақытша қосалқы және мобильді ғимараттар мен имараттар; жеңіл ашық павильондар.
II	I, III және IV-ші санаттарға жат-пайтын ғимарат-тар мен имарат-тар	I, III және IV кластарға жататын ғимараттардан басқа тұрғын, қоғамдық және өндірістік ғимараттар.
III	Ғимараттар мен имараттар, олардың сейсмикалық тұрақтылығы оларды жоюдың әлеуметтік салдарлары тұрғысынан маңызды	Пайдаланылуы бойынша ішінде адамдардың көп санының ұзақ уақыт жинақталуына байланысты ғимараттар: – мектепте дейінгі мекемелердің, мектептердің, колледждердің, училищелердің, жоғарғы оқу орны мекемелерінің; – ауруханалардың (IV класқа жататындардан басқа) және перзентханалардың ғимараттары; қарттар үйлерінің ғимараттары; халықтың қимылы шектеулі топтарына арналған ғимараттар; – жатақханалардың, казармалардың, пенитенциарлық қызметтердің және осыған ұқсас басқа тағайындалуына байланысты ғимараттар. – театрлардың, кинотеатрлардың, жабық стадиондардың және мәдени, ойын-сауық тағайындаудың өзге де ғимараттары жалпы сыйымдылығы 300-ден 3000 адамға дейінгі; – аралықтары 30-дан 60 метрге дейін ғимараттар (IV класқа жататын ғимараттардан басқа).

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан\Карибаева З.

7.2-кесте – Міндеті бойынша ғимараттар мен имараттардың жауапкершілік кластары (*жалғасы*)

Жауапкер-шілік кластары	Жауапкершілік класының сипаттамасы	Ғимараттар мен имараттардың түрлері
IV	Жер сілкіністерінің салдарларын жою кезінде және халықты азаматтық қорғау үшін жұмыс істеуі қажет ғимараттар мен имараттар	Өрт сөндіру депосының ғимараттары. Энергиямен және сумен жабыдқтау жүйелері бар ғимараттар мен имараттар (оның ішінде IV жауапкершілік кластарының объектілері үшін өрт сөндіру жүйелері және сақтық қор жүйесі бар). Үкімет байланысының жүйелері бар ғимараттар мен имараттар. Ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарының әкімшілік ғимараттары; төтенше жағдайларды жою бойынша ұйымдардың ғимараттары мен арнайы имараттары. Травматологиялық және хирургиялық бөлімдері бар госпитальдар мен ауруханаларың ғимараттары; медициналық жедел жәрдем станцияларының ғимараттары. Үлкен және орта теміржол вокзалдарының және әуежайлардың ғимараттары, сондай-ақ жұмыс істеуін қамтамасыз ету жүйелері бар имараттар (мысалы, қозғалысты басқару); ұшақтарға арналған ангарлар. Жер сілкінісінің салдарларын жоюға қатысатын апаттық, медициналық және басқа қызметтердің автомобильдеріне арналған гараждардың ғимараттары.
	Әлеуметтік жауапкершілік деңгейі жоғары бірегей ғимаратар мен имараттар	Театрлардың, кинотеатрлардың, концерт залдарының, жабық стадиондардың және басқа мәдени және ойын-сауық ғимараттары жалпы сыйымдылығы 3000 адамнан асатын. Мұражайлардың ғимараттары; ұлттық және мәдени құндылықтардың қоймалары бар ғимараттар; мемлекеттік мұрағаттардың ғимараттары. Аралықтары 60 метрден асатын ғимараттар мен имараттар; көркемдік және тарихи құндылықты көрсететін ескерткіштер.
Ескертпе – Қорғаныс мәніндегі ғиматтар және уыттылығы жоғары және жарылыс қаупі бар заттардан тұратын ғимараттар осы ҚЖ-де қарастырылмайды.		

7.3-кесте – Қабаттылығы бойынша ғимараттардың жауапкершілік кластары

Ғимараттардың жауапкершілік кластары	Жауапкершілік класының сипаттамасы	Биіктігі
I	Аз қабатты ғимараттар	1-2 қабат
II	Қабаттылығы орташа ғимараттар	3-5 қабат
III	Көпқабатты ғимаарттар	6-12 қабат
IV	Қабаттылығы жоғары ғимараттар	13-18 қабат
V	Биік ғимараттар	18 қабаттан астам

***7.4-кесте – Ғимараттар үшін жауапкершілік коэффициенттерінің мәні**

Ғимараттардың жауапкершілік сыныптары		Сейсмикалық әсерлердің әсерін анықтау кезінде қолданылатын γ_{Ih} және γ_{Iv} коэффициенттерінің мәндері	
мақсаты бойынша	**қабаттылығы бойынша**	**көлденең**	**тік**
I	I	γ_{Ih}=0,5	γ_{Iv}=0,5
II	I-II	γ_{Ih}=1,0	γ_{Iv}=1,0
	III – V	$\gamma_{Ih} = 1{,}0 + 0{,}060 \cdot (n-5)$; 1,06≤$\gamma_{Ih}$≤1,8	$\gamma_{Iv} = 1{,}0 + 0{,}04 \cdot (n-5)$; 1,04≤$\gamma_{Iv}$≤1,5
III	I-II	γ_{Ih}=1,25	γ_{Iv}=1,25
	III – V	$\gamma_{Ih} = 1{,}25 + 0{,}045 \cdot (n-5)$; 1,295≤$\gamma_{Ih}$≤1,8	$\gamma_{Iv} = 1{,}25 + 0{,}02 \cdot (n-5)$; 1,27≤$\gamma_{Iv}$≤1,5
IV	I-II	γ_{Ih}=1,5	γ_{Iv}=1,5
	III – V	$\gamma_{Ih} = 1{,}5 + 0{,}030 \cdot (n-5)$; 1,53≤$\gamma_{Ih}$≤1,8	
Ескертпе – мұнда және бұдан әрі: n – жердің жоспарлы белгісінен төмен орналасқан қабаттардан, сондай-ақ, егер олар 3-бөлімде келтірілген терминдер мен анықтамаларға сәйкес келсе, цокольды, жоғарғы техникалық және мансардты қабаттардан басқа ғимараттағы қабаттар саны			

(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 05.06.2019 ж. №86-НҚ бұйрық)

7.4.3 Міндеті мен қабаттылығы бойынша ғимараттардың жауапкершілік кластарының әрбір үйлесіміне есептік көлденең және сәйкесінше тік сейсмикалық жүктемелерді анықтау кезінде есепке алынатын γ_{Ih} және γ_{Iv} жауапкершілік коэффициенттерінің мәндері берілген (7.4-кестені қараңыз).

7.4.4 I, II, III және IV функционалдық міндеті бойынша жауапкершілік кластарына жатқызылған инженерлік имараттар үшін γ_{Ih} және γ_{Iv} жауапкершілік коэффиценттерінің мәндерін 0,5, 1,0, 1,25 және сәйкесінше 1,5 деп қабылдау керек.

7.5 Есептік реакциялардың спектрі

7.5.1 Көлденең сейсмикалық әсер тәуелсіз деп саналатын және реакциялардың бірдей спектрімен сипатталатын екі ортогоналды құраушылармен сипатталады.

7.5.2 Ғимараттар мен имараттарды есептеу кезінде есепке алынатын сейсмикалық әсердің көлденең құраушылары үшін, $S_d(T)$ есептік реакциялардың спектрі (7.6) – (7.7) өрнек арқылы анықталады:

$0 \le T \le T_C$: $$S_d(T) = a_g \cdot \frac{2{,}5}{q}, \qquad (7.6)$$

$T \ge T_C$: $$S_d(T) = a_g \cdot \frac{2{,}5}{q} \cdot \left[\frac{T_C}{T}\right], \text{ бірақ } \beta \cdot a_g \text{ кемемес}, \qquad .. (7.7)$$

мұнда

$S_d(T)$ – сейсмикалық әсердің көлденең құраушысын сипаттайтын есептік реакциялардың спектрі;

T_C – 7.5-кестенің деректеріне сәйкес қабылданатын спектрлік үдеулер графигінің тұрақты ауданындағы кезеңнің максимал мәні;

T – көлденең бағытта бір еркіндік дәрежесі бар сызықтық жүйенің тербелістер кезеңі;

a_g – 7.5.5 тармағына сәйкес немесе Е қосымшасы бойынша анықталатын құрылыс алаңындағы есептік көлденең үдеу;

β – 0,2 қабылданатын көлденеңды құраушылар үшін есептік реациялар спектрінің төменгі шекарасының көрсеткіші;

q – мәні 7.6 бөлімшенің ережелеріне сәйкес анықталуы керек мінез-құлықтың коэффициенті.

Сейсмикалық әсердің көлденең құраушысы үшін есептік реакциялар спектрінің жалпы көрінісі 7.2-суретте көрсетілген.

7.5.3 Сейсмикалық әсерлердің тік құраушысы үшін $S_{vd}(T)$ есептік реакциялардың спектрі (7.8) және (7.9) өрнектері арқылы анықталады:

$$0 \le T_v \le T_{Cv}: \qquad S_{dv}(T) = a_{gv} \cdot \frac{2,25}{q}; \tag{7.8}$$

$$T_{Cv} \le T_v \le 2,0: \qquad S_{dv}(T) = a_{gv} \cdot \frac{2,25}{q} \cdot \left[\frac{T_{Cv}}{T_v}\right]^k, \tag{7.9}$$

мұнда

$S_{dv}(T)$ – сейсмикалық әсердің тік құраушысын сипаттайтын есептік реакциялардың спектрі;

T_{Cv} – 0,2 секундқа тең қабылданатын спектрлік үдеулер графигінің тұрақты ауданындағы кезеңінің максимал мәні;

T_v – тік бағытта бір еркіндік дәрежесі бар сызықтық жүйенің тербелістер кезеңі;

k – 7.6-кестенің деректеріне сәйкес қабылданатын дәреже көрсеткіші;

a_{gv} – 7.5.6-тармақтарына сәйкес анықталатын имарат алаңындағы есептік тік үдеу;

q – мәні 7.6 бөлімшенің ережелеріне сәйкес анықталуы керек жай-күйдің коэффициенті .

Сейсмикалық әсердің тік құраушысы үшін есептік реакциялар спектрінің жалпы көрінісі 7.3-суретте көрсетілген.

7.5.4 (7.8) және (7.9) өрнектері T_v мәні 2 секундтан аспайтын кездегі есептік реакциялар спектрінің мәнін анықтауға арналған. 2 секундтан астам T_v үшін $S_{dv}(T)$ спектрлерінің мәндерін құрылыс алаңдарының өзіне тән ерекшеліктерін есепке алатын арнайы зерттеулердің нәтижелерінің негізінде анықтау керек.

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан/Карибаев З. А.

7.5-кесте – T_C кезеңдерінің мәндері

Құрылыс алаңындағы топырақ жағдайларының түрлері	T_C, с мәндері
IA және IБ	0,48
II	0,72
III	0,96

7.6-кесте – *k* дәрежесі көрсеткішінің мәні

Құрылыс алаңындағы топырақ жағдайларының түрлері	*k* мәні
IA және IБ	0,60
II	0,45
III	0,35



7.2-сурет



7.3-сурет

7.5.5 Құрылыс алаңындағы a_g есептік көлденең үдеудің мәнін өрнек арқылы анықтау керек (7.10):

$$a_g = \max \begin{Bmatrix} a_{g(475)} \\ \frac{2}{3} \cdot a_{g(2475)} \end{Bmatrix} \qquad (7.10)$$

$a_{g(475)}$ және $a_{g(2475)}$ мәндерін анықтауға арналған өрнектер 6.3.2-де берілген.

7.5.6 a_{gv} ең жоғарғы есептік тік үдеудің мәнін 7.7-кестеде келтірілген деректерге сәйкес анықтау керек.

7.7-кесте – a_{gv} және a_g мәндерінің қатынастары

Құрылыс алаңындағы топырақ жағдайларының түрі	a_g мәндері кезіндегі a_{gv}/a_g қатынастары		
	$a_g \leq 0,12g$	$0,12g < a_g \leq 0,4g$	$a_g > 0,4g$
IA, IБ, II және III	0,7	0,8	0,9

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан|Кадирбаева З. А.

7.6 Мінез-құлық коэффициенті

7.6.1 Биіктігі бойынша тұрақты ғимараттар мен имараттарға есептік көлденең сейсмикалық жүктемелерді анықтау кезінде есепке алынатын *q* мінез-құлық коэффициентінің мәндері:

ғимараттар үшін –7.8-кестеде;

инженерлік имараттар үшін – 7.9-кестеде келтірілген.

Ескертпе – Биіктігі бойынша тұрақты және тұрақты емес ғимараттар мен имараттардың анықтамалары Ж қосымшасының Ж.2 бөлімшесінде берілген.

7.6.2 Ғимараттар мен имараттарға, олардың конструктивті түріне, конфигурациясына, сондай-ақ параметрлері мен күш түсетін конструкциялардың материалына қарамастан, есептік тік сейсмикалық жүктемелерді анықтау кезінде есепке алынатын *q* мінез-құлық коэффициентінің мәндерін 1,5 қабылдау керек.

7.6.3 7.8, 7.9-кестелерінде және 7.6.2-тармағында келтірілген *q* мінез-құлық коэффициентінің мәндерін эксперименттік-теориялық зерттеулердің қорытындылары бойынша айқындауға рұқсат беріледі.

7.6.4 7.8 және 7.9-кестелерінде келтірілген мінез-құлық коэффициентінің мәндері жобалық шешімдер, ғимараттар мен имараттар конструкцияларының орындалу сапасын, сондай-ақ оларды орындау сапасын бақылау белгіленген талаптарға (1.8 және 5.4-тармақтарды қараңыз) сәйкес келеді деген болжаммен қабылданған.

7.6.5 Егер ғимарат (имарат), бір немесе бірнеше қабаттарда (деңгейлерде) тік тірек конструкциялардың массасы кенет ұлғайғаннан немесе қаттылығы азайғаннан басқа іргелес қабаттарға (деңгейлерге) қарағанда биіктігі бойынша тұрақсыз деп жіктелсе, онда сәйкес қабаттардың (деңгейлердің) конструкцияларындағы көлденең сейсмикалық әсердің есептік нәтижелері ұлғаю керек.

Ескертпе – Биіктігі бойынша тұрақсыз ғимараттарға:

– төменгі немесе аралық иілгіш қаңқалы қабаттары бар ғимараттарды;

– ростверкі биік қадалы іргетастардағы ғимараттарды;

– басқа іргелес қабаттарға қарағанда бір немесе бірнеше қабаттарда тас толтырғыштың қаттылығы кенет азаятын қаңқалы ғимараттарды (қаттылық пен қабырғаларының тік тіреулері жоқ) жатқызу керек.

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан | Сарибаева З. А.

7.8-кесте – Биіктігі бойынша тұрақты ғимараттар үшін мінез-құлық коэффициентінің мәндері

(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 08.04.2024 ж. №51-НҚ бұйрық).

Ғимараттардың конструктивті типтері	*q* коэффициентінің мәндері
1 Конструкцияларында зақымдар немесе серпімсіз деформациялары бар ғимараттарға рұқсат берілмейді.	1,0
2 Қаңқасыз ғимараттар: монолитті темір бетоннан күш түсетін қабырғалары бар, ірі панельді, көлемді-блокті: а) 6 метрден аспайтын аралықта орналасқан сыртқы және ішкі күш түсетін қабырғалары бар, және қабырғаларға төрт жағынан тірелетін үстіңгі жабындары бар айқас қабырғалы конструктивті жүйелердің; б) басты бағыттардың бірінде бір күш түсетін қабырғасы бар айқас-қабырғалы конструктивті жүйелердің; в) басқа қабырғалы конструктивті жүйелердің.	 5,0 3,3 4,0
3 7- және 8-тармақтарда көрсетілгеннен басқа қаңқалы ғимараттар: а) бағаналар мен ригельдердің байланысуының барлық қатты түйіндеріне ие кеңістіктік рамалы қаңқалары бар; бағаналар мен ригельдердің байланысуының барлық қатты түйіндеріне ие рамалы-байланыстыру қаңқалары бар; байланыстырғыш қаңқалары бар; қаңқалы-қабырғалы конструктивті жүйелердің, б)-да көрсетілгеннен басқа барлық конструктивті жүйелердің бір қабатты қаңқасы; б) қаттылықтың және байланысулардың тік диафрагмаларынсыз ригельсіз қаңқалары; в) а) және б)-да көрсетілгендерден басқа, басқа конструктивті жүйелердің.	4,0 2,5 3,3
4 Тас-монолитті ғимараттар	3,5
5 Кешендік конструкцияның кірпіш (тас) қалауларынан жасалған күш түсетін қабырғалары бар ғимараттар.	3,3
6 Сейсмикаға қарсы іс-шараларымен арматураланған кірпіш (тас) қалаудан жасалған күш түсетін қабырғалары бар ғимараттар.	3,0
7 Айналмалы-икемді конструктивті жүйелер.	2,0
8 «Төңкерілген маятник» типіндегі конструктивті жүйелер.	1,5
9 Ағаш күш түсетін конструкциялардан жасалған ғимараттар: а) сұққыштармен және бұрандамалармен байланысқан статикалық ажыратылмайтын порталды қаңқалар түрінде; б) шегелермен және бұрандамалармен байланысқан шегелі қабырғалы панельдер түрінде;	 3,0 4,0
10 жергілікті имарат материалдарынан жасалған тірек қабырғалары бар ғимараттар (саманнан, саз балшықтан, қам кірпіштен жіне соған ұқсастардан). Сейсмикаға қарсы іс-шаралар жүргізілмеген арматураланбаған кірпіш (тас) қалаудан жасалған күш түсетін қабырғалары бар ғимараттар.	арнайы зерттеулер нәтижелері бойынша немесе аумақтық нормалар бойынша

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан Карибаева З. А.

7.9-кесте – Инженерлік имараттар үшін мінез-құлық коэффициентінің мәндері

Имараттың конструктивті түрлері	*q* коэффициентінің мәні
1. Еркін тұрған мұнаралар, түтінді құбырлар және діңгек түріндегі имараттар:	
а) толық биіктігінің жартысынан астам бойымен кермесіз консольдар сияқты жұмыс істейтін күш түсетін темірбетонды немесе болат конструкциялары бар;	2,5
б) олардың толық биіктігінен жартысынан кем ұзындықта ванттық емес консольдер секілді жұмыс істейтін немесе конструкция массасысының орталық деңгейіндегі немесе ол деңгейден жоғары керіп бекітілген күш түсетін темірбетонды және болат конструкциялары бар;	3,5
в) кірпіш (тас) конструкция қалауы бар.	2,5
2. Жоғары деңгейлерінде орналасқан қоймалар мен ыдыстарға тірек болып қызмет ететін жалғыз тіреулер мен мұнаралар түріндегі имараттар.	1,5
3. Сүрлем мұнаралары мен элеваторлары түріндегі имараттар.	3,5
4. Имараттар түрлері:	
а) толтырылмаған рамалы қаңқалы этажеркалар;	3,0
б) толтырылмаған ригельсіз қаңқалы этажеркалар.	2,0
5. Айналмалы-икемді имараттар.	2,0
6. 1-5 тармақтарда көрсетілмеген имараттар.	3,0

7.6.6 *7.6.5-тармақты сақтау үшін тиісті қабаттардың (деңгейлердің) конструкцияларындағы көлденең сейсмикалық әсер етудің есептік әсерлерін (7.11) арқылы есептелген өрнектің көмегімен есептелген f_{vk} жоғарылататын коэффициенттерімен қабылдау керек:

$$1{,}0 \le f_{\mathrm{vk}} = 1{,}2 \cdot r_{\mathrm{ek}} - 0{,}5 \le q, \qquad (7.11)$$

онда

$$r_{\mathrm{ek}} = \frac{d_{\mathrm{e,k}} \cdot h_{\mathrm{k+1}}}{d_{\mathrm{e,k+1}} \cdot h_{\mathrm{k}}} \ge 1{,}25 \quad (7.12а) \quad \text{және} \quad r_{\mathrm{ek}} = \sqrt{\frac{m_{\mathrm{j}} \cdot c_{\mathrm{j-1}}}{m_{\mathrm{j-1}} \cdot c_{\mathrm{j}}}} \ge 1{,}25 \quad (7.12б)$$

(7.12 а) және (7.12 б) деген сөйлемде:

$d_{e,k}$ и $d_{e,k+1}$ – k қабатының жоғарғы және төменгі жабындарының және k+1 қабатының орташа көлденең орын ауыстыруының есепті сейсмикалық жүктемелерге жауап беретін айырмасы; $d_{re,k}$ және $d_{re,k+1}$ анықтау кезінде кездейсоқ айналудың әсері ескерілмейді;

h_k және h_{k+1} – k және k+1 қабаттардың биіктігі;

m_j және c_j – көп қабатты ғимараттың соңғы (j) қабатының немесе екі қабатты ғимараттың екінші қабатының массасы және көлденең қаттылығы;

m_{j-1} және c_{j-1} – көп қабатты ғимараттың немесе екі қабатты ғимараттың бірінші қабатының төменгі орналасқан (j-1) қабатының массасы және көлденең қаттылығы *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 05.06.2019 ж. №86-НҚ бұйрық)*.

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан|АКЗирибаева З.А.

7.6.7 Егер конструктивті жүйенің жіктелуі мен оның биіктігі бойынша орнықтылықтары әр түрлі көлденең бағыттар бойынша ерекшеленетін болса, онда q мінез-құлық коэффициентінің және f_{vk} коэффициентінің мәндері әр түрлі болуы мүмкін.

7.7 Жоспардағы ғимараттың кездейсоқ бұралуының әсері

7.7.1 7.3.1-тармағына сәйкес анықталатын көлденең сейсмикалық жүктемелерден бөлек, массалардың орналасуының белгісіздігі мен сейсмикалық қозғалыстың кеңістіктік вариацияларымен көзделген ғимараттың кездейсоқ айналу тұрғысындағы әсерлерін есепке алу керек.

7.7.2 массалардың орналасуының белгісіздігі мен сейсмикалық қозғалыстың кеңістіктік вариацияларымен көзделген айналу әсерлерін есепке алу үшін, ғимараттың әр қабатындағы массалардың есептік орталықтарын сейсмикалық күштер әрекетінің ортогональды бағытында e_{ak} ара-қашықтыққа номиналды қалпына қатысты жылжытылған секілді қарастыру керек:

$$e_{ak}=\pm 0{,}05\cdot L_k\cdot f_{ek}, \qquad (7.13)$$

7.13-өрнегінде:

e_{ak} – ғимараттың барлық қабаттарында бірдей бағытта қабылданатын k-қабат массасының кездейсоқ эксцентриситеті;

L_k – сейсмикалық күштердің әрекеті бағытына перпендикуляр бағытта k-қабаттың жабынынң көлемі;

f_{ek} – k-қабаттың деңгейіндегі тұрғыда ғимараттың тұрақсыздығын есепке алатын коэффициент.

Ескертпелер

1 Жалпы жағдайда 7.7.2-тармағын қолдану массалардың жылжу бағыттары мен белгілері әр түрлі қарастырылатын ғимараттың немесе имараттың төрт есептік моделін пайдалану қажеттілігіне алып келеді. Егер номиналды қалпынан ең көп әсерді қамтамасыз ететін массалардың жылжу бағыты мен белгісі айқын болса, онда номиналды қалпынан массалардың жылжуы бір бағыт бойынша, бірақ әр түрлі белгілермен көзделетін екі есептік модельдермен шектелуге жол беріледі.

2 Кездейсоқ эксцентриситеттерді жоспардағы көлемі 30 м-ден кем емес ең үлкен және бұл ретте Ж қосымшасының Ж.3.1 тарауларының барлық ережелеріне сәйкес келетін ғимараттар үшін есепке алмауға жол беріледі.

7.7.3 Жоспардағы тұрақты және тұрақты емес конструктивті жүйелер үшін f_{ek} коэффициентінің мәнін (Ж қосымшасының Ж.3 тармақшасын қараңыз) мына өрнектің көмегімен анықтау керек:

$$f_{ek}=\rho\cdot\left(\frac{\delta_{kmax}}{1{,}1\delta_{kav}}\right)^4, \qquad \text{мұнда} \quad \rho\le f_{ek}\le 3{,}0. \qquad (7.14)$$

(7.14) өрнегінде:

δ_{kmax} – k-қабаттың беткі жабынының максимал жылжуы;

δ_{kav} – k-қабаттың беткі жабынының орта арифметикалық жылжуы;

ρ – мәнін мына жағдайларда қабылдау керек коэффициент:

1,0 – егер Ж қосымшасының Ж.3.1 тармағында келтірілген барлық өлшемдер сақталса;

1,2 – егер Ж қосымшасының Ж.3.1 тармағында келтірілген бір немесе бірнеше өлшем сақталмай, бірақ Ж.3.2 тармағында келтірілген барлық өлшемдер сақталса;

1,3 – в пунктах Ж.3.2 а), б) и в) тармақтарында келтірілген өлшемдер сақталып, бірақ, Ж.3.2 г) тармағындағы өлшемдер немесе ең болмаса Ж.3.2 д) тармағындағы өлшемдердің біреуі сақталса;

2,5 – егер конструктивтік жүйе жоспарда айналмалы-икемді болып табылса.

Жылжулардың қабылданған шарттық белгілері 7.4-суретте көрсетілген.



7.4-сурет

7.7.4 Балама ретінде айналу әсерлері k-қабаттың тік өсіне қатысты әрекет ететін M_{ak} статикалық айналу кездерінің сәйкес жиынтықтарынан туындаған салдарлы әсерлер ретінде анықтала алады:

$$M_{ak} = e_{ak} \cdot F_k, \tag{7.15}$$

мұнда

M_{ak} – k-қабаттың үстіне, оның тік өсіне қатысты, жабынға тіркелген айналу кезі;

e_{ak} – ғимараттың барлық маңызды бағыттары үшін (7.13) өрнегіне сәйкес анықталатын k-қабат массасының кездейсоқ эксцентриситеті;

F_k – k-қабатқа қарастырылып жатқан бағытта әрекет ететін көлденеңді күш.

7.7.5 7.7.4-ке сәйкес анықталған айналу әсерлерін ғимараттың барлық қабаттарына бірдей қабылданатын оң және теріс белгілермен есепке алу керек.

7.8 Сейсмикалық әсердің әсерін анықтау

7.8.1 Сейсмикалық ықпалдың әсерлерін анықтау кезінде ғимараттың жалпы реакциясына айтарлықтай әсер ететін тербелістердің барлық пішіндерін есепке алу қажет.

7.8.2 7.8.1 тармақтың талаптары егер төменде көрсетілген шарттардың кез-келгені сақталса, орындалған болып саналуы мүмкін:

– тербелістердің есепке алынатын формалары үшін тиімді модалды массалардың сомасы ең кем дегенде ғимараттың жалпы массасынан 90 % құрайды;

– жалпы массасынан 5 % асатын тиімді модалды массалары бар тербелістердің басрлық пішіндері есепке алынады.

7.8.3 7.8.2-де келтірілген шарттар ғимараттың әр мәнді бағыты үшін тексерілген болуы керек.

7.8.4 7.8.2-дегі шарттар орындалуы мүмкін емес болса, (мысалы, жергілікті тербелістердің елеулі үлесі бар ғимараттарда), онда сейсмикалық ықпалдың әсерлерін анықтау кезінде тек кезеңдері $0{,}15T_1$ (мұнда T_1 – қарастырылып жатқан бағытта ғимараттың жеке тербелістерінің бірінші пішінің кезеңі) және 0,1 с-тан асатын ғимарат тербелістерінің пішіндерін есепке алуға жол беріледі.

7.9 Сейсмикалық әсер компоненттерінің модальды реакцияларының комбинациясы

7.9.1 Тербелістердің екі пішініне сәйкес келетін сейсмикалық әсердің бір құраушысынан болатын ғимараттың реакциялары, егер бұл пішіндердің T_i және T_{i+1} кезеңдері (7.16) шартын қанағаттандырса ($T_{i+1} \leq T_i$ болғанда), бір-біріне тәуелсіз ретінде қарастырыла алады:

$$T_{i+1} \leq 0{,}9 \cdot T_i. \qquad (7.16)$$

7.9.2 Егер барлық мәнді модалды реакциялар бір-біріне тәуелсіз ретінде қарастырылатын болса, онда бір құраушыдан сейсмикалық ықпал әсерінің E_E максимал шамасы «шаршылар сомасынан шаршылық түбір» ретінде анықтала алады:

$$E_E = \pm\sqrt{\Sigma E_{Ei}^2}, \qquad (7.17)$$

мұнда

E_E – қарастырылып жатқан сейсмикалық ықпалдың әсері (күші, жылжуы және т.б.);

E_{Ei} – тербелістің i-пішіні бойынша сейсмикалық ықпал әсерінің мәні.

7.9.3 Егер (7.9.1) шаты орындалмай жатса, онда бір құраушыдан модалды максимумдар комбинациясы үшін «толық шаршылық үйлесім» сияқты нақты рәсімдер қабылдануы керек.

«Толық шаршылық үйлесім» рәсіміне сәйкес модалды максимумды жинақтау үшін өрнектің түрі мынадай:

$$E_E = \pm\sqrt{\sum_{i=1}^{n}\sum_{j=1}^{n} E_{Ei}E_{Ej}\rho_{ij}}, \qquad (7.18)$$

мұнда ξ_i және ξ_j демпфирлеу көрсеткіштерінің мәндері бірдей болғанда (қиыннан үлестерінде) i және j тербелістер пішіндері үшін ρ_{ij} корреляциялық коэффициенті (7.19) өрнектің көмегімен анықтала алады:

$$\rho_{ij} = \frac{8\xi^2\left(1 + r_{ij}\right)r_{ij}^{1,5}}{(1 - r_{ij}^2) + 4\xi^2 r_{ij}(1 + r_{ij})^2}. \qquad (7.19)$$

(7.19) өрнегінде $r_{ij}=T_j/T_i$ ($T_i \geq T_j$ болғанда).

7.9.4 Жалпы жағдайда сейсмикалық әсердің көлденеңды құраушылары бір уақытта әрекет ететінін қабылдау керек.

7.9.5 Сейсмикалық әсердің көлденеңды құраушыларының ғимаратқа немесе имаратқа бір уақыттағы әрекеттерінің әсерлерін есепке алу үшін модалды реакциялардың жиынтықтары мынадай түрде құрылуы мүмкін:

а) алдымен, (7.17) немесе (7.18) модалды реакцияларын құрамдастыру ережелерін пайдалана отырып, сейсмикалық әсердің әрбір жекелеген құраушысына ғимараттың немесе имараттың максимал реакциясы бағалануы керек;

б) сосын, екі құраушыдан болған сейсмикалық әсердің максимал шамасын анықтау үшін (7.20) құрамдастыру ережесін қолдану керек, мұнда E_{Ex} және E_{Ey} әр көлденең құраушыдан болған әсерлердің максимал мәндері:

$$E_E = \pm\sqrt{E_{Edx}^2 + E_{Edy}^2}\ , \qquad (7.20)$$

7.9.6 Балама ретінде екі көлденеңды құраушылардың бір уақыттағы әрекетімен шартталған сейсмикалық ықпалдың әсерлері мына екі комбинацияны қолдана отырып есептелуі мүмкін:

$$\text{а) } E_{Edx} \text{ “+” } 0{,}30 \cdot E_{Edy}, \qquad (7.21)$$

$$\text{б) } 0{,}30 \cdot E_{Edx} \text{ “+” } E_{Edy}, \qquad (7.22)$$

мұнда

“+” – «…-мен комбинацияны» тұспалдайды;

E_{Edx} – x ғимараттың таңдалған көлденең өсі бойымен сейсмикалық ықпал қоюдан болған әсерлер болып табылады;

E_{Edy} – y ғимараттың ортогональдық көлденең өсі бойымен сейсмикалық ықпал қоюдан болған әсерлер болып табылады.

(7.21) және (7.22) комбинацияларындағы әрбір құраушының белгісін қарастырылып жатқан ықпалдың әсері үшін ең қолайсыз деп қабылдау керек.

7.9.7 Сейсмикалық әсердің көлденең және тік құраушыларының бір уақыттағы әрекетінен болған әсерлерін есепке алу үшін, сейсмикалық әсердің үш құраушысына таралатын (7.23) немесе (7.24) - (7.26) комбинациялары қолданылуы мүмкін:

$$E_E = \pm\sqrt{E_{Edx}^2 + E_{Edy}^2 + E_{Edz}^2}\ . \qquad (7.23)$$

немесе

$$E_{Edx} \text{ “+” } 0{,}30 \cdot E_{Edy} \text{ “+” } 0{,}30 \cdot E_{Edz}; \qquad (7.24)$$

$$0{,}30 \cdot E_{Edx} \text{ “+” } E_{Edy} \text{ “+” } 0{,}30 \cdot E_{Edz}; \qquad (7.25)$$

$$0{,}30 \cdot E_{Edx} \text{ “+” } 0{,}30 \cdot E_{Edy} \text{ “+” } E_{Edz}; \qquad (7.26)$$

мұнда

“+” – «…-мен комбинацияны» тұспалдайды;

E_{Edx} немесе E_{Edy} – 7.9.6 тармағындағыдай;

E_{Edz} – z ғимараттың тік өсі бойымен бағытталған сейсмикалық ықпалдан болған әсерлер.

7.10 Ғимараттардың күш түспейтін элементтеріне есептік сейсмикалық жүктемелер

7.10.1 Тоқтап қалуы кезінде адамдар үшін қауіпті болуы мүмкін және ғимараттың негізгі конструкциясына немесе маңызды құрылғының жұмыс істеуіне әсер етуі мүмкін күш түспейтін конструктивтік және конструктивтік емес ғимараттар элементтері (рамалар, қалқандар, қоршаулар, механикалық құрылғы және басқалары), олардың бекітілу элементтерімен бірге сейсмикалық әсерге қарсыласуға тексерілуі керек.

7.10.2 Ғимараттарға сейсмикалық жүктемені қабылдауға қатыспайтын тірек емес қабырғалық элементтердің (мысалы, қалқандардың және қаңқалардың толтыруларының), сондай-ақ олардың ғимараттардың тірек конструкцияларына бекітілуінің беріктігі қабырғалық элементтердің жазықтығынан әрекет ететін көлденең сейсмикалық жүктемелерге есеппен расталуы керек.

7.10.3 Кірпіш (тас) қалаулардан өздігінен тірейтін қабырғалар және олардың қаңқамен байланысын жазықтықтан жазықтыққа әрекет ететін көлденеңдік сейсмикалық жүктемелерге, сондай-ақ тік сейсмикалық жүктемелерге есептеу керек. Жазықтықтан болған өздігінен тірейтін қабырғалардың беріктігі олардың қаңқамен бірге жылжуларынан туындайтын күштердің әрекетіне тексерілуі керек.

7.10.4 Аспалы панельдер мен қасбеттік жүйелерді, сондай-ақ олардың ғимараттардың конструкцияларына бекітілуін олардың жазықтығынан әрекет ететін сейсмикалық жүктемелерге, сондай-ақ егер олар конструкцияларына өздері бекітілген қабаттардың көлденең қисықтығы кезінде туындаған күштерге сейсмикалық жүктемелерді қабылдауға қатысатын болса, есептеу керек.

7.10.5 Жауапкершілігі ерекше конструктивті емес элементтердің немесе қирауы ерекше қауіпті болатындардың сейсмикалық әсерлерге есебі шынайы модельге және оған тірек емес элементтердің бекітілу жеріндегі негізгі конструктивті жүйелердің реакцияларына сәйкес келетін реакциялар спектрін пайдалануға негізделуі керек. Барлық басқа жағдайларда 7.10.6–7.10.10 тармақтарында келтірілген жеңілдетілген ережелерді қолдануға жол беріледі.

7.10.6 Сейсмикалық ықпал әсерлері күш түспейтін конструкцияларға F_a көлденең күш салу арқылы анықталуы мүмкін:

$$F_a = \frac{S_a \cdot W_a \cdot \gamma_a}{q_a}, \qquad (7.27)$$

мұнда

F_a – массасының орталығында жинақталған ретінде шартты қабылданған күш түспейтін элементтің қарастырылатын бағытындағы көлденеңды сейсмикалық күш;

S_a – күш түспейтін элементтер үшін сейсмикалық коэффициент (7.10.7 тармақтарын қараңыз);

W_a – күш түспейтін элементтің салмағы;

γ_a – күш түспейтін элементтің жауапкершілік коэффициенті (7.10.10 тармақтарын қараңыз);

q_a – күш түспейтін элемент үшін мінез-құлық коэффициенті (7.10-кестені қараңыз).

7.10.7 S_a сейсмикалық коэффициентін мына өрнек арқылы анықтау керек:

$$S_a = 1{,}5 \cdot a_g \cdot a_p, \qquad (7.28)$$

мұнда

a_g – сейсмикалық әсердің ғимаратқа қарқындылығын сипаттайтын g үлестеріндегі есептік үдеу;

a_p – күш түспейтін элементтің тербелістерінің ықтимал күшеюін есепке алатын динамикалық коэффициент (7.10-кестені қараңыз).

7.10.8 (7.27) өрнекте конструктивті емес элемент массасының орталығында шартты түрде қабылданған F_a, көлденең сейсмикалық күш, осы элементті тексеру кезінде оның массасының нақты таралуына сәйкес салынуы керек.

7.10.9 γ_a - жауапкершілік коэффициентін 1,5-нан кем емес қабылдау керек:

– адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті машиналар мен құрылғылардың бөлшектері мен бекітілу элементтері үшін;

– улы және жарылғыш заттардан тұратын, халық үшін қауіпті деп қарастырылатын резервуарлар мен ыдыстар үшін.

Барлық басқа жағдайларда күш түспейтін конструктивтік және конструктивтік емес элементтер үшін γ_a жауапкершілік коэффициенті γ_a=1,0 тең деп қабылдануы мүмкін.

7.10-кесте – Ғимараттардың күш түспейтін элементтері үшін a_p және q_a коэффициенттерінің мәндері

№	Күш түспейтін элементтердің түрлері	a_p	q_a
	Консольды элементтер		
1	Консольді типті қабырғалар мен қалқандар (мысалы, тек негізінде ғана бекітілген рамалар мен фронтондар).	2,5	2,5
2	Табло және жарнама қалқандары. Толық биіктігінің жартысынан аса ұзындықта ванттық емес консольдер ретінде жұмыс істейтін түтін шығаратын және сорып алатын мұржалар, бағаналардағы діңгектер мен резервуарлар. Ғимарттың үстінен салынатын және оған қарағанда қимасы мен массасы азғантай имараттар.	2,5	
3	Толық биіктігінің жартысынан кем ұзындықта ванттық емес консольдер ретінде жұмыс істейтін немесе конструкция массаларының орталық деңгейінде немесе одан жоғары керіліп бекітілген құбырлар, бағаналардағы діңгектер мен резервуарлар.	1,5	
	Күш түспейтін конструктивті элементтер (консольділерден басқа)		
4	Аспалы панельдерден қабырғаларды қоршап тұратын аспалы қасбеттік жүйлере және қаптау элементтері;	2,0	2,5
	Аспалы қасбеттік жүйлердің және қасбеттік панельдердің бекітілу элементтері		2,0
5	Өздігінен тірейтін қабырғалар, безендіруші элементтер	1,5	2,5
	Өздігінен тірейтін және безендіруші элементтердің бекітілу элементтері		2,0
6	Қалыңдығы биіктігіне 1/10 кем емес қатысты тірек емес қабырғалар мен қалқандар және олардың бекітілулері	1,0	2,5
7	Қалыңдығы биіктігіне 1/20 кем қатысты тірек емес қабырғалар мен қалқандар және олардың бекітілулері	2,0	2,0
8	Қалыңдығы биіктігіне 1/20 асатын, бірақ 1/10 кем емес қатысты тірек емес қабырғалар мен қалқандар	Интерполяция бойынша (6 және 7 тармақтарды қараңыз)	
	Бекіту үшін элементтер		
9	Машиналар мен құрылғылардың бекітілу бөлшектері мен элементтері	1,0	2,0
10	Жабынға орнатылған шкафтра мен кітап стеллаждарын	1,0	
11	Ілме төбелер мен жарықтандыру құралдарын	1,5	
Ескертпе – a_p және q_a коэффициенттерінің мәндерін эксперименттік және теориялық зерттеулердің қорытындылары бойынша айқындауға жол беріледі.			

7.10.10 Күш түспейтін конструктивтік және конструктивтік емес элементтерге есептік сейсмикалық жүктемелерді спектрлік әдіспен анықтау кезінде:

– ғимарат үшін q мінез-құлық коэффициентінің мәнін 1,0 қабылдау керек;

– мінез-құлық коэффициентінің мәні q_a күш түспейтін конструктивтік және конструктивтік емес элементтерге 7.10-кестесінің мәніне сәйкес қабылдау керек;

– күш түспейтін конструктивтік және конструктивтік емес элементтер үшін γ_a мінез-құлық коэффициентінің мәнін 7.10.9 тармағына сәйкес қабылдау керек.

7.10.11 Егер күш түспейтін конструктивтік және конструктивтік емес элементтерге технологиялық немесе табиғи-климаттық әсерлер сейсмикалық әсерлерден жоғары болса, онда жобалау кезінде оларды анықтаушы ретінде қарастыру керек.

7.11 Ғимараттар қабаттарының көлденең қисаюын тексеру

7.11.1 Адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін және қабырғалық толтырулардың, қалқандардың, витраждардың және басқа күш түспейтін элементтердің қирауын алдын-алу үшін ғимарат қабаттарының көлденең қисаюын шектеу керек.

7.11.2 И қосымшасына сәйкес анықталатын d_{rs} ғимарат қабаттарының көлденең қисаюы 7.11.3 тармағына сәйкес шектелген болса, онда 7.11.1 тармағының талабы орындалды деп саналады.

7.11.3 7.11.1 тармағының талабына жауап беретін d_{rs} қабаттардың көлденең қисаюының жол берілетін шамалары (7.29) шартқа сәйкес болуы керек:

$$d_{rs} \le \frac{h \cdot \varepsilon}{q} \qquad (7.29)$$

мұнда

d_{rs} – ғимаратқа есептік сейсмикалық жүктемелер кезінде қабаттың қисаюы;

h – қабаттың биіктігі;

q – 7.6 бөлімшенің ережелеріне сәйкес қабылданатын коэффициент;

ε – 7.11-кесте бойынша қабылданатын коэффициент.

Ескертпе

1 ε коэффициентінің мәнін эксперименталдық зерттеулердің қорытындылары бойынша айқындау керек.

2 Егер бір немесе бірнеше қабаттардың қисаю шамалары 7.11.3 тармақтың талаптарына жауап бермесе, онда бұл қабаттардың көлденең қаттылығы ұлғаю керек.

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности строительства и жилищно-коммунального хозяйства Республики Казахстан Карибаева З. А.

7.11-кесте – ε кэффициентінің мәні

Ғимараттың күш түспейтін қабырғалық конструкциялары мен күш түспейтін конструкциялары арасындағы байланыстар	ε коэффициентінің мәні
1. Күш түспейтін және күш түсетін конструкциялардың сейсмикалық әсерлері кезінде жеке-жеке жұмысты қамтамасыз ететін.	0,020
2. Сейсмикалық әсерлер кезінде пластикалық материалдардан орындалған күш түспейтін конструкциялардың және күш түсетін конструкциялардың жеке-жеке жұмысын қамтамасыз етпейтін.	0,015
3. Сейсмикалық әсерлер кезінде қатты материалдардан орындалатын күш түспейтін конструкциялардың және күш түсетін конструкциялардың жеке-жеке жұмысын қамтамасыз етпейтін.	0,010

7.12 Екінші түрдің әсерін есепке алу

7.12.1 Конструктивті жүйенің көлденең қаттылығын таңдау кезінде, сейсмикалық ықпал әсерлерін ықшамдауға тырысудан бөлек (есептік реакциялар спектрінің арнайы ерекшеліктеріне негізделе отырып) екінші түрдегі әсерлердің (P-Δ әсерлердің) пайда болуына және күш түсетін конструкциялардың тұрақсыздығы мен шамадан тыс зақымдануына алып келуге қабілетті, оның шамадан тыс көлденең жылжуын шектеу қажеттілігіне назар аудару керек.

7.12.2 Егер ғимараттың барлық қабаттары үшін (7.30) шарт орындалып жатса, онда екінші түрдегі әсерлер (P-Δ әсерлер) есепке алынбауы мүмкін:

$$\theta = \frac{P_{\text{tot}} \cdot d_{\text{r}}}{V_{\text{tot}} \cdot h} \leq 0{,}10 \,. \qquad (7.30)$$

(7.30) өрнегінде:

θ – мәні қарастырылып жатқан қабаттың жоғарғы (k+1) және төменгі (k) жабынының d_{s} орташа көлденең жылжуларының әр түрлілігіне байланысты коэффициент;

P_{tot} – қарастырылып жатқан қабатқа және оның үстіне толық гравитациялық жүктеме;

d_{r} – есептік сейсмикалық әсерден туындаған қабаттың жоғарғы (k+1) және төменгі (k) d_{s} жабынының орташа көлденең жылжуларының әр түрлілігі (7.5-сурет);

V_{tot} – қарастырылып жатқан қабаттың деңгейіндегі жиынтық сейсмикалық көлденең күш;

h – қарастырылып жатқан қабаттың биіктігі.

7.12.3 Сызықтық есептеуді орындау кезінде есептік қарастырылып жатқан қабаттың сейсмикалық әсерден туындаған жоғарғы және төменгі жабынының d_{s} жылжуы мына жеңілдетілген өрнектің көмегімен анықтала алады:

$$d_{\text{s}}=q_{\text{d}}\cdot d_{\text{e}}, \qquad (7.31)$$

мұнда

d_{s} – есептік сейсмикалық әсерден туындаған конструктивтік жүйе нүстесінің жылжуы;



Рисунок. 7.5

q_d – q коэффициентіне тең, егер басқасы анықталмаса, мінез-құлықкоэффициенті (d_s жылжуды анықтау кезінде);

d_e – есептік сейсмикалық жүктемелер кезінде сызықтық есептің қорытындылары бойынша анықталған конструктивтік жүйенің діл сол нүктесіне жылжуы.

7.12.4 Егер $0,1<\theta\leq0,2$, онда екінші түрдегі әсерлерді $1/(1-\theta)$ тең коэффициентке сейсмикалық ықпал әсерлерін көбейтіп, жуықтап есепке алуға болады.

7.12.5 θ коэффициентінің мәні 0,3-тен аспауы керек. Егер есептердің қорытындылары бойынша θ коэффициентінің мәні 0,3-тен асып түрса, онда ғимараттың конструктивтік сызбасы қайта қаралуы керек.

7.12.6 Сейсмикалық тербелістерге сезімтал жабдығы бар ғимараттар мен имараттар үшін қосымша тексерістер талап етілуі мүмкін.

8 БЕРІКТІК ПЕН ОРНЫҚТЫЛЫҚҚА ЕСЕПТЕУ

8.1 Сейсмикалық ықпалдарды ескере отырып, ғимараттарды және имараттарды есептеу бірінші топтың шекті жағдайлары бойынша жүргізіледі. Технологиялық және пайдаланушылық талаптармен туындаған жағдайларда шекті жағдайлардың екінші тобы бойынша есептеу жүргізіледі.

8.2 Конструкцияларды беріктікке және орнықтылыққа есептеу кезінде, өзге нормативтік құжаттарға сәйкес қабылданатын жұмыс жағдайларының коэффициенттерінен басқа: 8.1-кесте бойынша тас, армотас, бетон, ағаш және болат конструкциялары үшін; 8.2 және 8.3-кестелері бойынша темірбетон конструкциялары үшін анықталатын жұмыс жағдайларының қосымша коэффициенттері енгізілуі керек.

8.3 Арматураның дәнекерленген қосылыстарын есептеу кезінде $\gamma_{S\tau}$ коэффициентінің мәнін доға және түйіскен дәнекер үшін – 0,9; ванна дәнекері үшін – 0,8 қабылданатын коэффициентке көбейту керек.

8.1-кесте – Жұмыс жағдайлары γ_τ коэффициентінің мәні

№	Конструкциялар	γ_τ коэффициентінің мәні
1	Тас, армотас, бетон	1,0
2	Ағаш	1,2
3	Болат: С235, С245, С255 болаттан жасалған элементтер (МЕМСТ 27772 бойынша) Өзге болаттардан жасалған элементтер дәнекерлеу қосылулары бұранда қосылулары	 1,3 1,2 1,0 1,1
Ескертпе – γ_τ мәнінің тұрақтылығына болат элементтерді есептеу кезінде 100-ден жоғары элементтердің иілімді кезде мәні 0,8-ге тең қабылданатын, 20 иілімді кезде – 1,0 тең, ал 100-ден 20-ға дейінгі иілімді кезде – интерполяция бойынша қабылданатын коэффициентке көбейтілуі керек.		

8.2-кесте – $\gamma_{b\tau}$ жұмыс жағдайлары коэффициентінің мәні

№ р.с.	Бетон түрі	Қысу беріктігі бойынша бетон класында бетонның $\gamma_{b\tau}$ жұмыс жағдайларының коэффициент мәндері			
		B7,5	B15	B30	B45
1	Ауыр	–	1,0	0,95	0,9
2	Жеңіл	1,0	1,0	0,9	–
3	Ұяшықты	1,0	0,9	–	–

Ескертпе – Бетонның аралық кластары үшін $\gamma_{b\tau}$ мәнін интерполяция бойынша анықтау керек. $\gamma_{b\tau}$ мәнінің көлденең күші бойынша шыбықты темірбетон элементтерінің беріктігін есептеу кезінде 0,9 коэффициентіне көбею керек.

8.3-кесте – $\gamma_{S\tau}$ жұмыс жағдайлары коэффициентінің мәні

Арматуралар класы	Мыналарда $\gamma_{S\tau}$ арматура жұмысы жағдайлары коэффициентінің мәні		
	созылу		қысу
	R_S	R_{SW}	R_{SC}
A240, B500	1,20	0,9	1,0
A300	1,15		1,0
A400, A500	1,10		1,0
A600, A800, A1000, Вр1200÷Вр1500, К1400, К1500	1,00	–	0,9

8.4 *Конструктивтік жүйені, оның аударылуына және жылжуына (сырғуына) орнықтылығын тексеру кезінде қатты өзгермеген дене ретінде қарастыруға болады.

Аударылуға тексеру кезінде тік жүктемеден ұстап қалу сәті 1,5 коэффициенті бар көлденең жүктемеден аударылу сәтінен аспауы тиіс. Жылжытуға тексеру кезінде ұстап қалатын көлденең күш 1,2 коэффициентімен қолданыстағы жылжытылатын күштен аспауы тиіс.

Сейсмикалық әсердің тік компонентінен туындаған және гравитациялық жүктемелерге қарсы бағытталған тік сейсмикалық жүктемелердің салымын аударылуға және жылжытуға қарсы конструктивтік жүйелердің орнықтылығын тексеру кезінде елемеуге жол беріледі *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 05.06.2019 ж. №86-НҚ бұйрық)*.

9 ТҰРҒЫН, ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҒИМАРАТТАР

9.1 Жалпы ережелер

9.1.1 Ғимараттардың көлемді-жоспарлау және конструктивтік шешімдерін, олардың есеп жүктемелерінің негізгі және ерекше үйлесімдеріне тәуелсіз, 5.4 және 9.1.2 тармақтарының ережелерін ескере отырып қабылдау керек.

9.1.2 Ғимараттардың конструктивтік-жоспарлау шешімдері мынадай критерийлерге сәйкес келуі керек:

а) барлық тік конструкциялар, көлденең жүктемелерді қабылдайтын, қаттылық ядросы секілді, күш түсетін қабырғалары немесе бағаналары, ғимараттың іргетасынан жоғарғы жағына дейін немесе, әртүрлі белгілердегі биіктігі бойынша кертпештер болса, тиісті кертпештің жоғарғы жағына дейін үздіксіз болуы тиіс;

б) жеке қабаттардың көлденең қаттылықтары және массалары тұрақты болып қалуы немесе ақырындап негізден ғимараттың жоғарғы жағына кенеттен өзгерусіз төмендеуі керек;

в) жобадағы ғимараттар өлшемдерінің арақатынасы Ж қосымшасының Ж.3.1 г) немесе Ж.3.2 г) тармақтарында көрсетілген ережелерге сәйкес келуі керек;

г) жобадағы ғимараттардың конфигурациялары (оның ішінде жоспардағы бөлім тұрғысынан алғандағы шығыңқы және батыңқы өлшемдер) Ж қосымшасының Ж.3.1 д) немесе Ж.3.2 тармақтарының ережелеріне сәйкес келуі керек;

д) тас толтырғыштары бар жиекті қаңқаларда жоспардағы толтырғыштардың жүйесіздігінен, асимметриясыздығынан немесе тегіссіздігінен аулақ болу керек.

9.1.3 Ғимараттардың жоспардағы өлшемдері немесе сейсмикаға қарсы жіктердің арасындағы қашықтық 9.1-кестесінде көрсетілген өлшемдерден аспауы тиіс. Ғимараттар биіктігі (метрде) және қабаттар саны 9.2-кестесінде көрсетілгендерден артпауы керек.

9.1-кесте – Ғимараттардың жоспардағы шекті өлшемдері

Алаңдардың сейсмикалығы, баллмен	Сейсмикалық қасиеттері бойынша топырақ категорияларында ұзындығы (ені) бойынша өлшемдері, метрде		
	IA және IБ	II	III
7	150/80	150/80	96/80
8	96/80	96/80	72/60
9	96/60	72/60	60/60
10	60/45	60/45	45/36

Ескертпелер

1 Алымда металл қаңқа және темірбетон қаңқа және қабырға конструктивтік жүйелер үшін, ал бөлімде басқа материалдардан жасалған конструктивтік жүйелер үшін мәліметтер келтірілген.

2 Сейсмикалығы 8, 9 және 10 балл алаңдардағы құрылыс үшін жобаланған бір қабатты қаңқа ғимараттардың бөліктерінің шекті өлшемдерін 30% арттыруға рұқсат беріледі.

9.2-кесте – Биіктігі бойынша ғимараттардың шекті өлшемдері
(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 08.04.2024 ж. №51-НҚ бұйрық)

№ р.с.	Ғимараттың күш түсетін конструкциялары	Алаңдардың сейсмикалығы кезіндегі биіктік, м (қабаттардың саны), баллдарда			
		7	8	9	10
1	Металл қаңқалары: а) рамалық-байланыстырғыш және байланыстырғыш; б) рамалық	66 (20) 54 (16)	54 (16) 42 (12)	42 (12) 32 (9)	16 (4) 16 (4)
2	Темірбетон қаңқалары: а) рамалық-байланыстырғыш, байланыстырғыш ригельдік/ригельсіз (*темірбетон диафрагмалармен, қаттылық ядроларымен немесе болат байланыстармен*); б) рамалық; ригельсіз (*диафрагмалар мен қаттылық ядролары жоқ*)	66 (20) 32 (9) 19 (5)	54 (16) 25 (7) 16 (4)	42 (12) 19 (5) 8 (2)	16 (4) 16 (4) –
3	Темірбетон қабырғалары: а) монолитті; б) ірі панельді, көлемдік-блоктық	66 (20) 54 (16)	54 (16) 42 (12)	42 (12) 32 (9)	16 (4) 16 (4)
4	Күрделі құрылымның қабырғалары; тас-монолитті құрылымның қабырғалары	21 (6)	19 (5)	16 (4)	12 (3)
5	Кірпіштен (тастан) жасалған қабырғалар	16 (4)	13 (3)	8 (2)	–
6	Ағаш бөрене және қалқан қабырғалары; ағаш рамалық жақтаулары	13 (3)	8 (2)	8 (2)	4 (1)
7	Топырақ материалдарынан жасалған жүк көтергіш қабырғалар	3 (1)		техникалық шарттар бойынша	

Ескертпелер

(1) Сейсмикалығы 8 және одан жоғары балл болатын құрылыс алаңдарында мектептердің, ауруханалардың және мектепке дейінгі мекемелердің (балабақшалар мен бөбекжайлардың) биіктігі үш қабатпен шектеледі және арнайы техникалық шарттардың болуы құрылымдардың беріктігін және/немесе олардың пластикалық деформациялану қабілетін арттыру және ҚР қолданыстағы нормаларының талаптарын бұзу үшін шегіну жөніндегі іс-шараларды ғана қамтитын үлкен қабаттылықтың негізі бола алмайды.

(2) Ғимараттың биіктігі деп ғимаратқа іргелес жоспарланған жер бетінің және сыртқы қабырғалардың жоғарғы (жоғарғы техникалық және мансарда қабаттарын есептемегенде) немесе итарқа құрылымдарының төменгі бөлігінің орташа деңгейдегі белгілерінің айырмасы қабылданады.

9.1.4 Ғимараттарды мына жағдайларда тік сейсмикаға қарсы жіктерге бөлу керек:

егер ғимарат жоспарда және/немесе биіктігі бойынша күрделі конфигурацияға ие болса;

егер ғимараттың көлемді-жоспарлау шешімдері 9.1.2 в) және г) тармақтарына сәйкес келмесе;

егер ғимараттың өлшемдері жоспарда 9.1.3. т. сәйкес келмесе.

9.1.5 Сейсмикаға қарсы жіктерді 9.1.5.1 – 9.1.5.5. тармақтарында келтірілген жағдайларды сақтай отырып орындау керек.

9.1.5.1. Сейсмикаға қарсы жіктерді, әдетте ғимараттар мен имараттар барлық биіктігі бойынша бөлуі тиіс. Температуралық және шөгінді жіктерді сейсмикаға қарсы жіктермен біріктіру керек.

Құрылыс алаңдарының 7, 8 және 9 баллдардағы, IА, IБ және II топырақ жағдайларындағы түрлерде, іргетастардағы сейсмикаға қарсы жіктерді орналастыруға рұқсат етіледі, егер:

– сейсмикаға қарсы жіктер темературалық және/немесе шөгінді жіктерге сәйкес келмесе;

– ғимараттар (бөліктер) бірқатарға орналасса (бір көлденең осі бойынша) және олардың іргетастары бір деңгейде орындалса.

Топырақ жағдайларының III түрдегі сейсмикалығы 9 балл құрылыс алаңдарында және сейсмикалығы 10 балл алаңдарда сейсмикаға қарсы жіктер іргетастарды қоса алғанда барлық биіктігі бойынша ғимараттар мен имараттарды бөлуі тиіс.

Бір қабатты қаңқалы ғимараттарда сейсмикаға қарсы жіктер, егер температуралық және/немесе шөгінді жіктерге сәйкес келмесе іргетастарға орналастырмауға рұқсат етіледі.

9.1.5.2. Сейсмикаға қарсы жіктерді жұптық қабырғаларды, жұптық жақтауларды немесе жақтауларды және қабырғаларды салу жолымен орындау керек.

9.1.5.3. Ғимараттар немесе бөліктер арасындағы сейсмикаға қарсы жіктің енін формуланың көмегімен есептелген тиісті деңгейдегі олардың есептік көлденең жылжуларының жиынтықты мәнінен кем қабылдау керек (7.31).

Ғимараттың биіктігі 5 м дейін болғанда сейсмикалық жіктер есептеулердің нәтижелерінен тәуелсіз кемінде 30 мм болуы тиіс. Үлкен биіктіктегі ғимараттар үшін сейсмикаға қарсы жіктің енін әр 5 м биіктікте 20 мм арттыру керек.

Іргетастарды бөлетін сейсмикаға қарсы жіктерді (қада іргетастарынан басқа) ені 10 мм етіп қабылдауға рұқсат етіледі.

9.1.5.4. Сейсмикаға қарсы жіктердің конструкциялары және олардың толтырғыштары жер сілкіністері кезінде шектес бөліктердің өзара жылжуларына қарсыласуы тиіс.

Сейсмикалығы 8 балл және одан жоғары имарат алаңдарында орналасқан ғимараттарда шектес бөліктердің конструкцияларында еркін жатқан аралық конструкцияларды жылжыту есебінен шектес бөліктердің өзара жылжу мүмкіндігін қамтамасыз етуге рұқсат етілмейді.

9.1.5.5. Тұрақты өмір сүру немесе адамдардың ұзақ болуы үшін тағайындалған үй-жайлардың ішіндегі сейсмикаға қарсы жіктерді орналастыруға рұқсат етілмейді.

9.1.6 Ғимараттардың шектес учаскелерінің биіктігі бойынша ауытқуларды жоспарда симметриялы қабылдауға рұқсат етіледі. Ғимараттың (бөліктердің) шектес учаскелеріндегі аражабындар, әдетте бір деңгейге орналастыру керек.

9.1.7 Ғимараттарға жоғарғы иілгіш қабаттарды орналастыруға рұқсат етілмейді. Ғимараттың жоғарғы қабатына үлкен аралықтары бар зал түріндегі үй-жайларды

орналастырғанда жоғарғы қабаттың көлденең қаттылығы қатты төмен орналасқан қабаттан 70% кем емес болуы тиіс.

9.1.8 Сыртқы және ішкі қоршау қабырғалары және аралықтары:

а) ғимаратқа түсетін есептік сейсмикалық жүктемелерді қабылдауға қатыспайтындай;

б) ғимаратқа түсетін есептік сейсмикалық жүктемелерді қабылдауға қатысатындай орындалуы мүмкін.

Мына толтырғыштарды жобалау бойынша талаптар:

– ғимаратқа түсетін есептік сейсмикалық жүктемелерді қабылдауға қатыспайтындар «Күш түспейтін қоршау қабырғалары және аралықтары» бөлімінде келтірілген;

– ғимаратқа түсетін есептік сейсмикалық жүктемелерді қабылдауға қатысатындар «Қаңқалық ғимараттар» бөлімшесінде келтірілген.

9.1.9 Бір қабатты қаңқа ғимараттары жоспарының шегінде орналасқан жапсарлас имараттар ғимараттың бағаналарынан және жабындарынан жекеленген конструкцияларда сейсмикаға қарсы жіктермен орындалуы тиіс.

9.1.10 Биіктігі 3 қабат және одан көп ғимараттарда, әдетте әр бөлік шегіндегі бір баспалдақ торынан кем емес қабылдау керек.

9.1.11 Баспалдақ торларын және лифт шахталарын, әдетте ғимарат (бөлік) жоспарының шегінде орналастыру керек.

Ғимарат жоспарының шегінде орналасқан баспалдақ торлары бар реконструкцияланатын ғимараттарда қосымша баспалдақ торларын және лифт шахталарын ғимарат жоспарының шегінен тыс орналастыруға рұқсат етіледі, бірақ олармен конструктивті байланыстырылады.

9.2 Жертөлелердің іргетастары және қабырғалары

9.2.1 Ғимараттардың және имараттардың іргетастарын жобалау негіздер мен іргетастарды жобалау бойынша нормалар талаптарына сәйкес орындалуы керек.

9.2.2 Тасты емес топыраққа салынатын ғимараттардың және имараттардың іргетастары, әдетте бір деңгейде орындалуы тиіс.

9.2.3 Биіктігі 9 қабаттан көп ғимараттардағы жер белгісінің жоспарлы белгісіне қатысты іргетастар табанының орналасу тереңдігін олардың жер үсті бөлігінің биіктігінен кемінде 10 % қабылдау керек.

Көп қабатты ғимараттардың жер асты бөлігін аударуға тұрақтылығын арттыру үшін жанасқан салынып болған конструкциялармен біріктіруге рұқсат етіледі.

9.2.4 Сейсмикалығы 10 балл алаңдарда салынған ғимараттардың іргетастарын монолитті темірбетон немесе тұтас темірбетон тақталардан жасалған айқасқан таспалар түрінде қабылдау керек. Жертөлелердің қабырғаларын құрама-монолитті немесе монолитті темірбетондармен орындауға ұсынылады.

9.2.5 Сейсмикалығы 10 балл алаңдарда салынған бір қабатты қаңқа ғимараттардың іргетастарын тіректердің бойлық бағытында бағана темірбетондармен біріктірулермен қабылдауға рұқсат етіледі. Осындай ғимараттар еденінің тақталарын олардың төменгі деңгейіндегі бағаналармен (немесе олардың жоғарғы деңгейіндегі

бағаналы іргетастармен) байланысқан монолитті темірбетон көлденең диафрагмалар түрінде орындауға рұқсат етіледі. Еден тақталарының көлденең қаттылығы сейсмикалық ықпалдарда жер үсті имараттарының бағаналы іргетастарының ортақ жұмысын қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы тиіс.

9.2.6 Құрама таспалы іргетастардың жоғарғы бетіне кемінде 100 маркалы езбенің қабатын немесе В7,5 төмен емес, қалыңдығы 50 мм бетон класын және тиісінше есептік сейсмикалығы 7, 8 және 9 балл болғанда саны үш, төрт және алты өзекке диаметрі 10 мм бойлық арматураны орнату керек. Әр 300-400 мм кейін бойлық өзектер диаметрі 6 мм бойлық өзектермен қосылуы тиіс.

Таспалы іргетастармен конструктивті байланыстырылған темірбетон панельдерден жасалған жертөлелердің қабырғаларын орындау жағдайларында аталған ерітінді қабаты талап етілмейді.

9.2.7 Ірі блоктардан жасалған іргетастарда және қабырғаларда әр қатарда, сондай-ақ барлық бұрыштарда және қиылыстарда блоктың биіктігі кемінде 1/3 тереңдікте қалаудың байлаулары қамтамасыз етілуі тиіс; іргетас блоктарын үздіксіз таспа түрінде қалау керек. Блоктар арасындағы жіктерді толтыру үшін 50-ден төмен емес маркадағы цемент ерітіндісін қолдану керек.

Сейсмикалығы 9 балл алаңдарда орналасқан ғимараттарда жертөлелердің қабырға бұрыштарындағы және қиылыстарындағы көлденең жіктерге қиманың жалпы алаңы кемінде 1 см^2 бойлық арматурасы бар ұзындығы 2 м арматура торларын қою керек.

9.2.8 Сейсмикалығы 7 және 8 балл алаңдарда орналасқан биіктігі үш қабатты қоса алғанға дейінгі ғимараттарда жертөлелер қабырғаларын қалау үшін 25% дейін қуысты блоктарды қолдануға рұқсат етіледі.

9.2.9 Бутобетоннан жасалған жертөлелердің іргетастарын және қабырғаларын сейсмикалығы 7 балл алаңдарда салынатын биіктігі 3 қабатқа дейінгі ғимараттарда орындауға рұқсат етіледі.

9.2.10 Ғимараттардағы гидрооқшаулағыш көлденең қабатты, әдетте цемент ерітіндісінен орындау керек.

9.3 Аражабындар мен жабындар

9.3.1 Ғимараттардың аражабындары мен жабындары, әдетте көлденең тегістікте қатты болуы және сейсмикалық ықпалдарда тік конструкциялардың ортақ жұмысын қамтамасыз етуі тиіс.

9.3.2 Құрама темірбетон аражабындар мен жабындардың қаттылығын және беріктілігін:

а) тақталар (панельдер) арасындағы жікті цементті-құмды ерітіндімен құйып бекіту;

б) тақталар арасындағы жіктерде туындайтын күшті қабылдайтын байланыстарда орнату;

в) аражабындардың ары итерілген тақталары арасындағы жіктерге монолитті темірбетон бекіткіштерді орнату;

г) аражабынның жоғарғы бетіне монолитті темірбетон қабаттарын орнату жолымен қамтамасыз етілуі тиіс.

9.3.3 Құрама аражабындар мен жабындар тақталарының бүйір шектері шпонкалы немесе кедір-бұдырланған бетке ие болуы тиіс. Сейсмикаға қарсы белбеулерді біріктіру үшін және қаңқа немесе қабырға элементтерін байланыстыру үшін тақталарда арматуралы шығуларды немесе салу бөлшектерді көздеу керек.

9.3.4 Қаңқа ғимараттары ригельдерінің жоғарғы беті бойынша орналастырылатын темір бетон бекіткішті:

бағаналардың аралық қатарлары бойынша – тегіс қаңқалармен;

бағаналардың шеткі қатарлары бойынша – кеңістіктік қаңқалармен арматуралау керек.

9.3.5 Ригельдердің жоғары беті бойынша көп қуысты тақталарды сүйеу кезінде қадамы 400 мм және диаметрі:

сейсмикалығы 7 және 8 балл алаңдарда – 12 мм;

сейсмикалығы 9 және 10 балл алаңдарда – 16 мм арматураларды тік шығару түріндегі байланыстар көзделуі тиіс.

9.3.6 Ригельсіз қаңқалар аражабындардың тегіс монолитті темірбетон тақталарының қалыңдығы (қаттылық диафрагмалары және ядроларымен немесе оларсыз қабылдау керек), ереже бойынша, кемінде 200 мм.

9.3.7 Пластмассалардың немесе фанералардың арнайы түрлерін қолдана отырып дайындалған болат пішінделген төсемді немесе пішінді, толқынды немесе тегіс табақтарды қолдана отырып орындалған жабындардың қаттылығын есептік сейсмикалық жүктеменің әрекетінде оларда туындайтын күшті қабылдауға есептелген көлденең байланыстардың жүйесін орнату есебінен қамтамасыз ету керек.

9.3.8 Болатты конструкцияларының белағашына немесе жоғарғы белдеуге болат пішінделген төсемді бекітуді толқын арқылы өздігінен оятын болттармен, ал төсем бөренелерін әр толқында орындауға ұсынылады. Пішінделген төсем табақтарын өзара қадамы 250 мм арпайтын тойтармамен бекіту керек.

9.3.9 Аражабындар мен жабындардың темірбетон тақталарының тіреу учаскелерінің ұзындығы кемінде:

кірпіш және тас қабырғаларда – 120 мм;

темірбетон және бетон қабырғаларда (ірі панельділерде), болат және темірбетон арқалықтарда (ригельдерде):

екі жағы бойынша сүйенуі кезінде – 80 мм;

контур немесе үш жақ бойынша сүйенуі кезінде – 50 мм болуы тиіс.

Тас және бетон қабырғаларына аражабын арқалықтарының сүйену учаскелеріндегі ұзындығы 200 мм кем болмауы тиіс. Арқалықтардың сүйену бөліктері ғимараттардың күш түсетін конструкцияларына бекітілуі тиіс.

Ағаш аражабындарды қолдану ағаш күш түсетін конструкциялары, сондай-ақ күш түсетін кірпіш (тас) қабырғалары бар бір қабатты ғимараттарда рұқсат етіледі. Ағаш аражабындарының (жабындарының) арқалықтарын сейсмикаға қарсы белдеулерде бекіту және олар бойынша диагоналды төсем орнату керек.

9.4 Күш түспейтін қоршау қабырғалары және аралықтар

9.4.1 Күш түспейтін қоршау қабырғаларың және аралықтарың (бұдан әрі, егер өзгесі айтылмаса – күш түспейтін қабырға конструкциялары) жеңіл, әдетте панель немесе қаңқа конструкцияларымен орындауға ұсынылады.

9.4.2 Ғимараттардың күш түспейтін қабырға конструкциялары және күш түсетін конструкциялары арасындағы бірігу:

сейсмикалық ықпалдар кезіндегі күш түспейтін және күш түсетін конструкцияларының бөлек жұмысын қамтамасыз етпейтіндей;

сейсмикалық ықпалдар кезіндегі күш түспейтін және күш түсетін конструкцияларының бөлек жұмысын қамтамасыз ететіндей орындалуы мүмкін.

9.4.3 Сейсмикалық ықпалдар кезіндегі күш түспейтін және күш түсетін конструкцияларының бөлек жұмысын қамтамасыз етпейтін ғимараттардың көлденең қисаюларының есептік мәндері біріктіру (7.29) формуласы бойынша анықталған d_{rs} мәнінен артпаған жағдайда қолдануға рұқсат етіледі.

9.4.4 Күш түсетін және күш түспейтін конструкциялардың бөлек жұмысын қамтамасыз ету үшін (аспалы қабырғалардан басқа):

а) күш түсетін және күш түспейтін конструкциялар арасында ені есеппен анықталатын және тиісті қабаттың d_{rs} қисаюының максимал өлшемі бойынша, бірақ 30 мм кем емес қабылданатын тік саңылаулардың көзделуі;

б) аражабындар мен жабындардың күш түспейтін қабырға конструкцияларының жоғарғы және элементтердің төменгі беті арасында ені кемінде 20 мм көлденең саңылаулардың көзделуі;

в) күш түспейтін конструкциялардың тегістігінде олардың өзара көлденең жылжуларына қайшы келмейтін күш түсетін және күш түспейтін конструкциялары арасындағы бекіту элементтерді орындау;

г) күш түспейтін конструкциялардың беті және пороизол, гернит, пенополиуретан және басқалардан жасалған иілімді төсемелердің күш түсетін конструкциялары арасында тік және көлденең саңылаулармен толтыру көзделген.

Тегістіктен жасалған күш түспейтін конструкциялардың орнықтылығын қамтамасыз ететін бекіту қатты болуы тиіс.

9.4.5 Күш түспейтін конструкцияларды, әдетте бағаналармен, күш түсетін қабырғаларымен, ал ұзындығы 3,0 м ұзындықта аражабындармен біріктіру керек.

Тиісті есеп немесе эксперименталды негіз кезінде қоршау қабырғалары және қаңқа конструкцияларының аралықтарын тек аражабындармен немесе тек бағаналармен (қабырғалармен) бекітуге рұқсат етіледі.

9.4.6 Күш түсетін темірбетон конструкцияларына күш түспейтін қабырға конструкцияларын бекітуді салу бұйымдарына немесе қапталған элементтерге ерітіліп жабыстырылатын біріктіру элементтерімен, сондай-ақ анкерлік болттармен немесе өзектермен орындау керек. Болат конструкцияларына байланыстырушы элементтерді, әдетте дәнекерлеу арқылы бекітеді.

Күш түспейтін конструкцияларды күш түсетін конструкцияларға дюбельдермен ату арқылы бекітуге (қағуға) рұқсат берілмейді.

9.4.7 Кірпіш (тас) қалауынан жасалған күш түспейтін қабырға конструкцияларын есептеулер қорытындыларына сәйкес және 9.4.7.1 – 9.4.7.4 тармақтарының ережелерін сақтай отырып орындау керек.

9.4.7.1 Күш түспейтін қабырға конструкцияларының кірпіш (тас) қалауы үшін мына материалдар мен бұйымдарды қолдануға рұқсат етіледі:

а) күйдірілген толық құймалы немесе 50-ші маркілі және қуыстығы 32 % пайыздан көп емес жоғары қуысты кірпіш;

б) 75 маркілі және қуыстығы 32 % пайыздан көп емес жоғары керамикалық тастарды;

в) В3,5 класындағы және одан жоғары ауыр бетондардан жасалған тұтас бетон тастар және ұсақ блоктарды; тұтас бетон тастар және В2,5 класындағы және одан жоғары жеңіл бетондардан жасалған ұсақ блоктарды;

г) Қуысты бетон тастар және В7,5 класындағы және жоғары қуыстығы 40% көп емес ауыр және жеңіл бетондардан жасалған ұсақ блоктарды қолдануға рұқсат етіледі.

Күш түспейтін қабырға конструкцияларының қалауы жазғы жағдайларда - 25-тен төмен емес және қысқы жағдайларда – 50-ден төмен емес маркілі аралас цемент ерітінділерінде орындалуы тиіс.

Жеңіл бетондардан жасалған блоктарды қалау 9.4.7.2 талаптарын сақтауды қамтамасыз ететін арнайы желімдерде орындалуы мүмкін.

9.4.7.2 Күш түспейтін қабырға конструкциялары үшін қайта байланбаған жіктер бойынша (қалыпты жабысу - R_{nt}) өстік созылуға кірпіш (тас) қалауының уақытша қарсыласу мәні 60 кПа (0,6 кгс/см^2) кем болмауы тиіс.

9.4.7.3 Күш түспейтін қабырға конструкцияларының кірпіш (тас) қалауын сейсмикалығы 7 балл алаңдарда қолданғанда жіктегі жалпы қимасы 0,2 см^2 кем емес арматуралық өзектермен биіктігі 700 мм-ден кем емес барлық ұзындыққа арматуралануы тиіс.

Кірпіш (тас) қалауынан жасалған аралықтарының беткі жағы бойынша цемент-құм ерітіндісі қабатында көлденең арматура торларын немесе қалыңдығы кемінде 30 мм бетонды қалау керек. Арматура торының бойлық өзектерінің жалпы көлденең қимасы кемінде 0,3 см^2, езбе немесе бетон – тиісінше М50 маркілі немесе В3,5 класында болуы тиіс.

9.4.7.4 Сейсмикалығы 8 және одан көп балл алаңдарында күш түспейтін кірпіш (тас) қалауының қабырға конструкцияларын, 9.4.7.3 тарауында көзделген көлденең арматуралауға қосымша тік темірбетон қоспаларымен (ені кемінде 100 мм), металл діңгектермен немесе цемент-құм ерітіндісінің қабаттарындағы екі жақты арматура торларымен күшейту керек.

Тік темірбетон қоспаларының және металл діңгектерінің қадамын есептердің қорытындылары бойынша қабылдау керек, бірақ, әдетте құрылыс алаңының сейсмикалығы 8 балл болғанда 3 м көп емес және алаңның сейсмикалығы 9 және 10 балл болғанда 2 м қабылдау керек.

Аралықтардағы есік саңылауларында темірбетоннан немесе металлдан кесілген жақтаушалар болуы тиіс.

Екі жақты арматуралық торлармен күшейту кезінде кірпіш (тас) қалауларының ерітінді қабаттарының қалыңдығын 30 мм кем емес, ал ерітінді маркісін – 100-ден төмен

емес қабылдау керек. Арматураланған ерітінді қабаттар қалаумен сенімді ұстасқан болуы керек.

Ескертпе – қалдығы 190 мм және одан көп қуысты бетон блоктарынан жасалған қалауды блоктарда қуыстармен пайда болған тесіп өтетін тік каналдардағы 400-500 мм қадаммен орындалған темірбетон қоспалармен күшейтуге рұқсат етіледі.

9.4.8 Сейсмикалығы 9 және одан көп балл алаңдардағы қаттылықтың тік тіреулерінсіз (диафрагмалар, байланыстар немесе қаттылық ядролары) салынған биіктігі бес қабаттан көп ғимараттарда кірпіш (тас) қалаулардан жасалған аралықтарды немесе қабырға толтырғыштарын қолдануға рұқсат етілмейді.

9.5 Монолитті темірбетоннан жасалған күш түсетін қабырғалары бар ғимараттар

9.5.1 Монолитті темірбетоннан жасалған күш түсетін қабырғалары бар ғимараттарды бірыңғай кеңістіктік жүйеге аражабындармен біріктірілген көлденең және бойлық қабырғалармен жобалау керек.

Монолитті темірбетоннан жасалған күш түсетін қабырғалары бар ғимараттарды айқасқан-қабырғалы конструктивтік схемаларды қолдана отырып жобалау ұсынылады.

Құрылыс алаңының сейсмикалығы 7, 8, 9 және 10 баллдарда сейсмикалық жүктемелерді қабылдауға қатыспайтын сыртқы қабырғалары бар биіктігі 12, 9, 5 және 3 қабат ғимараттарда, әдетте кемінде екі ішкі бойлық қабырғалары көзделуі керек.

Ескертпе – Монолитті темірбетоннан жасалған қабырғалары бар ғимаратардың құрылысын инвентарлық жылжымалы қалыпты (қалқан, блокты және көлемді-жылжымалы) қолдана отырып жүзеге асырған жөн. Сырғымалы қалыпты қолдану монолитті қабырғаларда жарылулар мен қуыстардың пайда болуын болдырмайтын ұйымдастыру және технологиялық іс-шаралармен сүйемелденуі тиіс.

9.5.2 Монолитті темірбетоннан жасалған тіреу қабырғалары бар ғимараттар үшін монолитті, құрама-монолитті немесе құрама-аражабындардың қолданылуы мүмкін.

Монолитті және құрама-монолитті аражабындарды кесілген темірбетон тақталар түрінде жобалауға ұсынылады. Құрама аражабындарды 9.3.2.в), г) тармағында көрсетілген конструктивтік іс-шаралардың көмегімен ортақ жұмыс үшін біріктірілген аражабындардың тегіс немесе көп қуысты темірбетон тақталардан орындауға рұқсат етіледі.

9.5.3 Монолитті темірбетоннан жасалған күш түсетін қабырғалары бар көп қабатты ғимараттарды жобалауда қабырғалардың ауыспалы қалыңдығын тағайындау есебінен биіктігі бойыншатіреу қабырғаларды аймақтауды пайдалануға және бетонның әртүрлі кластарын қолдануға рұқсат етіледі.

Күш түсетін монолитті қабырғалардың қалыңдығын есептеу қорытындылары бойынша тағайындау керек, бірақ 200 мм кем емес.

9.5.4 Күш түсетін монолитті қабырғалар ауыр, жеңіл және ұяшықты бетоннан орындалуы мүмкін. Қысу беріктігі бойынша бетонның талап етілетін класын мына есептеу қорытындылары бойынша қабылдайды, бірақ:

ауыр және жеңіл бетоннан орындалатын қабырғалар үшін - В15 кем емес;

ұяшықты бетоннан орындалатын қабырғалар үшін– В3,5 кем емес қабылдау керек.

9.5.5 Монолитті темірбетон қабырғаларды арматуралауды есептеу қорытындылары және конструктивтік талаптар бойынша тағайындау керек.

Монолитті темірбетон қабырғаларды арматуралауға мыналар кіруі тиіс:

– қабырғалардың бүйіржақ шектеріндегі, шектер саңылауларында және қабырғалардың айқасқан орындарындағы тік арматура (шалғай арматура);

– қабырғалар жазықтығының көлденең, тік немесе еңіс арматурасы (жазықтықты арматура);

– қабырғалардың тік түйіндесуіндегі көлденең немесе еңіс арматура;

– аражабындары бар қабырғалардағы түйіндесудегі көлденең, тік немесе еңіс арматура;

– бөгеттердегі көлденең, тік немесе еңіс арматура.

9.5.6 Қабырғалардың шалғай бөліктерін арматуралауды қабырға ұзындығынан 0,15 кем емес ұзындықтағы бөліктерде және қалыңдығы 1,5 қабырғада орналасқан кеңістіктік тік қаңқалармен жүзеге асыру керек.

Шалғай бөліктердің тік қаңқаларының бойлық арматурасын диаметрі кемінде 8 мм өзектерден қабылдау керек.

Шалғай аймақтардың арматуралық қаңқаларының қамыттарын байланған және бекітілген етіп орындау керек. Кеңістіктік қаңқалар қамыттарының диаметрі кемінде 6 мм болуы тиіс.

9.5.7 Қабырғалардың жазықтығын арматуралауды, әдетте көлденең өзектермен біріктірілген тегіс тік қаңқалардан жасалған арматураланған блоктармен орындау керек.

Тік қаңқаларды 400 мм көп емес қадаммен орындау керек. Тік қаңқалардың бойлық арматурасын диаметрі 6 мм кем емес өзектерден қабылдау керек. Көлденең арматураны диаметрі 4 мм кем емес қадамы 500 мм көп емес қабылдау керек.

Көлденең өзектерді диаметрі 5 мм кем емес қабылдау және қадамы 400 мм көп емес орнату керек. Көлденең өзектер шалғай арматуралау аймақтарында анкерленген болуы тиіс.

9.5.8 Шалғай және жазықтықты арматуралаудың тік қаңқаларының бойлық арматураларының жіктерін аражабын тақталарынан 500 мм кем емес биіктікте орындау керек.

9.5.9 Қабырғалардың айқасу орындарында көлденең арматураны орнату керек, оның қима алаңы есеп бойынша қабылданады, бірақ мыналардан кем емес:

сейсмикалығы 7 балл алаңдарда салынатын биіктігі 5 қабатқа дейін қоса алғандағы ғимараттар үшін - 1 см^2;

қалған жағдайларда – кемінде 2 см^2.

9.5.10 Монолитті бетоннан жасалған күш түсетін қабырғалары бар ғимараттардың қабырғаларында орнатылатын өзекті арматураның ең үлкен диаметрі: артпауы тиіс.

В15 және және одан жоғары кластағы ауыр және жеңіл бетондар үшін – қабырға қалыңдығы 0,2 және 32 мм;

ұяшықты бетон үшін – 16 мм артпауы тиіс.

9.5.11 Темірбетон қабырғаларды конструкциялауда осы бөлімнің талаптарынан басқа 10-бөлімнің ережелерін ескеру керек.

9.6 Қаңқалы ғимараттар

9.6.1 Ғимараттардың қаңқаларын жобалауда мына конструктивтік жүйелерді қолдануға рұқсат етіледі:

бағаналары бар ригелдердің түйіндесулерінің барлық қатты тораптары бар жиекті;

жиекті-байланыстырғыш;

байланыстырғыш;

қаңқалы-қабырғалы.

9.6.2 Бір қабатты ғимараттардың қаңқалары мына конструктивтік схемалар бойынша жобалануы мүмкін:

Шоғырланып, ол ғимараттардың бір бағытында жиекті схема, ал басқасында - байланыстырғыш қабылданады;

іргетастарда қысылған және итарқалық конструкциялармен тоспалы түйіскен бағана түрінде;

іргетастармен тоспалы түйіскен кеңістікті жиекті конструкциялар түріндегі.

9.6.3 Қаңқалы ғимараттардың конструктивтік схемаларын таңдау кезінде басымдықты схемаларға беру керек, онда иілімділік аймақтары қаңқаның (ригельдің, бөренелердің) көлденең элементтерінде пайда болады.

9.6.4 Қаңқа ғимараттарында қаттылық диафрагмалары биіктігі бойынша үздіксіз болуы тиіс. Диафрагмаларды ғимарат биіктігі бойынша азаятын қаттылықпен орнатуға (диафрагма қалыңдығын азайту немесе жоғары қабаттардағы олардың санын қысқарту есебінен) рұқсат етіледі.

Ғимараттың әр бағытында әртүрлі тік тегістіктерде орналасқан екі қаттылық диафрагмаларынан кем емес орнатылуы тиіс. Диафрагмалар ғимарат жоспарында симметриялық орналасуы тиіс. Көлденең және бойлық бағыттардағы диафрагмаларды кеңістіктік элементтерге біріктірген орынды.

9.6.5 Қаттылық ядросы бар қаңқалы ғимараттарды ғимараттың орталық өстеріне қатысты симметриялық орналастыруға рұқсат етіледі.

Сейсмикалығы 9 және 10 балл алаңдар үшін қаттылық ядросының санын ғимараттың әр бөлігіне кемінде екеуден қабылдау керек.Егер жоспардағы оның алаңы қабат алаңынан 25% көп құраса, қаттылықтың бір ядросына рұқсат етіледі.

9.6.6 Қаттылық диафрагмалары және ядролары бар ғимараттардың қабатаралық аражабындарын және жабындарын монолитті темірбетоннан орындауға рұқсат етіледі. Қаттылық диафрагмалары және ядролары бар аражабындарды біріктіру конструктивтік жүйенің барлық тік элементтерінің ортақ жұмысын қамтамасыз етуі тиіс.

9.6.7 Жиекті-байланыстырғыш және байланыстырғыш конструктивтік жүйелерінің қаңқалы ғимараттарын есептеуді аражабындардың иілгіштігін ескере отырып орындау керек.

9.6.8 Ванналық дәнекерлеудегі ригелдердің және бағаналардың арматуралық шығыңқыларының түйісулері бағана қырынан кемінде *1,5h* қашықтыққа жатқызылуы тиіс, мұнда *h* – ригель биіктігі.

9.6.9 Сейсмикалығы 9 және 10 балл алаңдарда салынатын биіктігі үш және одан көп қабаттардағы құрама қаңқаларда бағаналары бар ригельдердің консольсыз түйісуін қабылдауға ұсынылмайды.

9.6.10 Қаттылықтың тік тіреулерінсіз қаңқалы ғимараттардың қоршау күш түспейтін қабырғалары және аралықтары, әдетте сейсмикалық ықпалдарда қаңқалардың өзгеруіне кедергі келтірмейтін және олардың жұмысына қатыспайтын жеңіл панельдерден немесе басқа жеңіл конструктивтік элементтерден орындалуы керек.

Қаңқа жұмысына қатыспайтын толтыруды «Күш түспейтін қоршау қабырғалары және аралықтары» бөлімшесінің ережелеріне сәйкес жобалау керек.

9.6.11 Қаңқа жұмысына қатысатын толтыру қаттылықтың тік диафрагмасы ретінде есептелінеді және конструкцияланады. Бұл ретте, ғимараттың қаңқасы ғимаратқа түсетін жалпы көлденең есептік сейсмикалық жүктемеден кемінде 25% құрайтын сейсмикалық жүктемелерге есептелінуі тиіс.

Қаңқа жұмысына қатысатын толтырудың кірпіш (тас) қалауының бұйымдары және материалдары «Кірпіш (тас) қалауынана жасалған күш түсетін және өздігінен күш түсетін қабырғалары бар ғимараттар» бөлімшесінің талаптарына жауап беретіндей жобалануы тиіс.

9.6.12 Сейсмикалығы 7 балл алаңдарда ғимараттардың биіктігі 2 қабаттан көп емес болғанда кірпіш немесе тас қалауынан жасалған қабырғаларға шеткі ригелдерді тірей отырып, толық емес қаңқаны қолдануға рұқсат етіледі. Осындай ғимараттардың қабырғалары «Кірпіш (тас) қалауынана жасалған күш түсетін және өздігінен күш түсетін қабырғалары бар ғимараттар» бөлімшесінің ережелеріне сәйкес жобалануы тиіс.

9.6.13 Кірпіш (тас) қалауынанан жасалған өздігінен күш түсетін қабырғаларын қолдану бағана қадамы 6 м көп емес және құрылыс алаңының сейсмикалығы 7 балл кезінде биіктігі 12 м көп емес; құрылыс алаңының сейсмикалығы 8 және 9 балл кезінде биіктігі 9 м көп емес ғимараттарда рұқсат етіледі.

Өздігінен күш түсетін қабырғалары «Кірпіш (тас) қалауынан жасалған күш түсетін және өздігінен күш түсетін қабырғалары бар ғимараттар» бөлімшесінің ережелеріне сәйкес жобалануы тиіс.

9.6.14 Сейсмикалығы 10 балл алаңдарда кірпіш (тас) қалауынан жасалған өздігінен күш түсетін қабырғаларын қолдануға рұқсат етілмейді.

9.6.15 Қаңқаларды, сондай-ақ қаттылық диафрагмаларын және ядролық элементтерді конструкциялаған кезде, осы бөлімнің талаптарынан басқа осы ҚЖ –ның 10 және 11-бөлімдерін ескеру керек.

9.7 Темірбетон қабырғалары және аражабындары бар ірі панелді ғимараттар

9.7.1 Темірбетон қабырғалары және аражабындары бар ірі панелді ғимараттарды өзара біріктірілген көлденең және бойлық қабырғалармен және сейсмикалық

жүктемелерді қабылдайтын бірыңғай кеңістіктік жүйедегі аражабындармен (жабындармен) жобалау керек.

9.7.2 Көлденең қабырғалардың қадамы қоса алғанда 4,2 м дейінгі ірі панелді ғимараттардағы қабырғалар панельдерін және аражабындарын, әдетте бөлме өлшемімен (конструктивті-жоспарлау ұяшығы) көзделуі керек. Көлденең қабырғаларының қадамы 4,2 м көп ғимараттарда қабырғалар панелдерін және аражабындарын бөлме бөлігінің өлшемімен (конструктивтік-жоспарлау ұяшықтары) көздеуге рұқсат етіледі.

9.7.3 Қабырғалар және аражабындар панельдерін біріктіруді арматуралардың шығуларын, салу бөлшектерін дәнекерлеу және төмендетілген кемуі бар ұсақтүйірлі бетонмен көлденең жіктер бойынша жанасу панельдері және түйісу бөліктері арасындағы тік қуыстарды құйып бекіту жолымен қамтамасыз ету керек.

Қабырғалардың жанасатын панельдері арасындағы тік қуыстарды монолиттеу В15 төмен емес және бетон панелдерінің класынан төмен емес бетон класымен жүзеге асырылуы тиіс.

9.7.4 Ғимараттың сыртқы қабырғаларына және температуралық жіктердің қабырғаларына аражабындарды тіркегенде қабырға панельдерінің тік арматурасына аражабындардың панелдерінен жасалған арматура шығуларының дәнекерленген бірігулерін көздеу қажет.

9.7.5 Қабырғалардың бір қабатты панельдерінің қалыңдығы және көп қабатты панельдердің ішкі күш түсетін қабаттарының қалыңдығын кемінде:

биіктігін қоса алғанда 5 қабатқа дейінгі ғимараттарда – 100 мм;

биіктігі 5 қабаттан жоғары ғимараттарда – 120 мм қабылдау керек.

9.7.6 Қабырға панельдерін арматуралауды кеңістіктік қаңқалармен немесе дәнекерленген торлармен орындау керек.

9.7.7 Қабырғалардың айқасу орындарында ғимараттың барлық биіктігіне үздіксіз тік арматура орналасуы тиіс. Аталған арматураның көлденең қимасының алаңы есептеу бойынша анықталуы керек, бірақ:

сейсмикалығы 7 балл алаңдарда салынатын биіктігін қоса алғанда 5 қабатқа дейінгі ғимараттар үшін – 1 $см^2$ –ден кем емес;

қалған жағдайларда – 2 $см^2$ кем емес болуы тиіс.

Қабырғалардың айқасқан орындарында есептік санның 60%-дан артық емес мәнінде тік арматураны орналастыруға рұқсат етіледі.

9.7.8 Терезе және есік ойықтарының контыры бойынша тік арматураны орнату керек. Қабырға биіктігі бойынша ойықтардың тұрақты орналасуы кезінде аталған арматура қабаттарда түйісуі тиіс.

Ойықтар шектерінде орналасқан тік арматураның көлденең қимасының алаңы есептеу бойынша анықталуы керек, бірақ 9.7.7 тармағында көрсетілгеннен кем емес болуы тиіс.

9.7.9 Монолиттенген тік қуыстардағы үздіксіз тік арматураның орналасуында панельдер арасында панелдер бетонының монолиттенген бетонының өзгеруінің ортақтығын қамтамасыз ететін конструктивтік іс-шараларды көздеу керек (панельдің биіктігі бойынша бөлінген жік).

9.7.10 Панельдер арасындағы көлденең және тік жіктердегі жылжу байланыстарының қажетті саны есептеу бойынша анықталуы тиіс.

9.7.11 Сейсмикалығы 7 балл алаңдарда салынатын 4,2 м-ге дейін қоса алғандағы көлденең қабырғалардың қадамымен жобаланған, биіктігі 5 қабатқа дейін қоса алғандағы ғимараттарда, көлденең түйісулер жүктемелердің есептік үйлесуінде көлденең жіктер қысылған болса, жылжудың арнайы байланыстарынсыз орындалуы мүмкін. Қалған жағдайларда әр панельдегі жылжу байланыстарының саны кемінде екеу болуы тиіс.

9.8 Темірбетонды көлемді блоктардан жасалған ғимараттар

9.8.1 Көлемді-блокты ғимараттарды ауыр немесе жеңіл бетондардан жасалған және сейсмикалық ықпалдарды қабылдайтын бірыңғай кеңістіктік жүйеге біріктірілген тұтас қалыпталған немесе құрама көлемді блоктардан жобалау керек.

9.8.2 Бірыңғай кеңістіктік жүйеге көлемді блоктарды біріктіру:

көлемді блоктардың қабырғаларының және аражабындарының салу бөлшектерін және арматуралық шығуларын дәнекерлеуді;

көлемді блок қабырғаларының арасындағы тік қуыстарға монолитті бетон немесе темірбетон кілтектерін орналастыруды;

көлденең байлау арқалықтарын қабатаралық аражабындар және жабындар деңгейлеріне орналастыруды;

көлемді блоктардың діңгектерін салыну жағдайларында салынатын тік арматурамен қысуды жүзеге асыруға рұқсат етіледі.

9.8.3 Көлемді-блокты ғимараттарда, көлемді блоктармен қатар сейсмикалық жүктемелерді қабылдау үшін блоктар арасында тік қуыстарда орналасқан «жасырын» монолитті қаңқаны және қаттылық диафрагмаларды қолдануға рұқсат етіледі.

9.8.4 Көлемді блоктардың қабырғаларын тегіс (бір қабатты және көп қабатты) және қабырғалы орындауға рұқсат етіледі.

Тегіс бір қабатты қабырғалар және көп қабатты қабарғалардың тіреу қабаттарының қалыңдығы кемінде 70 мм болуы тиіс.

Қабырғалы қабырғалардың сөрелерінің қалыңдығы кемінде 50 мм және қабырғаларының биіктігі (сөре қалыңдығын қоса алғанда) 100 мм кем емес болуы тиіс.

9.8.5 Көлемді блоктарды В7,5 класынан төмен емес бетоннан жасау керек.

9.8.6 Көлемді блоктардың тегіс қабырғаларын арматуралауды:

кеңістіктік қаңқалардың немесе дәнекерлеу торларының түрінде екі жақты;

тегіс дәнекерлеу торының түрінде дара орындауға рұқсат етіледі.

Дара арматураланған тегіс қабырғалары бар көлемді блоктарды ғимараттарда:

кемінде 50% есептік сейсмикалық жүктемесін қабылдайтын қаттылық диафрагмаларымен;

«жасырын» монолитті қаңқамен;

сейсмикалығы 7 және 8 балл алаңдарда орналасқан 5 қабаттан көп емес биікте;

сейсмикалығы 9 және 10 балл алаңдарда орналасқан 3 қабаттан көп емес биікте қолдануға рұқсат етіледі.

Көлемді блоктар қабырғаларын арматуралаудың басқа жағдайларында екі жақты болуы немесе қабырғалы қабырғалары бар көлемді блоктармен қолданылуы тиіс.

9.8.7 Көлемді блоктардың қабат-қабат сүйенуі, әдетте, күш түсетін қабырғаларының барлық ұзындығы бойынша болуы тиіс. Көлемді блоктар арасындағы тік және көлденең түйісіп бірігулерінің конструктивтік шешімдері тік және көлденең жіктерде олармен есептік күштерді қабылдауын қамтамасыз етуі тиіс.

Сейсмикалығы тиісінше 9, 8 және 7 балл алаңдарда салынатын көлденең қабырғаларының қадамы 4,2 м дейін және биіктігі 2, 3 және 5 қабат көлемді-блокты ғимаратты көлденең жіктердегі созылудың арнайы байланыстарынсыз және тік жіктердегі жылжу байланыстарымен орындауға рұқсат етіледі. Жоғарыда аталған жүйесіндегі көлемді блоктардың ортақ жұмысы қабатаралық аражабындар мен жабындар деңгейлеріндегі блоктар арасында орналасқан тек көлденең байланыстармен қамтамасыз етуге рұқсат етіледі.

Қалған жағдайларда, металл байланыстарының қажетті қимасы есеппен, бірақ жік ұзындығының 1 қума метріне 0,5 см^2 кем емес белгіленеді.

Блоктар арасындағы тік және көлденең байланыстарды блоктардың бұрыштарына жинақталып орындауға рұқсат етіледі.

«Жасырын» қаңқа (бағана және ригель) элементтерінің көлденең қима өлшемдері есеппен анықталады, бірақ 150 х 150 мм кем болмауы тиіс. Бағаналар мен ригельдерді арматуралау кеңістіктік қаңқалармен жүзеге асырылуы тиіс. Бұл ретте, бағаналардың бойлық өзектерінің диаметрі кемінде 12 мм кем емес, ал ригель – 10 мм кем емес болуы тиіс.

9.8.8 Блоктар арасындағы қуыстарда орындалатын монолитті қаттылық диафрагмаларының қалыңдығы кемінде 100 мм кем емес болуы тиіс. Монолитті қаттылық диафрагмаларын арматуралауды дара торлармен орындауға рұқсат етіледі.

9.8.9 Қаттылық диафрагмаларының және «жасырын» қаңқа элементтерінің конструктивтік шешімдері көлемді блоктармен олардың жұмыстарының ортақтығын қамтамасыз етуі тиіс.

Қаттылық диафрагмаларын және «жасырын» қаңқаны дайындау үшін төмендетілген кемуі бар В15 төмен емес ұсақ түйірлі бетон класын пайдалану керек.

9.8.10 Көлемді-блокты ғимараттар, онда көлемді блоктарды тігіне біріктіру салу жағдайларында керілген монолиттелмеген арматурамен блоктар бағаналарын күйдіру жолымен жүзеге асырылады, мыналарды қабылдауға рұқсат етіледі:

сейсмикалығы 10 балл алаңдарда - биіктігі 2 қабаттан көп емес;
сейсмикалығы 9 балл алаңдарда - биіктігі 5 қабаттан көп емес;
сейсмикалығы 7 және 8 балл алаңдарда - биіктігі 9 қабаттан көп емес;

9.9 Кірпіш (тас) қалауынан жасалған күш түсетін және өздігінен күш түсетін қабырғалары бар ғимараттар

9.9.1 Кірпіштен (тастан) қабырғаларды қалау үшін байлаудың бірқатарлы тізбек жүйесін қолдану керек. Сейсмикалығы 7 балл алаңдарда байлаудың көп қатарлы жүйесін

қолдануға рұқсат етіледі, бұл ретте, қалаудың нұқыма қатарларын үш бойлықтардан кем емес орнату қажет.

9.9.2 Сейсмикалық аймақтарда күш түсетін және өздігінен күш түсетін қабырғаларында ішкі жылу оқшаулау қабаттары бар жеңіл қалауды қолдануға рұқсат етілмейді.

9.9.3 Күш түсетін және өздігінен күш түсетін қабырғаларын қалау үшін мына бұйымдарды және материалдарды қабылдау керек:

а) диаметрі 16 мм және қуыстығы 25 % көп емес тік саңылаулары бар 75 және жоғары маркілі толық немесе қуысты күйдірілген кірпіш;

б) диаметрі 16 мм көп емес және қуыстығы 25 % көп емес тік саңылаулары бар 100-ден төмен емес маркілі керамикалық тастар;

в) В3,5 класынан төмен емес ауыр және жеңіл бетондардан жасалған тегіс бетон тастар және ұсақ блоктар;

г) құрылыс алаңының сейсмикалығы 7 балл болғанда ені 12 мм дейін және қуыстылығы 25 % көп емес тік саңылаулы қуыстары бар 75-тен төмен емес маркілі керамикалық тастарды қолдануға рұқсат етіледі.

Қабырғалардың қалауы 50-ден төмен емес аралас цемент ерітінділерінде орындалуы тиіс.

9.9.4 Табиғи материалдардан (ұлутас, әктас, туфтар, құмдақтар), қуысты бетон тастан және блоктардан, В3,5 төмен кластағы ұяшықты бетоннан жасалған тұтас блоктардан, күйдірусіз технологияларды қолданусыз дайындалған кірпіштен және тастардан жасалған дұрыс пішіндегі тас және ұсақ блоктардың күш түсетін және өздігінен күш түсетін қалбырғаларын қалауға қолдану осы нормаларды дамытуға әзірленген нормативтік-инструктивтік құжаттар бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

9.9.5 Құрылыс алаңының сейсмикалығы 9 және 10 балл болғанда күш түсетін және өздігінен күш түсетін қабырғаларының (оның ішінде арматуралаумен немесе темірбетон қоспалармен күшейтілген) кірпіш (тас) қалауының теріс температурасында орындауға рұқсат етілмейді.

Құрылыс алаңының сейсмикалығы 7 және 8 балл болғанда теріс температураларда ерітіндінің қатуын қамтамасыз ететін қоспаларды ерітіндеге міндетті түрде қоса отырып, қысқы қалауды орындауға рұқсат етіледі.

9.9.6 Сейсмикалық аймақтарда көлденең (қалаудың қатар ұялары) қуыстары бар күйдірілген кірпіш немесе керамикалық тасты қолдануға рұқсат етілмейді.

9.9.7 Күш түсетін және өздігінен күш түсетін қабырғалары үшін байланбаған жіктер бойынша (қалыпты ұстасу - R_{nt}) өстік созылудың кірпіш (тас) қалауының уақытша қарсыласу мәні 120 кПа (1,2 кгс/см^2) кем емес болуы тиіс.

Қалаудың қалыпты ұстасуының артуы үшін арнайы қоспалардың ерітінділері қолданылуы керек.

9.9.8 Байланған жіктер бойынша R_t (өстік созылу), R_{sq} (кесу) және R_{tb} (иілу кезіндегі созылу) қалауының есептік қарсыласуларының мәнін тас және армотас конструкцияларды жобалау бойынша құрылыс нормаларының нұсқауларына сәйкес қабылдау, ал байланбаған жіктер бойынша құрылыс ауданында жүргізілетін сынауларда алынған R_{nt} өлшеміне байланысты (9.1-9.3) формулалары бойынша анықтау керек:

$$R_t = 0{,}45R_{nt} \quad (9.1)$$

$$R_{sq} = 0{,}7R_{nt} \quad (9.2)$$

$$R_{tb} = 0{,}8R_{nt} \quad (9.3)$$

R_t, R_{sq}, және R_{tb} мәндері кірпіш немесе тас бойынша қалаудың бұзылуында алынған тиісті мәндерден артпауы тиіс.

9.9.9 R_{nt} талап етілетін мәнін құрылыс ауданында кірпіш (тас) қалауы сынақтарының қорытындыларына байланысты тағайындау және жобада көрсету керек.

120 кПа (1,2 кгс/см^2) тең немесе артатын R_{nt} мәнін құрылыс алаңында алу мүмкін болмағанда күш түсетін және өздігінен күш түсетін қабырғаларын орнату үшін кірпіш немесе тас қалауын пайдалануға рұқсат етілмейді.

9.9.10 Қалаудың қалыпты ұстасуының нақты өлшемін анықтау үшін сейсмикалық аймақтарда ғимараттарды салу кезінде бақылау сынақтарын жүргізу керек. Қалаудың бақылау сынақтарын жүргізусіз күш түсетін және өздігінен күш түсетін кірпіш (тас) қабырғалары бар ғимараттарды салуға рұқсат етілмейді.

9.9.11 Барлық көлденең және бойлық күш түсетін қабырғалары бойынша кірпіш ғимараттарының аражабындар және жабындар деңгейлерінде үздіксіз арматуралауы бар монолитті темірбетоннан орындалған сейсмикағам қарсы белдеулер орнатылуы тиіс.

Қабырғаларға контур бойынша жасалған монолитті темірбетон аражабындары бар ғимараттарда аражабындар деңгейіндегі сейсмикаға қарсы белдеулерді орнатуға рұқсат етіледі. Бұл ретте, кірпіш қабырғаларға сүйенетін монолитті темірбетон аражабындар және жабындар бөлігінің ұзындығы 250 мм кем емес болуы тиіс.

9.9.12 Ғимараттың жоғарғы қабатының сейсмикаға қарсы белдеулері және монолитті темірбетон аражабындары арматураның тік шығыңқы қалауымен немесе темірбетон байланыстарымен байланысқан болуы тиіс.

9.9.13 Сейсмикаға қарсы белдеу аражабынға сүйенуі және қабырғаның барлық еңіне орналасу үшін аймаққа ие болуы тиіс. Қалыңдығы 510 мм және одан көп сыртқы қабырғаларда белдеу ені 150 мм дейінгі шамаға қабырға қалыңдығынан кем болуы мүмкін. Белдеу биіктігі 150 мм кем емес, бетон класы В12,5 төмен болуы тиіс. Сейсмикаға қарсы белдеулер имарат алаңының сейсмикалығы 7 және 8 балл болғанда 4∅10 және имарат алаңының сейсмикалығы 9 және 10 балл болғанда кемінде 4∅10 бойлық арматурамен кеңістіктік қаңқалармен арматураланады.

9.9.14 Күш түсетін қабырғалардың түйісулерінде қалауға ұзындығы құрылыс алаңының сейсмикалығы 7 және 8 балл болғанда 700 мм-ден кейін және құрылыс алаңының сейсмикалығы 9 және 10 балл болғанда 500 мм-ден кейін кемінде 150 см кемінде 1 см^2 бойлық арматураның жиынтық қима ауданы бар арматуралық торлар салынуы тиіс.

9.9.15 Ғимараттардың кірпіш (тас) қабырғаларының сейсмикалық төзімділігін ұлғайту керек:

– қалаудың көлденең жіктерінде салынатын арматурадан жасалған торлармен;

– В7,5 төмен емес торкрет-бетон класының қабатындағы немесе маркасы 100 төмен емес цементті-құмды ерітінді қабатында арматурадан жасалған тік торлармен қабырғаларды күшейту жолымен кешенді конструкцияларды құрумен;

– қалау құрамына монолитті тік және көлденең темірбетон элементтерін қосу жолымен кешенді конструкцияларды құрумен;

– қалауда ішкі темірбетон қабатын орналастырумен (үш қабатты тас-монолитті қалау).

Кірпіш қабырғалардың сейсмикалық төзімділігін арттыру үшін басқа да эксперименталды негізделген әдістерді қолдануға рұқсат етіледі.

9.9.16 Торкрет-бетон қабатында немесе цементті-құмды ерітінді қабатында арматурадан жасалған торлармен күшейтілген қабырғалар түріндегі кешенді конструкцияларды жобалауда:

– торлар, әдетте, қабырғалардың екі жағынан орнатылады;

– бетон немесе ерітінді қабаттарының қалыңдығы қабырғаның әрбір жағынан 40 мм кем болмауы керек;

– қабырғаларға арматуралық толарды бекіту 600 мм көп емес қадамы бар шахматтық тәртіпте орнатылатын диаметрі 6 мм кем емес арматурадан жасалған анкерлермен орындалады.

Аталған тәсілмен қабырғаларды күшейткенде бетон немесе ерітінді қалауы бар қабаттардың сенімді ұстасуын қамтамасыз ететін технологиялық іс-шараларды көздеуі керек.

9.9.17 Кешенді конструкциялардың қалауында темірбетон қоспаларды қосу кем дегенде бір жақтан ашық болуы тиіс.

Тік темірбетон қоспалар (өзектер) сейсмикаға қарсы белдеулермен біріктірілуі тиіс. Қабырғалардың көлденең арматурасын және сейсмикаға қарсы белдеулерді тік темірбетон қоспалар арқылы өткізу керек.

Өзекшелер қабат биіктігінен артпайтын қадаммен қабырғалардың саңылау учаскелерінде терезе және есік саңылауларының қырлары бойынша қабырғалардың түйісу орындарында орналастырылуы тиіс. Өзекшелердің бетоны В15 класынан төмен болмауы керек.

9.9.18 Үш жақты тас-монолитті қалаудың ішкі темірбетон қабаты В10 төмен емес бетон класынан орындалуы және кемінде 100 мм қалыңдықта болуы керек.

Тас-монолитті қалаудың (кірпіш) сыртқы қабаты 600 мм көп еме қадамымен белгіленетін және бетонның ішкі қабаты арқылы өткізілетін өзара көлденең арматурамен байлануы керек.

Аражабындар және жабындар тас-монолитті қалауының ішкі темірбетон қабатына немесе сейсмикаға қарсы белдеуіне сүйенуі керек.

9.9.19 Арматуралаумен күшейтілген немесе көлденең арматуралық торлармен ғана күшейтілген кірпіш қалауынан жасалған тіреу қабырғалары бар ғимараттар биіктігінің қабаты сейсмикалығы 7, 8 және 9 балл болғанда тиісінше 5,0; 4,0 және 3,5 м артпауы тиіс. Қабат биіктігінің қабырға қалыңдығына арақатынасы 12 кем болмауы керек.

Кешенді конструкциялардың қабырғаларымен немесе тас-монолитті қалаудан жасалған ғимараттар қабатының биіктігін сейсмикалығы 7, 8, 9 және 10 балл болғанда сәйкесінше 6,0; 5,0; 4,5 және 4,0 м деп қабылдауға рұқсат етіледі.

9.9.20 Сыртқы бойлық қабырғаларынан басқа тіреу кірпіш қабырғалары бар ғимараттарда, әдетте сыртқы және ішкі көлденең бүйіржақ қабырғаларымен байланысқан бір ішкі көлденең қабырғадан кем болмауы тиіс. Баспалдақ торларының көлденең күш түсетін қабырғалары ғимараттың барлық еніне өтуі керек.

9.9.21 Көлденең қабырғалар өстері арасындағы немесе олардың жиіктерін ауыстыратын арақашықтық есеппен тексерілуі керек және 9.4-кестесінде келтірілген шамадан көп болмауы керек.

9.4-кесте - Көлденең қабырғалар өстері арасындағы немесе олардың жиіктерін ауыстыратын максимал арақашықтық

Конструктивтік түр	Алаңның баллдардағы сейсмикалығындағы м арақашықтығы			
	7	8	9	10
Арматуралаумен күшейтілмеген немесе көлденең арматуралық торлармен күшейтілген кірпіш қалауынан жасалған тіреу қабырғалары бар	12	9	6	–
Күрделі құрылымды немесе тас-монолитті қабырғалары бар	15	12	9	6

(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 08.04.2024 ж. №51-НҚ бұйрық)

9.9.22 Кірпіш қалауынан жасалған қабырғалар элементтерінің өлшемдерін есеппен анықтау керек. Көлденең арматуралау түрінде күшейтілмеген немесе күшейтілген кірпіш қалауы үшін жіктерде 9.5-кестесінде келтірілген талаптармен қанағаттандырылуы керек.

9.9.23 Сейсмикалығы 8 және одан көп балл болғанда баспалдақ торларының кірпіш қабырғаларындағы есік және терезе ойықтары темірбетон жиектеуге ие болуы керек.

9.9.24 Баспалдық алаңдарының баспалдақ алаңдарын және итарқаларын 250 мм кем емес тереңдікте қалауға бітелуі және анкерленуі керек. Құрама баспалдақ элементтері (баспалдақтар, көлбеу арқалық, құрама марштар) бекітілген болуы тиіс. Баспалдақ торларының қалауына бітелген консолды баспалдақтарды орналастыруға рұқсат етілмейді.

9.9.25 Тас қабырғалары және құрама аражабындары бар ғимараттарда балкондарды шығару 1.5 м артпауы керек.

9.9.26 Биіктігі 400 мм-ден астам шатыр аражабыны үстіндегі қабырғалар және діңгектер учаскелері сейсмикалық белбеуге анкерленген монолитті темірбетон қоспалармен арматураланған немесе күшейтілген болуы керек.

9.9.27 Бөгеттер қабырғаның барлық қалыңдығына орнатылуы және 350 мм тереңдіктегі қалауға бітелуі тиіс. Саңылаудың ені 1,5 м дейін бөгеттерді 250 мм бітеуге рұқсат етіледі.

9.9.28 Құрама араланған бөгеттерді қолдануға рұқсат етілмейді.

9.9.29 Желдеткіш арналар және түтін шығарғыштар орнатылатын тіреу қабырғаларды кешенді конструкциялар түрінде жобалау керек.

9.9.30 Ғимарат немесе бөлік жоспарының шектерінде 9.3.2 а) және б) тармақтары бойынша орындалған темірбетон такқталарының құрама аражабындарын (жабындарын) тарату бағытының өзгеруіне рұқсат етілмейді.

9.9.31 Өздігінен тіреу қабырғалары қабырғалардың бойымен қаңқаның көлденең жылжуларына кедергі жасамайтын қаңқамен байланысы болуы тиіс. Қабырғалардың беті және қаңқалардың бағаналары арасында кемінде 20 мм саңылау көзделуі керек.

9.5-кесте – Кірпіш қалаудан жасалған элементтердің өлшемдері

Қабырғалар элементі	Алаңның сейсмикалығында, баллдардағы метрдегі қабырға элементтерінің өлшемі			Ескертпелер
	7	8	9	
Аралық қабырға ені, кемінде	0,77	1,16	1,55	Бұрыш аралық қабырғалардың енін кестеде көрсетілген өлшемнен 250 мм жоғары қабылдау керек.
Ені...көп емес саңылаулар	3,5	3,0	2,5	Ені үлкен саңылауларды саңылаудың контуры бойынша бекітілген темірбетон жиектеумен күшейту қажет
Саңылау еніне аралық қабырға енінің қатынасы, кемінде	0,33	0,50	0,75	
Оларды: - қабырға материалдарынан (кірпіш, тас); - сейсмикаға қарсы белбеулермен байланған темірбетон элементтерден; - металл тор бойынша, әрленген ағаштан орындағанда карниздарды шығару	 0,2 0,4 0,75	 0,2 0,4 0,75	 0,2 0,4 0,75	Әрленбеген ағаш карниздарды 1 м шығаруға рұқсат етіледі.

Комитет по делам строительства жилищно-коммунального хозяйства Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан Карибаева З. А.

9.9.32 Аражабындар (жабындар) такталары деңгейіндегі немесе терезе ойықтарының жоғарғы жағының кірпіш (тас) қалауынан жасалған өздігінен күш түсетін қабырғаларының барлық ұзындығы бойынша ғимарат қаңқасымен иілгіш байланыстармен біріктірілген сейсмикаға қарсы белбеулер көзделуі керек. Шығыңқы және көлденең қабырғалардың айқасқан орындарында қабырғалардың барлық биіктігіне сейсмикаға қарсы жіктерді орнату керек.

9.9.33 Өздігінен күш түсетін қабырға конструкцияларының және олардың бекітулерінің беріктігін 7.10.3 тармағымен орындалған есеппен тексеру керек. Өздігінен күш түсетін қабырғаларының тегістігінде әрекет ететін сейсмикалық күштер қабырғалардың өзімен қабылдануы керек.

10 ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРЫН ЖОБАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

10.1 Темірбетонды қабырғалардағы және қаттылық дифрагмаларындағы тік және көлденең арматураның қима ауданы құрау керек:

шеткері аудандарда – 0,2 %-дан кем емес және бетонның қима ауданынан 4 %-дан артық емес;

жазық аудандарда – 0,1%-дан кем емес және бетонның қима ауданынан 4 %-дан артық емес.

10.2 *Көпқабатты қаңқалы ғимараттардың темірбетон бағаналарында (рамалы, рамалы-байланыстырушы, байланыстырушы және басқа) бойлық арматураның көлденең қимасының ауданын есептердің қорытындылары бойынша, бірақ:

құрылыс ауданының сейсмикалығы 7 және 8 балл болғанда – бағаналардың көлденең қимасының ауданынан 0,8 %-дан;

құрылыс ауданының сейсмикалығы 9 және 10 балл болғанда – бағаналардың көлденең қимасының ауданынан 1,2 %-дан кем емес қабылдау керек *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 05.06.2019 ж. №86-НҚ бұйрық)*.

10.3 *Көпқабатты қаңқалы ғимараттардың темірбетон ұстындарындағы бойлық арматураның көлденең қимасының жалпы ауданы бағаналардың көлденең қимасының ауданынан 4 %-дан аспау керек *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 05.06.2019 ж. №86-НҚ бұйрық)*.

10.4 Орталықтан тыс қысылған және бүгілген элементтерде қамыттар есеп бойынша және 400 мм-ден аспайтын және 12*d*-дан аспайтын, мұндағы *d* – бойлық қысылған өзектердің ең аз диаметрі, ара қашықтықта қойылуы керек.

Бойлық арматура қимасының ауданы 3%-дан асатын, орталықтан тыс қысылған элементтерге қамыттарды 8*d*-дан аспайтын және 250 мм-ден аспайтын ара қашықтықта орнату керек.

10.5 Байланыстырушы сызбалар бойынша жобаланғандардан басқа қаңқалы ғимараттардың бағаналарында орнатылатын қамыттардың аралығы 1/2*h*-нан, ал байланыстырушы сызбалар бойынша жобаланған қаңқалы ғимараттардың бағаналарында – 3/4*h*-тен аспауы керек, мұндағы *h* – бағана жағының ең аз өлшемі.

Қамыттардың диаметрін 8 мм-ден кем емес қабылдау керек.

10.6 Темірбетон рамалардың қатты түйіндері дәнекерленген торлармен, шиыршықтармен немесе 100 мм-ден аспайтын аралықпен орнатылған бекітулі қамыттармен күшейтілуі керек.

10.7 Рамалардың қатты түйіндеріне (оның ішінде, іргетастарға) ригельдер мен ұстындардың жанасып тұрған жерлері олардың қимасының бір жарым биіктігіне тең ара қашықтықта, есеп бойынша орнатылған, бірақ аралығы 100 мм-ден аспайтын бекітілген көлденең арматурамен (қамыттармен) арматуралануы керек. Бірінші қамыт түйіннің шегінен 50 мм-ден аспайтын ара қашықтықта орналасуы керек.

10.8 Бойлық арматураның диаметрі 22 мм-ден астам болғанда қабырғалардың шеткері аудандарының бойлық арматурасы мен қаттылық диафрагмаларын, сондай-ақ бағаналардың бойлық арматурасын қосу, дәнекерлеу арқылы орындалуы керек.

10.9 Бойлық арматураның қабырғаларда, бағаналарда және ригельдерде түйістіру үшін сәйкес эксперименталды негіздемелер болғанда, механикалық түйіспе қосылыстарды қолдануға жол беріледі (нығыздалған муфталармен, бұрандалы муфталармен түйісулер және б.).

10.10 Жұмыс арматурасының қосылыстары (дәнекерлеумен немесе дәнекерлеусіз), қағида ретінде темірбетон және бетон конструкцияларды жобалау бойынша ҚНжЕ сәйкес ережелерін сақтай отырып екпінмен орналасуы керек.

10.11 Түгендемелі (алмалы-салмалы) пішіндерде ванналық дәнекерлеу арқылы және қалдық болат қапсырма-қаптырмаларда дәнекерлеу арқылы арматураны түйістіріп қосуға оларды бұзушы әдістермен орындалу сапасын бақылау шартымен жол беріледі.

10.12 Арматураны қабырғаларға және қаттылық диафрагмаларына қайта шығарудың минимал ұзындығы, оны дәнекерлеусіз үсті-үстіне қосқан кезде, құрылыстың әдеттегі шарттары үшін талап етілетін мәндерден 25%-ға көп болу керек.

10.13 Ригельдердің дәнекерлеусіз үсті-үстіне қосылатын арматурасын қайта шығару ауданында қамыттардың аралығы $h/4$ артық болуы керек, мұндағы h – ригельдің биіктігі.

10.14 Майысқан қамыттардың соңдары бойлық арматураның айналасына бүгіліп, қамыттың $6d$-дан кем емес және 8 см-ден кем емес ұзындықта қиманың түбіне қарай түсірілуі керек.

10.15 Алдын-ала кернелген темірбетон конструкцияларын жобалау кезінде мына талаптарды есепке алу керек:

қималардың беріктігі олардың жарықтарға төзімділігінің 25%-нан кем емес ұлғаюы керек;

бойлық кернелетін арматура бетонмен жабысып тұруы керек;

диаметрі 28 мм және одан да көп кернелетін өзектік арматураның соңында анкерлік құрылғысы болу керек;

аралығы көп және жауапты иілгіш конструкциялар үшін, сондай-ақ қаңқалы ғимараттардың бағаналары үшін аралас арматуралау ұсынылады.

Алдын ала кернелген конструкцияларда, алшақтығы 2%-дан кем болғанда, салыстырмалы ұзартылған арматураны қолдануға жол берілмейді.

11 БОЛАТ КОНСТРУКЦИЯЛАРЫН ЖОБАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

11.1 Регельдердегі, диафрагмалардағы, бағаналардың тіреу траверстеріндегі болат қаңқаларды жобалау кезінде белгілі бір аумақтарды, ал болат байланыстарда – есептелтен мәндерден асатын сейсмикалық жүктемелер кезінде серпімді емес деформациялардың ықтимал даму шарттарында жұмыс істеуге арналған арнайы конструктивті элементтерді қолдану ұсынылады.

Серпімді пластикалық кезеңде жұмыс істейтін элементтер үшін құрамында көміртегі аз, сапасы қарапайым иілімді көміртекті болаттар мен салыстырмалы ұзартылуы 20 %-дан кем емес аз қоспалы болаттар қолданылуы керек.

Болат конструкциялар элементтеріндегі пластикалық деформацияның даму аумақтары дәнекерленген және бұранды қосылыстардың шегінен тыс шығарылуы керек.

11.2 Көп қабатты ғимараттардың рамалы қаңқаларының басты остерге салыстырмалы түрде беріктігі бірдей бекітуді қорапты қималарының, ал рамалы-байланыстырушы қаңқалардың қос таврлы қималарының болат бағаналарын жобалау ұсынылады.

Қаңқа ұстындарының қосылыстарын рамалардың түйіндерінен жатқызу ұсынылады. Рамалы қаңқалардың ұстындарында ригельдер белдеулерінің деңгейінде диафрагмалар орнатылуы керек.

Қаңқалардың болат ригельдерін прокаттық және дәнекерленген қос таврлардан орындау ұсынылады. Рамалық қаңқалар ригельдерінің тіреу қималарын сөрелердің енін үлкейту немесе доғалқиыс есебінен үлкейту ұсынылады.

11.3 Сейсмикалық аудандарда салынатын ғимараттардың болат байланыстарында, есептіктен асатын күш салғанда пластикалық деформациялар дамуы мүмкін арнайы конструктивті энергия сіңіргіш-элементтерді (айналмалы, түтік тәрізді, үйкелме және б.) қолдануға рұқсат беріледі.

11.4 Жабын тақталары мен болат ригельдері арасындағы көлденеңды тігістерде созылу және жылжу күштерін қабылдайтын байланыстарды қарастыру керек.

11.5 Кеңістіктік қаттылық пен жабынның және оның элементтерінің орнықтылығын қамтамасыз ету үшін жабынның күш түсетін конструкциялары арасындағы байланыстар жүйесін қарастыру керек.

12 * ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРІП ЖАТҚАН ҒИМАРАТТАРДЫҢ СЕЙСМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ

(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 08.04.2024 ж. №51-НҚ бұйрық).

12.1 Сейсмикалық қауіпсіздікті бағалауды төмендегідей қолданыстағы құрылыс ғимараттары үшін орындау керек:

− жер сілкіністері және басқа да дүлей немесе техногенді оқиғалар кезінде зақымданғандар;

− сейсмикалық аудандастыру карталарын немесе инженерлік-геологиялық жағдайларды нақтылау кезінде сейсмикалығы жоғарылаған алаңдарда орналасқан;

− функционалдық мақсатын өзгертпей, соның ішінде жауапкершілік деңгейін арттыруға әкеп соғатын реконструкциялауға жататындар.

12.2 Осы бөлімнің ережелерін қолдануға рұқсат етілмейді:

− ғимараттарды қайта жаңарту немесе қайта жоспарлау кезінде олардың сейсмикаға төзімділігінің жоғары деңгейін төмендететін іс-шаралар мен сындарлы шешімдерді негіздеу үшін;

− ғимараттардың конструктивтік-жоспарлау шешімдерінің осы ғимараттар жобаланған және/немесе салынған нормалар талаптарына сәйкес келмеуін негіздеу үшін;

− қолданыстағы құрылыс ғимараттарының функционалдық мақсатын өзгертуді немесе ғимараттарда қосымша қабаттарды орналастыруды көздейтін реконструкциялау жобаларын әзірлеу кезінде.

12.3 Қолданыстағы құрылыс ғимараттарының сейсмикалық қауіпсіздігін бағалауды оларды зерттеу нәтижелері негізінде аяқтау қажет.

Қолданыстағы құрылыс ғимараттарын тексеруді құрылымдардың нақты жай-күйі туралы және материалдардың сипаттамалары туралы деректер алуға мүмкіндік беретін жабдықпен негізделген ұйымдар орындай алады.

Күрделі және жауапты нысандардың сейсмикалық қауіпсіздігін бағалауды мамандандырылған ғылыми-зерттеу ұйымдарының қатысуымен және қажет болған жағдайда жобалау ұйымдарының мамандарын тарта отырып орындау керек.

12.4 Қолданыстағы құрылыс ғимараттарының сейсмикалық қауіпсіздігін олардың көлемдік-жоспарлау және конструктивтік шешімдерінің есептік және конструктивтік талаптарға сәйкестігіне қарай бағалау қажет:

а) қазіргі уақытта қолданыстағы Қазақстан Республикасының нормалары (оның ішінде ҚР ЕЖ 2.03-30 және ҚР ЕЖ EN 1998-1 НТҚ);

немесе

б) 1998-2017 жылдарда қолданыста болған Қазақстан Республикасының нормалары (оның ішінде ҚР ҚНжЕ [1], ҚР ҚНжЕ [2]), егер қаралатын ғимараттар мен құрылыстарды жобалау осы нормалар бойынша жүзеге асырылса және осы ғимараттардың функционалдық мақсатын өзгерту көзделмейді.

12.5 [1], [2], ҚР ЕЖ 2.03-30 және ҚР ЕЖ EN 1998-1 НТҚ талаптарына сәйкес жобаланған ғимараттардың конструктивтік-жоспарлау шешімдері төмендегілерге сәйкес болса, оларды сейсмикалық қауіпсіз деп санауға болады:

− оларды жобалау жүзеге асырылған нормалардың талаптары;

− қаралатын ғимараттарды жобалау кезеңінде қолданыста болған, жалпы сейсмикалық аудандастыру және сейсмикалық шағын аудандастыру карталары бойынша айқындалатын құрылыс алаңдарының сейсмикалық қауіптілігі.

12.6 [1] қолданысқа енгізілгенге дейін жобаланған қолданыстағы құрылыс ғимараттарының сейсмикалық қауіпсіздігін олардың көлемдік-жоспарлау және конструктивтік шешімдерінің қазіргі қолданыстағы нормалардың талаптарына сәйкестігіне қарай бағалау қажет.

12.7 Қолданыстағы нормалардың есептік талаптарына қолданыстағы құрылыс ғимараттарының сәйкестік дәрежесі (ҚР ЕЖ 2.03-30 немесе ҚР ЕЖ EN 1998-1 НТҚ) келесі өрнектің көмегімен анықталатын rs коэффициенті арқылы белгіленеді:

$$r_s = \frac{W}{F}, \qquad (12.1)$$

мұнда

W – қарастырылып отырған конструктивтік жүйенің немесе оның элементтерінің нақты есептеу қабілетін сипаттайтын көрсеткіш;

F – қарастырылып отырған конструктивтік жүйенің немесе оның элементтерінің қолданыстағы нормалар бойынша талап етілетін есептік тірек қабілетін сипаттайтын көрсеткіш.

12.8 W және F көрсеткіштері ретінде мыналарды қабылдауға рұқсат етіледі:

− ғимаратқа қабаттық сейсмикалық жүктемелердің шамалары;

− ғимараттың негізіндегі немесе қарастырылып отырған қабат деңгейіндегі көлденең күш шамасы;

− конструкциялар қималарындағы сейсмикалық жүктемелерден болатын күш шамалары;

− ғимарат конструкцияларының сейсмикалық әсер ету әсеріне төзімділігінің сандық көрсеткіштері.

12.9 1998 жылға дейін қолданыста болған нормалар бойынша жобаланған қолданыстағы құрылыс ғимараттары, егер осы ғимараттар мен құрылыстардың конструктивтік шешімдері қазіргі қолданыстағы нормалардың міндетті конструктивтік талаптарына сәйкес келсе, ал rs коэффициенті 12.1 кестеде көрсетілген мәндерден асатын мәндерге ие болса, сейсмикалық қауіпсіз деп санаған жөн.

12.10 Қолданыстағы құрылыс ғимараттары, егер олардың құрылымдық шешімдері қолданыстағы нормалардың міндетті құрылымдық талаптарына сәйкес келмесе немесе rs коэффициенті 12.1-кестеде келтірілген мәндерден аз болса, сейсмикалық қауіпсіз деп саналуы керек.

12.11 Ғимараттарды қалпына келтіру немесе күшейту жобаларын әзірлеу кезінде, әдетте, қолданыстағы нормалардың міндетті конструктивтік талаптарынан ауытқуларды жою жөніндегі іс-шараларды көздеу қажет.

12.12 Ғимараттарды қалпына келтіру немесе күшейту жөніндегі іс-шаралар, егер (12.12-т.сақталған жағдайда) rs коэффициенті 12.1-кестеде көрсетілгеннен асатын мәнге ие болса, жеткілікті болып табылады.

12.13 12.12 тармағының талаптары ғимараттардың сейсмикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ең аз қажетті болып табылады. Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша есептік сейсмикалық жүктемелер мен конструктивтік іс-шаралар деңгейі көтерілуі мүмкін.

12.1-кесте – Ғимараттар мен құрылыстар үшін r_s коэффициентінің мәні

Құрылыстардың	r_s коэффициентінің мәні
1. Зақымдануы қауіпті экологиялық салдарлар туғызуы мүмкін құрылыстар; конструкциялардың қалдық деформациялары мен жергілікті зақымдануларына (шөгінділер, жарықтар және т.б.) жол берілмейтін ғимараттар мен құрылыстар.	1,0
2. Аса жауапты ғимараттар мен құрылыстар (әкімшілік, қоғамдық және өндірістік).	
3. Жер сілкінісінің салдарын жою кезінде және халықты қорғау үшін жұмыс істеуі қажет ғимараттар мен құрылыстар (энергия және сумен жабдықтау жүйелері, өрт деполары, өрт сөндіру жүйелері, байланыс құрылыстары, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының ғимараттары, төтенше жағдайларды жою жөніндегі ұйымдардың ғимараттары мен құрылыстары, травматологиялық және хирургиялық бөлімшелері бар аурухана ғимараттары және т.б.).	0,8

12.1-кесте – Ғимараттар мен құрылыстар үшін r_s коэффициентінің мәні

(*жалғасы*)

Құрылыстардың		r_s коэффициентінің мәні
4.	Пайдаланылуы көп адамдардың ұзақ уақыт жиналуымен байланысты ғимараттар мен құрылыстар (үлкен және орта вокзалдар, жабық стадиондар, концерт залдары және басқа да ойын-сауық құрылыстары); мұражайлар ғимараттары; үлкен көркемдік және тарихи құндылығы бар ескерткіштер.	0,8
5.	Мектепке дейінгі мекемелердің, мектептердің, жоғары оқу орындарының, ауруханалардың, қарттар үйлерінің және т.б. ғимараттары.	
6.	1-5 және 7-позицияларда көрсетілмеген ғимараттар мен құрылыстар (тұрғын-үй, әкімшілік, қоғамдық, өндірістік, ауыл шаруашылығы және т.б.).	0,5
7.	Адамдардың қауіпсіздігіне қауіп төндірмейтін, құнды жабдықтардың бүлінуіне әкелмейтін, үздіксіз технологиялық үдерістердің тоқтатылуын немесе қоршаған ортаның ластануын тудырмайтын (кейбір шағын бір қабатты ауыл шаруашылығы және қойма құрылыстары, уақытша бір қабатты құрылыстар, жеңіл ашық жазғы павилиондар және т.б.) аз жауапты ғимараттар мен құрылыстар.	Сейсмикалық әсерлерді есепке алмағанда (тапсырыс берушімен келісім бойынша)

12.11 Ғимараттарды қалпына келтіру немесе күшейту жобаларын әзірлеу кезінде, әдетте, қолданыстағы нормалардың міндетті конструктивтік талаптарынан ауытқуларды жою жөніндегі іс-шараларды көздеу қажет.

12.12 Ғимараттарды қалпына келтіру немесе күшейту жөніндегі іс-шаралар, егер (12.12-т.сақталған жағдайда) rs коэффициенті 12.1-кестеде көрсетілгеннен асатын мәнге ие болса, жеткілікті болып табылады.

12.13 12.12 тармағының талаптары ғимараттардың сейсмикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ең аз қажетті болып табылады. Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша есептік сейсмикалық жүктемелер мен конструктивтік іс-шаралар деңгейі көтерілуі мүмкін.

12.14 Ғимараттар мен құрылыстардың реконструкциясы олардың функционалдық мақсатының өзгеруімен немесе олардағы жеке үй-жайлардың функционалдық мақсатының өзгеруімен ұштасқан ғимараттар мен құрылыстар осы ғимараттардың немесе үй-жайлардың жаңа мақсатына қатысты қазіргі қолданыстағы нормалардың талаптарына толық көлемде сәйкес келуі тиіс.

12.15 Қолданыстағы құрылыс ғимараттарының сейсмикалық қауіпсіздігі мыналармен қамтамасыз етілуі мүмкін:

- ғимараттардың функционалдық мақсатының өзгеруімен (ғимараттың функционалдық мақсаты бойынша жауапкершілік деңгейінің төмендеуімен);
- ғимарат массасының төмендеуімен (мысалы, жоғарғы қабаттарды демонтаждау немесе ауыр салмақ түсірмейтін элементтерді жеңіл элементтерге ауыстыру есебінен);

- тірек және тірек емес конструктивтік элементтерді күшейту немесе қалпына келтірумен;

- ғимараттың құрылымдық және көлемдік-жоспарлау шешімдерінің өзгеруімен.

12.16 Ғимараттарды қалпына келтіру немесе күшейту туралы шешімдерді олардың табиғи және моральдық тозуын, мақсатын және әлеуметтік-экономикалық орындылығын ескере отырып қабылдаған жөн.

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан|АКарибаева З. А.

А қосымшасы

(*міндетті*)

Аймақтардың сейсмикалық қауіптілігі баллмен және үдеулермен көрсетілген Қазақстан Республикасы аумағын жалпы сейсмикалық аймақтандыру карталары

А қосымшасында Қазақстан аумағындағы сейсмикалық генерацияланатын аймақтардың картасы және Қазақстан Республикасы аумағын жалпы сейсмикалық аймақтандыру (ЖСА) карталар жиынтығы ұсынылған.

Қазақстан аумағының сейсмикалық генерацияланатын аймақтарының картасында жер сілкінісінің ықтимал ошақтар аймақтары көрсетілген, күтілетін жер сілкінісінің барынша мүмкін магнитудасының шамаларына сәйкес жіктелген.

Қазақстан Республикасы аумағын жалпы сейсмикалық аймақтандыру (ЖСА) карталар жиынтығының құрамы:

– 50 жыл ішінде ондағы көрсетілген сейсмикалық қарқындылық мәндерінен ықтимал асу мүмкіндігінің 10 %-ын көрсететін ЖСА-1_{475} және ЖСА-2_{475} карталарынан (мұндай сілкіністердің орташа қайталанушылық кезеңі 475 жыл);

– 50 жыл ішінде ондағы көрсетілген сейсмикалық қарқындылық мәндерінен ықтимал асу мүмкіндігінің 2 %-ын көрсететін ЖСА-1_{2475} және ЖСА-2_{2475} карталарынан (мұндай сілкіністердің орташа қайталанушылық кезеңі 2475 жыл) тұрады.

ЖСА-1_{475} және ЖСА-1_{2475} карталарында Қазақстан Республикасының әлеуетті сейсмикалық қауіптілігі *g* үлестеріндегі көлденең ең жоғарғы үдеулердің амплитудасы бар изосызықтармен сипатталады. ЖСА-1_{475} және ЖСА-1_{2475} карталарында келтірілген $a_{gR(475)}$ және $a_{gR(2475)}$ сейсмикалық қауіптілік көрсеткіштері тасты және тас тәріздес геологиялық формацияларға жатады (6.1-кесте бойынша IA топырақ жағдайларының түрі).

ЖСА-1_{475} және ЖСА-1_{2475} карталарында әрқайсысының шегінде әлеуетті сейсмикалық қауіптілік шартты түрде тұрақты деп қабылданған изосызықтармен аймақтар белгіленген және бүтін сандық баллдармен н аймақтар MSK-64 (K) шкаласы бойынша сипатталады. ЖСА-2_{475} және ЖСА-2_{2475} карталарында көрсетілген сейсмикалық қауіптілік көрсеткіштері сейсмикалық қасиеттерге арналған «орташа» топырақ қыртысына (6.1 кестеге сәйкес топырақ жағдайының II түрі) жатады.

ЖСА карталарында көрсетілген құрылыс аймақтарының сейсмикалық қауіптілігі сейсмикалық әсерлерді күшейтудің топографиялық әсерлерін есепке алмай анықталған.


ТОО "ИНСТИТУТ СЕЙСМОЛОГИИ"
СЕЙСМОГЕНЕРИРУЮЩИЕ ЗОНЫ ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА
(СЕЙСМОТЕКТОНИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ)
Составители: Т.Д. Абеуова, А.Н. Ли, А.Б. Садыкова, Н.П. Степаненко
по комплексу сейсмологических, тектонических, геофизических данных
по материалам Курскеева А.К., Сыдыкова А., Тамуша А.В., Шацилова В.И., Тарадзиева Т.
2015
Сейсмогенерирующие зоны и их M_{max}
Масштаб 1:3 500 000
Основные региональные геоструктуры новейшего этапа развития территории Казахстана
Активные новейшие разломы
Складчатые структуры платформы



Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан



© Министерство индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан



Национальный институт стандартизации и сертификации в строительстве Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан Акарибаева З. А.


КАРТА ОБЩЕГО СЕЙСМИЧЕСКОГО ЗОНИРОВАНИЯ (ОСЗ-2 2475)
ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА
для периода повторяемости 2475 лет
(вероятность превышения сейсмической интенсивности 2 % за 50 лет)
в баллах макросейсмической шкалы интенсивности MSK-64 (К)

Б* қосымшасы
(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 13.05.2025 ж. №71-НҚ бұйрық)
(*міндетті*)

Сейсмикалық қауіптілік баллмен және үдеулермен көрсетілген, сейсмикалық аймақтарда орналасқан, Қазақстан Республикасы елді-мекендерінің тізімі

(елді мекендердің атаулары Қазақстан Республикасының 2012 жылғы өңірлер карталарына сәйкес келеді 1:1 000 000 масштабы облыстар карталарына сәйкес келеді)

Елді мекендер	MSK-64(K) шкаласы бойынша баллмен қарқындылығы		Жартасты топырақтар үшін топырақтың шыңдық үдеуі (g үлестерінде)	
	сейсмикалық аймақтандыру карталары бойынша			
	ЖСА-2_{475}	ЖСА-2_{2475}	ЖСА-1_{475} ($a_{gR(475)}$)	ЖСА-1_{2475} ($a_{gR(2475)}$)
1	2	3	4	5
Алматы [1]				
Алматы	9*	9*	0,38	0,73
Шымкент				
Шымкент	7	8	0,11	0,20
Абай облысы [2]				
Ай (Аягөз)	7	8	0,075	0,140
Ай (Үржар)	7	8	0,10	0,155
Ақжар (Үржар)	7	8	0,093	0,175
Ақсуат (Аксаут)	7	8	0,11	0,23
Ақтоғай	6	7	0,050	0,095
Ақши (Аягөз)	6	7	0,045	0,085
Алтыншоқы	7	8	0,090	0,16
Аршалы	6	7	0,036	0,065
Аягөз	6	7	0,038	0,074
Бақты	7	8	0,11	0,21
Барқытбел	7	8	0,10	0,18
Белағаш	6	7	0,045	0,10
Биғаш	7	8	0,085	0,16
Бородулиха	6	7	0,050	0,090
Дөненбай	6	7	0,036	0,068
Жантекей	7	8	0,10	0,19
Жаңа Шүлбі	7	7	0,052	0,097
Жарма	6	7	0,035	0,068
Жарық	6	7	0,048	0,095
Жезкент	7	8	0,065	0,13
Жерновка	6	7	0,045	0,085
Жүрекадыр	6	7	0,028	0,055
Көкжайық (Көкпекті)	7	7	0,055	0,10
Қабанбай (Үржар)	7	8	0,10	0,18
Қазымбет	7	8	0,11	0,20
Қалбатау	6	7	0,043	0,085
Қарабұлақ (Аягөз)	7	8	0,10	0,17
Қарабұлақ (Мақаншы)	7	8	0,089	0,16
Қаратоғай	7	8	0,11	0,22
Қарауыл	5	6	0,023	0,048
Келдімұрат	7	8	0,11	0,21

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан АЖайбаева

(жалғасы)

Елді мекендер	MSK-64(K) шкаласы бойынша баллмен қарқындылығы		Жартасты топырақтар үшін топырақтың шыңдық үдеуі (g үлестерінде)	
	сейсмикалық аймақтандыру карталары бойынша			
	ЖСА-2_{475}	ЖСА-2_{2475}	ЖСА-1_{475} ($a_{gR(475)}$)	ЖСА-1_{2475} ($a_{gR(2475)}$)
1	2	3	4	5
Көкжыра (Ақсуат)	7	8	0,10	0,19
Көкжыра (Көкпекті)	7	8	0,095	0,18
Көкпекті	7	8	0,10	0,18
Қызылағаш	6	7	0,040	0,078
Қызылкесек	7	8	0,085	0,16
Кіндікті	7	7	0,052	0,11
Мақаншы	7	8	0,085	0,16
Ойшілік	7	8	0,11	0,25
Петропавловка	6	7	0,030	0,058
Сегізбай	7	8	0,11	0,18
Семей	5	6	0,023	0,045
Тарбағатай (Аягөз)	7	8	0,065	0,125
Таскескен	7	8	0,090	0,16
Теректі	7	8	0,11	0,24
Үлкен Бөкен	7	8	0,097	0,175
Үржар	7	8	0,095	0,18
Шар	6	7	0,030	0,058
Шынқожа	6	7	0,050	0,095
Ақтөбе облысы				
Бадамша	5	6	0,021	0,042
Мәртөк	5	6	0,018	0,035
Темірбек Жүргенов	6	6	0,025	0,040
Шалқар	6	6	0,024	0,046
Ырғыз	5	6	0,021	0,041
Алматы облысы [2]				
Айдарлы (Жамбыл)	7	8	0,085	0,17
Ақдала (Балқаш ауданы, Ақдала а.о.)	7	8	0,085	0,16
Ақдала (Балқаш ауданы, Балатопар а.о.)	6	7	0,045	0,090
Аққөл	7	7	0,060	0,11
Ақтам	9	9	0,41	0,78
Ақши (Іле)	7	8	0,11	0,24
Алатау	9*	9*	0,43	0,72
Алғабас (Райымбек)	9*	10*	0,47	0,82
Байсерке	8	9	0,31	0,54
Бақанас	7	8	0,090	0,16
Бақбақты	7	8	0,11	0,23
Балатопар	6	7	0,045	0,09
Бәйдібек Би (Еңбекшіқазақ)	9	9	0,37	0,59
Боралдай	8	9	0,34	0,59
Дегерес	8	9	0,27	0,47

(жалғасы)

Елді мекендер	MSK-64(K) шкаласы бойынша баллмен қарқындылығы		Жартасты топырақтар үшін топырақтың шыңдық үдеуі (g үлестерінде)	
	сейсмикалық аймақтандыру карталары бойынша			
	ЖСА-2_{475}	ЖСА-2_{2475}	ЖСА-1_{475} ($a_{gR(475)}$)	ЖСА-1_{2475} ($a_{gR(2475)}$)
1	2	3	4	5
Достық (Еңбекшіқазақ)	9	9	0,37	0,58
Екпінді	8	9	0,17	0,36
Еңбекші	8	8	0,14	0,28
Есік	9	9	0,42	0,68
Жалаңаш (Кеген)	9*	10*	0,5	0,85
Жаңаталап (Кеген)	9*	10*	0,47	0,82
Желторанғы	7	7	0,51	0,096
Жетіген	8	9	0,23	0,45
Қазтай Ұлтараков	8	9	0,34	0,54
Қалжат	9	9	0,36	0,60
Қаншеңгел	7	8	0,070	0,14
Қарабастау	7	8	0,11	0,23
Қараой (Балқаш)	6	7	0,032	0,060
Қараой (Іле)	8	9	0,26	0,48
Каратұрық	9	9	0,37	0,58
Қарғалы	9	9	0,36	0,65
Қаскелең	9	9	0,37	0,66
Кеген	9	10	0,46	0,80
Кетпен	9	9	0,40	0,72
Қонаев	8	8	0,15	0,32
Көкжиде (Аққөл)	7	7	0,055	0,10
Көкпек	9	9	0,415	0,69
Көктөбе	8	9	0,26	0,425
Қырғызсай	9	10	0,43	0,78
Майлыбай	7	8	0,065	0,12
Малыбай	9	9	0,40	0,62
Нарынқол	9	9	0,36	0,59
Нұра	8	9	0,235	0,46
Өтеген Батыр	8	9	0,34	0,58
Панфилово	9	9	0,36	0,60
Покровка (Іле)	9	9	0,36	0,60
Сарыбастау (Райымбек)	9	9	0,38	0,62
Сарыжаз	9	9	0,43	0,75
Саты	9*	10*	0,50	0,865
Сүмбе (Үйғыр)	9	9	0,36	0,60
Сүмбе (Райымбек)	9	10	0,43	0,79
Талғар	9	9	0,42	0,71
Талдыбұлақ	9	9	0,37	0,61
Таңбалытас	8	8	0,14	0,28
Текес	9	9	0,38	0,60
Тұздыбастау	9	9	0,40	0,71
Тұйық	9	10	0,44	0,78
Түрген	9	9	0,42	0,66
Ұзынағаш (Жамбыл)	8	9	0,31	0,58

(жалғасы)

Елді мекендер	MSK-64(K) шкаласы бойынша баллмен қарқындылығы		Жартасты топырақтар үшін топырақтың шыңдық үдеуі (g үлестерінде)	
	сейсмикалық аймақтандыру карталары бойынша			
	ЖСА-2_{475}	ЖСА-2_{2475}	ЖСА-1_{475} ($a_{gR(475)}$)	ЖСА-1_{2475} ($a_{gR(2475)}$)
1	2	3	4	5
Ұзынбұлақ	9	10	0,46	0,82
Үлкен Ақсу	9	9	0,42	0,77
Шарын	8	9	0,28	0,51
Шелек	9	9	0,36	0,57
Шеңгелді	8	9	0,18	0,39
Шонжы	9	9	0,4	0,68
Атырау облысы				
Аққыстау	5	6	0,017	0,041
Атырау	5	6	0,016	0,037
Индербор	6	6	0,024	0,042
Махамбет	5	6	0,016	0,038
Батыс Қазақстан облысы				
Жаңақала	5	6	0,017	0,041
Казталовка	5	6	0,016	0,034
Орал	6	6	0,030	0,050
Переметное	6	6	0,028	0,050
Сайқын	5	6	0,018	0,040
Тасқала	6	6	0,024	0,043
Федоровка	6	6	0,030	0,050
Чапаев	6	6	0,025	0,048
Шыңғырлау	5	6	0,018	0,040
Жамбыл облысы [2]				
Айшабибі	8	9	0,21	0,39
Аққөл	7	7	0,052	0,088
Ақсүйек	6	7	0,050	0,093
Ақыртөбе	8	8	0,15	0,24
Аса	8	8	0,15	0,24
Бауыржан Момышұлы	8	9	0,28	0,50
Белбасар	7	8	0,10	0,17
Бетқайнар	8	9	0,21	0,40
Бостандық	6	7	0,050	0,072
Бурылбайтал	6	7	0,045	0,089
Бірлік (Мойынқұм)	7	7	0,065	0,11
Бірлік (Шу)	7	8	0,085	0,17
Гвардейский (Қордай)	8	8	0,15	0,29
Гранитогорск	8	8	0,25	0,32
Гродеково	8	9	0,20	0,37
Жаңатас	7	7	0,052	0,095
Кеңес (Байзақ)	7	8	0,098	0,16
Кеңес (Меркі)	8	8	0,14	0,23
Кеңес (Мойынқұм)	7	7	0,067	0,121
Көктал	7	8	0,077	0,15
Күреңбел	8	9	0,27	0,46

Комитет по делам строительства жилищно-коммунального хозяйства Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан

(жалғасы)

Елді мекендер	MSK-64(K) шкаласы бойынша баллмен қарқындылығы		Жартасты топырақтар үшін топырақтың шыңдық үдеуі (g үлестерінде)	
	сейсмикалық аймақтандыру карталары бойынша			
	ЖСА-2_{475}	ЖСА-2_{2475}	ЖСА-1_{475} ($a_{gR(475)}$)	ЖСА-1_{2475} ($a_{gR(2475)}$)
1	2	3	4	5
Қайнар	7	8	0,125	0,24
Қарасу	8	9	0,31	0,63
Қаратау	7	8	0,11	0,19
Қасық	8	9	0,305	0,555
Қорағаты	7	8	0,11	0,18
Қордай	8	9	0,31	0,57
Қосапан	7	8	0,10	0,17
Қошқарата	8	9	0,24	0,43
Құлан	8	8	0,16	0,26
Қызылшаруа	8	8	0,13	0,20
Луговое	8	8	0,15	0,24
Майтөбе	8	8	0,19	0,30
Меркі	8	8	0,145	0,24
Мирный	6	7	0,050	0,093
Мойынқұм	6	7	0,049	0,076
Мыңарал	6	6	0,030	0,047
Нұрлыкент	8	9	0,30	0,495
Ойтал	8	8	0,15	0,25
Отар	8	8	0,17	0,32
Сарыбұлақ	8	8	0,13	0,29
Сарыкемер	8	8	0,15	0,24
Сығынды	8	9	0,17	0,38
Тамабек (Талас)	6	7	0,049	0,067
Тараз	8	8	0,18	0,30
Тәтті	7	8	0,095	0,16
Төле Би	7	8	0,083	0,16
Түймекент	7	8	0,11	0,18
Үлкенсұлуторы	8	9	0,31	0,51
Үмбет	7	7	0,052	0,087
Хантау	7	7	0,068	0,11
Шоқпар	7	8	0,11	0,205
Шу	7	8	0,085	0,16
Жетісу облысы [2]				
Айдарлы (Панфилов)	8	9	0,26	0,48
Айнабұлақ	8	9	0,17	0,36
Ақбалық	6	7	0,050	0,095
Ақжар (Алакөл)	8	9	0,18	0,36
Ақжар (Қаратал)	7	7	0,052	0,085
Ақсу	8	8	0,14	0,27
Ақши (Алакөл)	8	8	0,15	0,26
Алғабас (Көксу)	8	9	0,20	0,38
Алмалы	8	9	0,20	0,37
Алтынемел	8	9	0,27	0,48
Арасан	8	9	0,25	0,44

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан АО "Казгипрострой"

(жалғасы)

Елді мекендер	MSK-64(K) шкаласы бойынша баллмен қарқындылығы		Жартасты топырақтар үшін топырақтың шыңдық үдеуі (g үлестерінде)	
	сейсмикалық аймақтандыру карталары бойынша			
	ЖСА-2_{475}	ЖСА-2_{2475}	ЖСА-1_{475} ($a_{gR(475)}$)	ЖСА-1_{2475} ($a_{gR(2475)}$)
1	2	3	4	5
Арқарлы	7	8	0,11	0,21
Балпық Би	8	9	0,20	0,37
Баскүнші	9	9	0,36	0,63
Бескөл	8	8	0,14	0,25
Бұлақты (Алакөл)	8	8	0,13	0,25
Достық (Алакөл)	9	9	0,36	0,51
Екіаша	8	9	0,25	0,42
Жансүгіров	8	9	0,21	0,39
Жаңаталап (Қаратал)	7	8	0,11	0,25
Жаркент	8	9	0,35	0,59
Көкжар	8	9	0,19	0,38
Көкжиде (Сарқан)	7	8	0,065	0,13
Көксу (Кербұлақ)	9*	9*	0,38	0,62
Көксу (Көксу)	8	8	0,125	0,29
Көктал (Кербұлақ)	9*	9*	0,38	0,62
Көктал (Панфилов)	8	9	0,31	0,56
Көктума	8	8	0,16	0,295
Көпбірлік	6	7	0,043	0,070
Қабанбай	8	8	0,17	0,34
Қамысқала	7	8	0,075	0,16
Қапал	8	9	0,29	0,46
Қарабұлақ	8	9	0,28	0,45
Қараой (Қаратал)	7	8	0,11	0,26
Қарашоқы	8	9	0,22	0,40
Қаспан	8	9	0,26	0,44
Кеңжыра	8	9	0,18	0,36
Қоғалы	8	9	0,33	0,58
Қойлық	8	9	0,17	0,36
Қонырөлең	8	9	0,31	0,51
Қорғас	9	9	0,36	0,62
Қоянкөз	8	9	0,24	0,42
Қызылағаш	8	8	0,17	0,34
Лепсі (Алакөл)	8	9	0,21	0,41
Лепсі (Сарқан)	7	8	0,068	0,13
Матай	7	8	0,095	0,17
Молалы	7	8	0,11	0,26
Пиджим	8	9	0,32	0,63
Рудничный	9*	9*	0,37	0,62
Сапақ	8	9	0,18	0,36
Сарқан	8	9	0,21	0,39
Сарыбастау (Кербұлақ)	8	9	0,21	0,39
Сарыбел	9	9	0,4	0,62
Сарыөзек	8	9	0,205	0,39

Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан/Жарибаева Ж. А.
Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства

(жалғасы)

Елді мекендер	MSK-64(K) шкаласы бойынша баллмен қарқындылығы		Жартасты топырақтар үшін топырақтың шыңдық үдеуі (g үлестерінде)	
	сейсмикалық аймақтандыру карталары бойынша			
	ЖСА-2_{475}	ЖСА-2_{2475}	ЖСА-1_{475} ($a_{gR(475)}$)	ЖСА-1_{2475} ($a_{gR(2475)}$)
1	2	3	4	5
Талдықорған	8	9	0,21	0,39
Текелі	9	9	0,36	0,54
Үшарал	8	8	0,13	0,25
Үшбұлақ	8	9	0,18	0,36
Үштөбе	7	8	0,11	0,24
Черкасск	8	9	0,17	0,36
Шатырбай	8	9	0,20	0,38
Қарағанды облысы				
Балқаш	5	6	0,022	0,040
Приозерск	5	6	0,022	0,042
Сарышаған	5	6	0,019	0,037
Қызылорда облысы				
Жаңақорған	6	7	0,050	0,087
Келінтөбе	7	8	0,11	0,19
Кеңес	7	8	0,11	0,215
Қызылорда	6	7	0,025	0,051
Тереңөзек	6	6	0,024	0,044
Төменарық	6	7	0,045	0,078
Шалқия	6	7	0,050	0,088
Шиелі	6	7	0,041	0,072
Маңғыстау облысы				
Ақтау	6	6	0,025	0,042
Ақшұқыр	6	6	0,026	0,044
Баутино	6	7	0,033	0,058
Бейнеу	5	5	0,015	0,023
Жаңаөзен	6	7	0,040	0,071
Жармыш	6	7	0,035	0,068
Жетібай	6	7	0,032	0,067
Жыңғылды	6	7	0,034	0,059
Құрық	6	6	0,025	0,038
Қызан	5	5	0,015	0,023
Қызылөзен	6	7	0,033	0,061
Қызылсай	6	7	0,050	0,091
Маңғыстау (Мунайлы ауданы)	6	6	0,027	0,046
Мұнайшы	6	7	0,030	0,052
Өмірзақ	6	6	0,025	0,042
Промысел Каражанбас	5	6	0,020	0,032
Сайөтес	5	6	0,020	0,035
Сенек	6	7	0,050	0,091
Таушық	6	7	0,033	0,066
Теңге	6	7	0,039	0,065
Тиген	5	6	0,022	0,040

(жалғасы)

Елді мекендер	MSK-64(K) шкаласы бойынша баллмен қарқындылығы		Жартасты топырақтар үшін топырақтың шыңдық үдеуі (g үлестерінде)	
	сейсмикалық аймақтандыру карталары бойынша			
	ЖСА-2_{475}	ЖСА-2_{2475}	ЖСА-1_{475} ($a_{gR(475)}$)	ЖСА-1_{2475} ($a_{gR(2475)}$)
1	2	3	4	5
Тұщықұдық	5	6	0,021	0,038
Үштаған	6	7	0,050	0,095
Форт Шевченко	6	7	0,033	0,063
Шебір	5	6	0,020	0,035
Шетпе	6	7	0,035	0,067
Түркістан облысы				
Абай (Кентау)	7	8	0,074	0,13
Абай (Сарыағаш)	8	8	0,15	0,27
Абай (Созақ)	7	7	0,055	0,098
Ақбастау	7	8	0,11	0,20
Аккум	7	8	0,078	0,145
Ақсу	7	8	0,11	0,23
Арыс	7	7	0,065	0,11
Асықата	7	8	0,11	0,21
Атакент	7	8	0,11	0,21
Ащысай	7	7	0,080	0,11
Бабайқорған	7	7	0,065	0,12
Бадам	8	8	0,13	0,25
Байжансай	8	8	0,15	0,27
Байылдыр	6	7	0,05	0,086
Байырқұм	7	8	0,090	0,17
Бақырлы	7	7	0,055	0,10
Балтакөл	7	8	0,075	0,13
Бөген	6	7	0,046	0,075
Бірлік	7	8	0,10	0,19
Бірінші Мамыр	8	9	0,235	0,42
Дарбаза	8	8	0,18	0,30
Жаңабазар	8	9	0,23	0,40
Жамбас	7	8	0,095	0,17
Жетісай	7	8	0,11	0,21
Жылға	8	8	0,17	0,29
Келтемашат	8	8	0,17	0,28
Кентау	6	7	0,049	0,084
Көксарай	6	7	0,050	0,083
Көктерек	8	8	0,170	0,295
Қазығұрт	8	9	0,22	0,38
Қарамұрт	8	8	0,19	0,34
Қарнақ	6	7	0,049	0,084
Қасқасу	8	9	0,28	0,49
Ленгер	8	9	0,22	0,40
Маяқұм	6	7	0,049	0,079
Монтайтас	7	8	0,11	0,23
Мыңбұлақ	7	7	0,055	0,093

Министерство промышленности и строительства Республики Казахстан/Жарикбаева Б.А.

(жалғасы)

Елді мекендер	MSK-64(K) шкаласы бойынша баллмен қарқындылығы		Жартасты топырақтар үшін топырақтың шыңдық үдеуі (g үлестерінде)	
	сейсмикалық аймақтандыру карталары бойынша			
	ЖСА-2_{475}	ЖСА-2_{2475}	ЖСА-1_{475} ($a_{gR(475)}$)	ЖСА-1_{2475} ($a_{gR(2475)}$)
1	2	3	4	5
Мырзакент	7	8	0,11	0,21
Рабат	8	8	0,18	0,31
Сайрам	8	8	0,13	0,25
Сарыағаш	8	8	0,20	0,31
Састөбе	8	8	0,15	0,23
Сауран	7	8	0,075	0,14
Созақ	6	7	0,050	0,092
Сырдария	7	7	0,060	0,11
Табақбұлақ	7	8	0,090	0,17
Таукент	7	7	0,065	0,098
Теке	6	7	0,046	0,083
Темірлан	7	7	0,057	0,095
Тимур	6	7	0,045	0,074
Төрткөл	6	6	0,046	0,072
Тұрар Рысқұлов	8	9	0,29	0,465
Түлкібас	8	9	0,29	0,45
Түркістан	6	7	0,046	0,075
Хантағы	6	7	0,050	0,085
Шарапхана	8	9	0,21	0,36
Шардара	7	8	0,10	0,18
Шаян	7	7	0,073	0,11
Шәуілдір	6	7	0,046	0,074
Шолаққорған	7	7	0,051	0,096
Шорнақ	7	7	0,052	0,097
Ұлытау облысы				
Жезқазған	5	6	0,020	0,045
Сәтбаев	6	6	0,024	0,050
Шығыс Қазақстан облысы [2]				
Ақарал	8	9	0,20	0,36
Ақжар (Тарбағатай)	7	8	0,11	0,28
Аққала (Көкпекті)	7	8	0,093	0,175
Ақмектеп	7	8	0,11	0,25
Ақсуат (Күршім)	7	8	0,11	0,21
Ақши (Күршім)	7	8	0,11	0,205
Алтай (бұрынғы Зырянновск)	8	8	0,13	0,25
Алтай (Глубокое)	7	8	0,093	0,17
Асубұлақ	7	8	0,095	0,175
Балықтыбұлақ	8	9	0,23	0,39
Белогорский	7	8	0,097	0,18
Белоусовка	7	8	0,10	0,20
Берел	8	9*	0,23	0,41
Бобровка (Глубокое)	7	8	0,11	0,21
Бозанбай	7	8	0,063	0,125

(жалғасы)

Елді мекендер	MSK-64(K) шкаласы бойынша баллмен қарқындылығы		Жартасты топырақтар үшін топырақтың шындық үдеуі (g үлестерінде)	
	сейсмикалық аймақтандыру карталары бойынша			
	ЖСА-2_{475}	ЖСА-2_{2475}	ЖСА-1_{475} ($a_{gR(475)}$)	ЖСА-1_{2475} ($a_{gR(2475)}$)
1	2	3	4	5
Боран	7	8	0,11	0,22
Верхнеберезовский	7	8	0,080	0,15
Верхуба	7	8	0,088	0,17
Глубокое	7	8	0,088	0,16
Жана Бұқтырма	7	8	0,11	0,21
Жаңаталап	8	9	0,21	0,38
Жұмба (Көкпекті)	7	8	0,090	0,17
Зайсан	8	9	0,22	0,40
Зубовка	8	8	0,13	0,25
Қабанбай (Тарбағатай)	7	8	0,11	0,26
Қарабұлақ (Зайсан)	8	9	0,205	0,39
Қасым Қайсенов	7	8	0,086	0,17
Катонқарағай	8	9*	0,22	0,37
Қойтас (Күршім)	7	8	0,11	0,22
Көкжыра (Зайсан)	8	9	0,21	0,36
Кутиха	8	8	0,13	0,26
Құлынжон (Көкпекті)	7	8	0,095	0,18
Құндызды	8	8	0,14	0,26
Күршім	7	8	0,10	0,19
Кіші Оба	7	8	0,098	0,19
Майқапшағай	8	9	0,22	0,39
Малеевск	8	8	0,14	0,26
Маралды (Күршім)	7	8	0,11	0,25
Никольск	7	8	0,11	0,22
Новополяковка	8	8	0,155	0,28
Огневка	7	8	0,10	0,19
Октябрь	7	8	0,11	0,21
Өскемен	7	8	0,11	0,21
